

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

11/2012 ҚАРАША

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында	
Токболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ.	Түркі руна жазба поэзиясы мен философиясы.....3
Көкейкесті көзқарас	
Сәуле ДАУТОВА, Бейбіт ИСХАН.	Ақпараттық-коммуникациялық жаңа технологиялар және еліміздің ғылыми-әдіснамалық жаңа жүйесі.....18
Ұлжан МЫРЗАГЕЛДИЕВА.	Жаңа технологияны пайдалану жолдары.....24
Орал МӘМБЕТАЕВ.	Шығармашылық қабілетті қалай арттыруға болады?.....28
Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс	
Шолпан ҚҰДИЯРОВА.	Рай категориясы түрлерін оқытудағы модульдік сабақ.....32
Ақмарал КӘМЕНОВА.	Туынды сөздер.....37

Жүрсін ҚАМЫШЕВА.	Қалау рай.....	40
Айнұр ЖҰМАНБАЙҚЫЗЫ.	Тіл мәдениеті туралы түсінік.....	44
Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс		
Гүлнұр ӘЛДЕНОВА.	«Тұтқын бала» шығармасындағы Тұрар бейнесі.....	47
Сандуғаш АМАНТАЕВА.	Ыбырай - қысқа да нұсқа әңгіме шебері.....	52
Ботагөз ДОСҚАЗИЕВА.	Қадырдың «Кәрі қыран» өлеңі.....	59
Шолпан МОЛДАНҚЫЗЫ.	Оқушы білімін нығайту: тест.....	63
Гүлназ ӘЛПОВА.	Кейіпкерлер бейнесі.....	70
Зейнеп АХМЕТОВА.	Мағжанның «Батыр Баян» поэмасы.....	75
Айгүл САПАРҚЫЗЫ.	Қашағанның «Жақсылар, келдің жиналып» өлеңі.....	79
Оқулыққа қосымша		
Рақымжан ТҰРЫСБЕК.	Академик Рымғали Нұрғали мұрасы.....	85
Ерлан ҚАСЕНОВ.	«Жылқы» концептісінің лингвокогнитивтік мазмұны.....	93
Ғалия ШӘРІПЖАНОВА.	Рай категориясы.....	102
Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ.	Жазбаша айтыс.....	107
Ұлттық ұлағат		
Жанар ӨМІРЖАНОВА.	Қазақ әдебиетінің, дала мәдениетінің мәуелі бәйтерегі.....	112
Мемлекеттік тіл мәртебесі		
Рыскелді ЫРҒАЙТЫ.	Мемлекеттік тіл. Оны біл.....	119
Авторлық бағдарлама		
Елік ХАСИХАН.	«Жас тілші» таңдау курсы.....	124
Өнеге сағаты		
Рашида САЛАМАТОВА.	Қазақтың Жұбаны.....	128
Жас маманға жәрдем		
Дәметкен ЖАНБАЙҚЫЗЫ.	Міржақыптың «Оян, қазақ!» жинағы.....	132
Айжан ДУЛАТОВА.	Үндестік заңы. Буын үндестігі.....	135
Қарлығаш МҰСТАФИНА.	Шәкәрім шығармаларындағы мақал-мәтелдер.....	138
Құттығыз ЖӘНІБЕКОВА.	«Еңлік-Кебек» поэмасы.....	140

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.

Тоқболат ЕҢСЕГЕНҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор.

ТҮРКІ РУНА ЖАЗБА ПОЭЗИЯСЫ МЕН ФИЛОСОФИЯСЫ

(Бастапқы бөлігі өткен санда)

Енисей бойындағы Ұйық-Арқан мәдени ескерткішінің екі жақ бетіне де көптеген дала тағыларының суреттері салыныпты [9-сурет. Х.Оркун. Ескі түрік жазбалары. Анкара, 1994, 424-б.]. Ескерткіштің сол жақ қырында қаптай ілгері ұмтылған жыртқыш хайуанаттардың суреті бейнеленген. Тастың осы бетінің ең жоғарғы жағында бір жыртқыштың бір бұғыны жайратып тастағаны көрсетіліпті. Демек, жыртқыш қайткенмен де жауыздығын жасады.

Бұл жақпар тастың екінші бетіне бірнеше бұғының суреті салыныпты. Осындағы бұғы – жақсылықтың, момын, сұлулықтың бейнесі. Сол бұғыларға шабуыл жасаған жыртқыштың біреуін айқасқа түскен бұғы мүйізімен түйреп лақтырып аяғын аспаннан келтіреді (9-сурет). Екінші жыртқышқа да келесі бұғының мүйізі қадалуға тақау қалыпты. Жуас дала тағылары да қашқалақтамай қарсы тұрса, ерен қайратты екен. Тәңірге табыну нанымының негізгі ұстанымы ұзақ арпалыста әйтеуір әділет жеңіске жететінін таныту болып табылады.

Ірбек өзенінің жоғары жағынан табылған «Ұлы-Кем» деп аталатын жақпар тастың бетінде көне түркілердің екі бас таңбасы салынған. Сол тастың жоғары жағына орналасқан таңбаның ортасына тағы бір сызық кесе тартылған, бұл–

дүниенің төрт бұрышын мезгеу, яғни, әлемнің оңтүстік, солтүстік, шығыс, батыс жақтары. Тастың осы бетінде қос марал ештеңеден сескенбей, емін-еркін маңып барады [10-сурет. 432-б.]. Дәу жақпар тасқа қашап салынған таңба мен маралдар бейнесі көне түркілердің дәуірлеген Тәңірлік алтын заманын еске түсіреді.

Көк түріктердің руна жазба шығармалары қашап түсірілген тастардың бір жақ шетіне қоса салынған және арнайы үлкен тастарға ойып тұрып бейнелеген белгі, таңба, суреттер тізе берсек көп-ақ. Көне түркілердің руна жазба шығармалары мен таңба-бейнелерін арнайы тасқа түсіруі қағаздың барында немесе жоғында емес, маңызы зор құнды рухани мұраларды қабырға тасқа жазу олар үшін аса қажетті қалыптасқан дәстүр болды. Мұндай таңба-бейне өнерлері және алтындаған киімімен жерленген адамдардың қабірлері түркілердің ежелгі замандағы құтты қонысына айналған Енисей, Орхон өзендері өңірінде, Қазақстан, Алтай жерінде молынан кездеседі.

Сол көне мәдени мұралардың дәуірі жөнінде өз байламын білдірген бірсыпыра археолог, өлкетанушы және басқа сала мамандарының пікірлерінде логикалық ұғымдылық және нанымдылық жетіспей жатады. Мысалға, Б.Сейіл «Берел қорымы» деген мақаласында Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай ауданындағы Берел обасында жүргізілген археологиялық зерттеудің нәтижелері жөнінде баяндай келіп: «Обадан табылған заттардың ішінде жыртқыш және шөп қоректі жануарлар бейнесін бұрын Алтайдың ежелгі көшпенділер мәдениетінің орта (б.з.д.V ғ.) және соңғы (б.з.д.IV ғ.) кезеңіне тән екенін аңғарттық» деп жазса [Қазақ батырлары // №12, 2004], «Ақжол Қазақстан» газетінде Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданы төңірегіндегі Шілікті қорғанынан табылған «Алтын адам» жөнінде: «Сақ патшасының заттары құйма алтыннан жасалған.

Оларға асыл тастан көз салған. Киімі сом алтынға аса бай. Сондай-ақ мұның сақ патшасы екені де айқындалды. Алтыннан құйылған жануарлар көздерін, танауларын, құлақтарын ақық таспен көмкеріпті» деп баяндалған [№41. 10.10.03, 8-9-б.]. Сондай-ақ Есік қаласы маңындағы обадан табылған алтынданған киімді адамды «V-IV ғасырлардағы сақ көсемінің бейіті» деп көрсеткен [Егемен Қазақстан // 14-маусым, 2002]. Сонда сақ дәуірінен қалған аса құнды мұралардың бәрі бір ғасыр ішінде жасалғаны ма? Екіншіден, осы «Алтын адамдардың» қайсысы сақ патшасы, қайсысы сақ көсемі, қайсысы сақ батыры, қайсысы сақ жауынгері?


Тарихи деректер мен зерттеуден туған тұжырымдарға сүйене отырып, б.д.д. VIII-VII ғасырлар аралығында көшпенді скиф-сақтардың Алдыңғы Азияға билік жүргізуі, олардың мәдениеті де өрістеп, дәуірлеген тұсы болғанын бұрын талдап айтылды [Т.Еңсегенұлы. Қазақ әдебиеті тарихының арғы арналары. А., «Білім», 2001, 104-б.]. Демек, бабалар жасаған құнды мәдени жетістіктер – бірнеше ғасырлардың жинақталған мәдени мұрасы. Үшіншіден, Шіліктің «Алтын адамы» сақ патшасы екенін қалай дәлелдейміз? Сол қорғандардан табылған «Алтын адам» үстіне жапсырылған алтын бұйымдар мен хайуанаттар бейнесін бабаларымыз ермек үшін жасамаған шығар. Әрбір таңба-бейне күрделі мәселені көтеріп тұрғаны жөнінде жоғарыда дәлелденіп айтылды.

Осы келелі саланың ішкі, сыртқы бітім-болмысын шынайылықпен тұтастай ашқысы келген адам көк түріктердің Тәңірлік табыну дәстүрін, дінін, Тәңірлік философиясының тұңғық тұжырымдарын білуі керек. Егер оны игермесе көне түркі таңба-бейнелері мен рәміз-суреттері де, тастағы түркілердің руна жазба шығармалары да жұмбақ құпиясын айтып сөйлемейді. Бабалар қалдырған аса қымбат рухани мұра көне түркілердің жақпар тастарға

қашап түсірген таңба-бейне өнері арнайы біліктілікпен зерттеуді тілеп тұр. Тез кіріспесе жоғалып кетуі анық.

Көне түркі руна жазба шығармалары мен руна жазуы XVII ғасырдың ортасында-ақ әлем шығыстанушы ғалымдары мен саяхатшыларының, ірі мемлекет басшылары мен қызметшілерінің назарын шұғыл аудартты. Оған әр түрлі себептер қозғау болды. Солардың негізгілерін атасақ, ең бастысы, көне түркі руна жазба шығармаларының Орта Азия, Қазақстан, Алтай, Шығыс Түркістан, Түрпан аймағы мен Енисей, Орхон, Онгин, Талас, Іле өзендерінің өңірлерінен және Моңғолияның бірсыпыра өлкелерінен, Венгрия, тағы басқа жерлерден табылуы, яғни, тасқа және қағазға жазылған көне түркі шығармаларының әлемнің көптеген елдерінің төңірегінде көне мәдени мұра есебінде бой көрсетуі әрі сол жазба шығармаларының сан жағынан да көптігі жаһанның өркениетті елдерінің қызығушылығын туғызды. Мәселен, 1799 жылы Венгрияның «Қасиетті Николай» елді мекені төңірегінде руна жазуы бар бірнеше алтынданған ыдыстар табылды. Кейінірек сол қымбат бұйымдардағы жазуды шығыстанушы Ю.Немет оқып, көне түркі руна жазбасы екенін мәлімдеді. Сосын, самсаған дәуістастар беттеріне тұтастай ойып жазылған шығармаларды оқып, қай халықтың рухани мұрасы екенін білу аса қиындық туғызып, істі анықтау ұзаққа созылуынан әр ел ғалымдарының «өз халқының көне жазба ескерткіші болар» деген үмітін оятып, осы жазбаларды зерттеуге, танып білуге олардың құлшынысын арттырды.

Көне түркілердің төл жазуына «руна» сөзінің енгізілуі шетел ғалымдарының «күпия жазу» деген ұйғарымынан барып туындап, бірден-бірге солай айтыла қалыптасып, ақырында «Көне түркі руна жазуы» деген халықаралық ғылыми термин болып аталынды. Көне түркі ойма жазуы скандинавтықтардың ежелгі руна жазуына сырттай

ұқсастықтары бар. Мысалға, α әріп таңбасы көне түркі жазба таңбасында мынадай - ; Хазар руна жазба таңбасында мынадай - \succ ; Венгер руна жазба таңбасында мынадай - \sphericalangle болып белгіленді. «Руна» сөзі көне скандинавияша чип, чипа – «күпия» деген мағынаны танытады. Осы жазуды алғаш көне Герман тайпалары қолданған деген болжам айтылады. Руна жазуы скандинавтықтарда, мадиярларда, ежелгі славян халықтарында болған деген пікір де бар [Қазақ совет энциклопедиясы. 9-том. А., 1971, 585-б.]. Скандинавия әдебиеті – дат, исланд, норвег, швед тілдеріндегі әдебиет. Руна жазуы, скандинавия эпостары солардың бәріне ортақ мұра болып есептелінеді. Соған орай көне түркілердің тастағы жазба шығармаларын оқып тануға елінде руна жазуы бұрын болған шетел ғалымдары белсене араласты. Соның нәтижесінде көне түркі жазба ескерткіштері жөнінде 1662 жылы алғаш рет хабар берген Амстердам қаласының бургомистрі Н.Витзен болатын.

Одан да өзге дәлел келтірсек, орыс армиясының қолына түсіп 13 жыл айдауда болып, Сібірді түгел аралаған швед офицері Ф.И.Тebbерт-Страленберг 1730 жылы Стогколм қаласында неміс тілінде басылып шыққан «Еуропа мен Азияның солтүстік және шығыс бөлімдері» деген еңбегінде Енисей, Алтай жазба ескерткіштері жайлы бірталай нақты мәліметтер жариялайды. 1721-1722 жылдары Сібір өлкесін аралаған саяхатшы Д.Е.Миссер-Шмидтің күнделік жазбаларында да көне түркі мәдени ескерткіштері жайлы көңіл аударарлықтай деректер жинақталған. 1890 жылы А.Гейкель бастаған Фин археологтары Орхон жазбаларын зерттеді.

Россия зиялыларына көне түркі руна жазба ескерткіштері І Петр (1682-1725) тұсында белгілі болып, назар аударыла бастады. Содан болар, 1695 жылы Тобыл қаласының бояры С.Ремезев «Сібір қалаларының шөл далалары мен таулы

жерлерінің сызбасы» атты еңбегінде Талас өзені бойындағы «Орхон тасы» деген мәлімет жариялаған. Сол дерек Әулиеата (Тараз) уезінің бастығы В.А.Каллаурдың 1898 жылы Талас жазба тастары жайлы хабарлаған мәліметтерімен сарындас. Алайда I Петр кезінде Ресейден келген саяхатшылар Қазақстан мен Сібір жерлерінен қыруар алтын бұйымдарды алып кеткен. Олардың біразы эрмижада сақтаулы [Түркістан халықаралық энциклопедиясы. А., 2000, 69-б.].

Солай десек те, «Өз халқының көне мәдениеті шығар» деп ойлаған бірсыпыра шетел ғалымдары көне түркі руна жазба шығармаларын ұқыптылықпен зерттеуінің нәтижесінде олар бұрын-соңды болмаған үлкен ғылыми жаңалық ашты. Солардың бірегейі Даниядағы Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсен болатын. Бұл ғалым Орхон бойындағы жазба ескерткішті зерттеу барысында тасқа жазылған «Тәңірі», «түрік» деген сөздерді оқып, осы кезге дейін құпиясын ішіне бүккен тастағы жазу түркі мұрасы екенін дәлелдеп, 1893 жылы 25 қарашада зор ғылыми жетістігімен әлем жұртшылығын дүр сілкіндірді.

Мұндай көлемі үлкен, мазмұнға бай Орхон жазба шығармалары бұрын мәдениетке жетпеген, варвар санап жүрген көне түркі халқының мұрасы екені ғылыми тұрғыда айқындалғанда бірсыпыра шетел шығыстанушылары ондай тұжырымға күдіктене қарап, көне түркі руна жазуы өзге өркениетті халықтардың жазба мәдениеті үлгісінде жасалған деген болжам қалыптастырып, көне түркі руна алфавитін бірнеше елдердің сондай жазуына ұқсатумен болды. Мәселен, академик Ю.Клапрот «Түркі руна жазуының төркіні грек алфавитімен туыстас» деп өзінше жаңалық ашқан болды.

Екінші бір топ ғалымдар: Н.Аристов, А.Дж. Эмре, И.Батмановтар «Көне түркі жазуына өзге елдердің әріптік жазуының ешқандай қатысы жоқ, бұл алфавит түркі таңбаларының әсерімен, соған ұқсаған көне түркілердің төл мұрасы» деген тұжырым білдірді. Көне түркі руна жазба шығармаларын жинап, аударуға қатысқан профессор С.Е.Малов Енисей жазбалары қырғыз халқының көне мұрасы екенін білдірді. Түркітанушылар И.Батманов пен К.Юдахин оның пікіріне толық қосылмады.

Көне түркі руна жазуы және көне түркі руна жазба шығармалары жөнінде осындай талас пікір әлі жалғасып келеді. Көне түркі руна жазбаларын тілдік тұрғыда зерттеп жүрген профессор Алтай Аманжолов «Расын айтқанда, жалпы алғашқы алфавиттің шығу тегі мәселесі, сондай-ақ көне түркі руникалық таңбаларының пайда болуы жөніндегі жұмбақ күні бүгінге дейін толық шешуін таппаған» деп мәлімдейді [Түркі филологиясы және жазу тарихы. А., «Санат», 1996, 65-б.]. Танымал ғалым А.Бахти шумер, скиф және қазақ халқының көне мәдениеті және шумер сына жазуы мен көне түркі және қазақ таңба, белгілері арасындағы ұқсастықты салыстыра көрсете келіп: «Наука пока не установила ни подлинного возраста тюркского рунического письма, ни его непосредственного источника» деген тоқтамға келеді [Шумеры, скифы, казахи. А., «Кочевники», 2002, 29-б.]. А.Аманжолов пен А.Бахтидің осы саланы зерттеуде түпкі тұжырымдарын білдірмесе де, ілгері ұмтылыс жасағаны — ғылымға қозғау салғандықтың нышаны.

Көне түркі руна жазуының туып қалыптасуын, дәуірін білмей, сол руна алфавитімен бірнеше ғасырлар бойы жазылған аса құнды шығармаларға талдау жасап, ғылыми тұрғыда баға беру мүмкін емес. Ондай зерттеу жұмысы келте біткен іс болады. Бір ғана дәлел—көне түркі руна

жазба шығармаларының айқын танылатын, өзге ел жазба мұраларына ұқсамайтын айырықша ерекшелігі барын тағы еске салу қажет-ақ, өйткені руна алфавитінің өзіндік құпиясы, өзіндік атқарып тұрған мағынасы бар. Кез келген озық жетістік оқшау тұрып өзінше дамымайды. Сондықтан көне түркі руна жазуының туып дамуының түп-төркінін табу үшін әуелі шығыстағы іргесі ертеден қалыптасқан елдердің жазба мәдениеті мен көне түркі руна алфавиті арасындағы сабақтастықты білуде тарихи-типологиялық әдіспен зерттеу қажет. Оған қоса көне түркі руна жазуы түркі және қазақ халқының таңба, белгілері әсерімен жасалғанын немесе ықпалы болмағанын білу ниетінде оларды бір-бірімен салыстырып зерттеу құнды мәселенің бірі саналады.

Көне замандағы өзге елдердің әріптік жазуы мен көне түркі руна алфавиті және көне түркі таңба, белгілерін бір-бірімен салыстырып сырын ашқанда бұл саланы зерттейтін семиотека тәсілін пайдаланған тиімді. Бұл термин көне грек тілінде «белгі», «таңба» деген мағынаны білдіреді, семиотека – жалпы таңбалар жүйесін саралайтын ғылым саласы. Таңбаларды тіл білімі тұрғысынан зерттеуде семиотека іштей үш құрамға бөлінеді. Сонда ғана таңба, белгілердің жұмбақ құпиясы жіктеліп, талданып көрсетіледі. Бұл зерттеуге семиотеканың екінші құрамы сәйкес келеді. Онда таңбалар жүйесін, содан айқындалған сөйлем, сөздің логикалық мәнін, мағынасын танытып, байқалған таңбалар өрнегіне түсініктеме береді.



Осы ережеге сүйене отырып, көне түркі руна жазуының шумер сына жазба белгілерімен және түркі ру, тайпалары таңбаларымен сабақтастығы салыстырылып, зерттелініп, монографияда жарияланды [Т.Еңсегенұлы. Көне түркі руна жазба поэзиясы (монография). А., «Білім», 2007, 39-49-б.]. Жоғарыда есімі аталған Еуропа ғалымдары кейбірінің «Көне

түркі руна жазуы дамыған елдердің алфавитінің ықпалында жасалған» деген болжамы жете зерттемей айтылған сөз екені дәлелденді. Көне түркі руна жазуы көне түркі және қазақ халқы тайпаларының белгі, таңбалары негізінде жасалынды. Заман ағымына орай кейін пайда болған түркі руна, тайпаларының бірнешеуі көне түркі руна жазуының кейбірін өздеріне ру таңбасы ретінде пайдаланды. Бұл көне түркі руна жазуы ежелден жасалынып, қалыптасып, халық арасына кең тарағанын байқатады.

Көне түркі руна жазуының туып, қалыптасқан дәуірі жөнінде де осы кезге дейін жинақталған орынды тұжырым жасалынбады. Бұл іс жайлы қазір ой білдіріп, зерттеу жасап жүргендер онша байқалмайды, себебі ХІХ ғасырдың аяғында біраз аймақтардағы самсаған тастарға ойып түсірілген көлемді руна жазулары көне түркі мұрасы екенін білгеннен кейін Еуропа шығыстанушылары бұл жазбаларды әрі қарай зерттеуге онша ықылас білдірмеді. Ертректе, көне түркі руна жазба ескерткіштерін оқу кілті табылған тұста Еуропа шығыстанушылары Э.Добльхофер, В.А.Истрин және басқалар «Руна жазуы – өте ескі жазу түрлері. Бұл жазуды ең алғаш көне Герман тайпалары қолданған, сосын скандинавтықтар да пайдаланған, әрі қарай славяндықтарға тараған» деген жорамал жасады. Олардың ұйғарымынша, руна жазуының туып, қалыптасуы Батыс Еуропа жақтан басталған болып шығады, бірақ осы руна жазуының пайда болған дәуір, кезеңі жөнінде олар тұжырымды ештеңе айтпады.

Еуропа шығыстанушыларының өзгелері бұл мәселе жөнінде үндемей қалғаны: алғашқы жазба мәдениеті шығыста пайда болғанын олар жақсы біледі. Соған сәйкес, біріншіден, Шумер мен қытайлықтардың пиктографиялық, яғни, сурет жазуы және идеографиялық, ұғымды білдіретін

әріптері көне түркі руна жазуымен тамырлас. Өйткені көне түркілер ежелден мекендеген Орта Азия мен Қазақстан жеріндегі жазудың алғашқы түрлері пиктография және идеографиялық жазу екеніне көне түркі руна жазуы мен таңба, белгілерді салыстырып талдағанда айқын көз жеткізілді.

Екіншіден, Шығыстағы шумер, қытай, жапондар көне түркілер сияқты бағзы заманда көкке табынды. Бұл пікірімізді Ч.Өмүралыуулуның «Оңтүстіктегі зор қоңсымыз қытайлар Көк Тәңірге табынған. Қытайлар Көкті «Тхян» дейді. Жапондар «Тэн» дейді. Қытай тілінде «Р» дыбысы жұмсарып, жоғалып айтылады. Қалай айтқанда да, «Тәңір» деген сөзбен кіндіктес» деп жазғаны нақтылай түседі [Теңірчилик. Бішкек, «Крон», 1994, 30-б.]. Бірақ, қытайлар жалғыз Тәңірге емес, аспанға табынғанын еске саламыз. Біз көне түркілердің бас таңбасы жайлы мәлімдедік, көрсеттік, шумерлердің бас белгісі «Диңгир» – «Шоқ жұлдыз» – «» екенін ретті тұста білдірдік. Көне қытайлардың бас белгісі «» – «гүлденген бұтақ». Бұл «Түп бабадан (бас құдайдан) тараған ұрпақпыз» деген мағына береді.

Үшіншіден, шығыстағы шумер, қытай және көне түркі жазбаларының туып, қалыптасу дәуірі де уақыт жағынан онша алшақ емес. Әуелі шумер жазуының дүниеге келу кезеңін қысқа ғана мәлімдесек, осы ел мәдениетін арнайы зерттеген А.Бахти уақыттың сол кездегі практикалық талабына орай шумерлердің сына жазуы б.з.б. 2000 жылдар шамасында пайда болғанын мәлімдейді [Аталмыш кітап, 45-б.], бірақ ол бұл жазу пиктографиялық немесе идеографиялық жазудың қайсысына жататынын ашып айтпайды.

Ал қытай жазба мәдениетінің дәуірі жөнінде Ф.С.Быков «Көне қытай наным мен мәдениеті туралы Инь (б.з.д XVI-XI ғ.) және батыстағы Чжоу (б.з.д. XI-VIII ғ.) дәуіріндегі

материалдарға сүйеніп айқын айтуға болады. Бұл орайда иньдердің тасбақа қалқанына, малдың сүйегіне түсірген «ойлан, тап» жазбалары және металлға түсірген Чжоу жазбалары айырықша маңызды» деп тұжырымдайды [Зарождение общественно-политической и философской мысли в Китае. М., «Наука», 1960, 31-б.].

Бұл ғалым да Қытайдың сол аталған кезеңдердегі қолданған жазуы сурет жазу ма әлде бір ұғымды білдіретін таңба жазу ма, қайсысы екенін жобалап та білдірмейді. Түйіндей білдірсек, шумерлер жазуы көне түркілер мекендеген Хорезм жазба мәдениетімен (б.з.б. VIII ғ.) қатарласа шыққанын бұрынғы жазған еңбекте талдап тұжырымдадық [Қазақ әдебиет тарихының арғы арналары. А., «Білім», 2001]. Ал қытай жазуы шумерлер жазуының ізін ала көріне бастады. Қытайда бірінші шумерлерде қалыптасқан иероглиф жазуы әлі сақталып келеді, көшірмесі емес, өздерінше жасалған.

Көне түркі жазуының әлемде алғашқылардың қатарында қалыптасқандығына тағы да дәлел келтіріп нақтылай түссек, танымал ғалым Ә.Бекділдаұлының «Дала пайғамбары Зороатуштра шамамен б.д.д. үш мыңжылдықтың басында өмір сүрген. Ол сақ тайпалары біріккен кезеңде даналығымен танылып, дала мәдениетін жаңа сатыға көтерді. Ойшылдардың жасампаздық жұмыстарының нәтижесінде жазу өнері дүниеге келді. Мұндай өркениетті халық далалықтардан шыққан кенгір тайпасы еді» деп жазғаны [Зороатуштра // Қазақ батырлары, №1,1998] бұл мәселе туралы біздің бұрыннан көз жеткізе айтқан «Орта Азияда жасалған алғашқы жазу мәдениеті көшпенділер арқылы жан-жаққа тарайды» деп қорытқан тұжырымымызбен сәйкестік табады.

Бағзы заманғы бабаларымыздың сондай өркениетке бастаған озық істері дүниедегі көптеген елдерге тарап,

тұрмыс тірлігіне еніп, рухани мұрасына айналғанын Әлкей Марғұланның «Ғұндар туралы әдемі хикаялар, әсіресе, Скандинавия жырларында, германның ескі эпостарында (Нибулин) кездеседі. Ғұндардың жарқын бейнесі Скандинавияның «Ұлы Эдда», «Кіші Эдда» сияқты дүниежүзілік әдебиетінің сюжеті болып табылған» деп жазғаны пікірімізді бұрынғыдан да нақтылай түседі [Ойсылқара // Жұлдыз, №4, 1984, 178-б.].

Бұл келтірген деректер мен тұжырымдар көне түркі мәдениеті Скандинавия мен Германия жеріне де кең тарап, олардың руна өміршең шығармаларының туындауына ықпал жасағаны аңғарылады. Сонымен, көне түркі руна жазуы — бабаларымыздың көшпелілер мәдениетін, өркениетін жаңа сатыға көтеруінің әсерімен, олардың өмірге бекем енгізіп, пайдаланылған ру, тайпа таңба белгілерінің негізінде тым ерте дәуірде қалыптасып, толысып, өріс тапқан төл жазуы.



9-сурет. Ұйық-Арқан жазба ескерткіші.



10-сурет. Ірбік өзені жағасының жоғары жағында орналасқан Ұлы-Кем тасы кенеріндегі бейне-сурет.

Көне түркі руна жазуының туып, қалыптасып, өркендеуін шамамен үш кезеңге бөліп топтауға негіз бар. Біріншісі, сақ тайпалары бірігіп дәуірлеген, Тәңірге табыну діні қалыптасқан (б.з.б. VIII-VII ғ.) замандағы түркі руна жазуы. Екіншісі, шамамен б.з.б. VI-III ғасырлардағы Ғұн руна жазуы. Үшіншісі, қағандық дәуірдегі түркі руна жазуы (б.з. VI-IX ғ.). Әрине, көне түркі руна жазуының түп-төркіні б.з.б. VIII-VII ғасырлар аралығында жасалған деп кесіп тастауға бола қоймас, мүмкін одан да бұрын шығар. Біз ең беріден санап айттық.

Көне түркі руна жазуы, философиясы, таңба, белгі, суреттері арасындағы ортақ үйлесімділіктің жұмбақ құпиясын айқындап беріп, бұл мәселелерді әрі қарай тиянақты зерттеуде нақты бағыт сілтеуді қажет ететін зәру мәселелер әлі көп. Мысалға, көне түркі руна жазбаларын зерттеудің өзіндік елеулі ерекшеліктерін білмегендіктен әр елдің саяхатшы, археологтары түркілердің руна жазба шығармалары мен таңба, белгілер төңірегінде ойына келгенді жасауды жалғастырып, бабалар сан ғасырлар бойы жақпар тастарға ойып түсірген жазба мұраларды бүлдіріп, қиратып, опат қыла жаздады.

Бұған көңілі ояу адамға аян нақты деректерді келтірейік. Дәу тасқа қашап түсірілген түркі жазба мәдени ескерткіштеріне археологиялық жұмыс жүргізу, түркілердің Тоныкөк, Күлтегін, Білге қаған, Күлі-Чүр сияқты атақты батыр, қолбасшы, даналарына арналған мәдени ескерткіштердің астын қазу, олардың қабірін іздеп өзге жазба ескерткіштерді бүлдіру сияқты әрекеттер Еуропа шығыстанушылары тарапынан бір жарым ғасырдан бері жалғасып келеді.

Бабалардан қалған аса құнды мәдени ескерткіштердің бірталайы жойылып, орынында үйілген топырақ қалды.

Бірсыпыра мәдени мұралар тонауға түсті. Бір ғана Орхон жазбасы жөнінде түркітанушы ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы «В.В.Радлов Ресейдің Алтай жерінен сегіз нысанды қазды. Оны «қабір» деп таныды. 1911 жылы А.В.Адрионов Шығыс Қазақстанның Қарақаба деген жерінен үш шарбақ тас қазып, оны да «қабір» деді. Кошо-Цайдам кешенін қазған О.Гейкель 1891 жылы қысқаша есебін жариялады. Ал В.В.Радлов Кошо-Цайдамдағы бір шарбақтас тұрған орын мен Күлтегін, Білге қаған кешендері орналасқан үйіндіні қазып, қабір орынын іздейді. Алайда қабір табылмайды» деп қынжыла баяндайды [Тасқа түскен тарихтың тарқатылмаған түйіні көп // Қазақ әдебиеті, 14-қараша, 2003].

Одан кейін де көне түркі мәдени ескерткіштеріне археологиялық жұмыстар жүргізу жалғаса берді. Әсіресе, есімі әлемге әйгілі қолбасшы, даналардың жазба ескерткіштерін, сол маңдағы әр түрлі мәдени жәдігерлерді, тас шарбақтарды қазу, құлату, сындыру үдей түсті. Әсіресе, Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған және басқатұлғалардың қабірін табу үшін оларға арналған мәдени жазба ескерткіштерді қазу халықаралық дәрежеде жүргізілді. 1957-1958 жылдары Моңғол-Чех біріккен экспедициясы осы ескерткіштердің астын қазумен арнайы айналысты. Атап айтсақ, олар 1957 жылы Күлтегін ескерткішінің астына қазба жұмыстарын жүргізді, бірақ қабір табылмады. Одан кейін 2001 жылы Түркия экспедициясы Білге қаған ескерткішінің астын қазады. Бұлар да адам қабірін кездестірмеген. В.В.Радлов 1892-1899 жылдар аралығында Орхон экспедициясын басқарып барғанда қазба жұмыстарын қалай жүргізгенін ешкім білмейді, айтылған да емес.

Мұндай аса құнды жазба ескерткіштерді қазып, солардың астынан қағандардың мүрдесін іздеп, қымбат рухани мұраларды бүлдірудің себебі неде? Ондай әрекетке бару көне түркілердің ежелден қалыптасқан мәдениетін, дәстүр-салтын, нанымын, дінін, тарихын, жазуын білмегендіктің салдарынан туындаған.

Маңызды тұжырымдарды жинақтап айтсақ, біріншіден, түркілердің дәстүрі мен табынған дінінің қағидалары және түркілік рух, намыс көне түркі руна жазба шығармаларына, тастағы түркі таңба, белгі, суреттеріне басты өзек болып тартылған, соған орай, өзара бекем үйлесімділік тауып тұр. Бұл түркі наным, дәстүрінің құнды, маңызды екенін танытады.

Екіншіден, көне түркі руна жазба шығармаларының және белгі, таңбаларының кең ұғымды білдіретіні көне түркілердің дүниетанымының биіктігіне байланысты. Тастағы шығармаларға өзек болған түркілердің наным, дәстүрінен терең философиялық тұжырымдар туындауы – бабалар табиғатқа табынып, жаратылыс заңдылықтарын түсініп отырып, соған сәйкестендіріліп, өздерінің дінін, дәстүрін қалыптастырды. Табиғат заңы өзгермейтін мәңгілік болса, содан өрістеген көне түркі философиясы да, руна жазба поэзиясы да – тозбайтын рухани мұра. Үшіншіден, көне түркі руна жазуы шығыстағы мәдениеті ежелден қалыптасқан Шумер және Қытайлардың жазба әрпімен сабақтастықта, бір-біріне ықпал етуі арқылы жасалынды.

Сәуле ДАУТОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Әдебиеттану және тіл білімі
ғылыми-зерттеу институтының
директоры, ф.ғ.д.
Бейбіт ИСХАН,
доцент, ф.ғ.к.

АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ЕЛІМІЗДІҢ ҒЫЛЫМИ- ӘДІСНАМАЛЫҚ ЖАҢА ЖҮЙЕСІ

Ғылыми-технология мен ақпараттық-коммуникация, электронды техника орасан зор қарқынмен дамыған қазіргі заманда әлемдік озық технологияларды өзінің экономикалық өсіп-өркендеуіне, қоғамдық-әлеуметтік жағдайының жақсаруына тиімді іске жарату кез келген мемлекеттің дамуында негізгі қозғаушы күш болып табылады.

Алдыңғы қатарлы дамыған елдердің білім беру жүйесі озық технологияларға, электронды құрылғыларға негізделген. Сол себептен олар әлеуметтік-экономикалық зор табыстарға жетіп отыр. Осы бағыттағы жетістіктерге иелік етіп отырған дамыған елдердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы әлемдік бәсекеде көш басында тұр.

Өскелең ұрпаққа сапалы білім беру оқулық, оқу құралына, мұғалімге және оның әдістемесіне келіп тіреледі. Жаңғырған әлем мен қоғам қажеттілігіне байланысты қазіргі уақытта еліміздің білім ошақтарындағы оқу-әдістемелік жұмыста толғантатын мәселе көп. Сан алуан мамандар

мен түрлі кәсіпкерлерінің білім сапасы, біліктілік деңгейі, кәсіби шеберлігі жөнінде ерекше көңіл бөлуді қажет ететін маңызды мәселелер пайда болды. Мұны туындатып отырған қазіргі заман елдерінің әлемдік жаһандану үдерісі мен еліміздің қазіргі саяси-идеялогиялық ұстанымы, нарықтық-демократиялық даму бағыты, ішкі және сыртқы саясаты екені анық.

Алдағы уақытта еліміздің білім жүйесіне толықтай енуі қажет болып отырған жаңашылдыққа негізделген білім беру үдерістерін жетілдірудің оқу-әдістемесіне келетін болсақ, қазіргі уақытта еліміз бойынша оның іс-әрекеттері мен құрылымдары біршама анықталып қалды. Осы бағытта атқарылған жұмыстардың бірқатары тәжірибеден өтіп, өскелең ұрпақты кәсіби қалыптастырудың келешек даму жолдары ретінде айқындалуда.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында (А., 2000) «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау. Еңбек нарығында бәсекелесуге қабілетті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру» делінген. Бұдан біз инновациялық білім беру жүйесі арқылы зияткерлік ой-өрісі дамыған жас ұрпақ тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру заман ағымына ілесу үшін қажет болып отырғанын байқаймыз. Сол себептен Елбасы еліміздің білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде білім беру жүйесі қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру бүгінгі өмір талабы екенін сөз ете отырып, «Жаңа формацияға жаңа педагог қажет» [«Егемен Қазақстан», 13 қазан, 2004] деп атап көрсеткен болатын.

Жаңа қоғамдық қатынастың (формацияның) «жаңа

педагогын» қалыптастыру үшін педагогикалық жаңа технологияларды біліктілікті арттыруда кеңінен пайдаланатырып білім беру жүйесі қызметкерлерінің ғылыми-әдістемелік бағыттағы жұмыстарын жетілдіру қажет. Бұл келелі мәселені Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов та атап көрсетті. Ол республикалық «Ана тілі» газетінің 2012 жылғы 26 сәуірінде жарияланған «Мұғалім мәртебесін көтеру – мемлекеттік іс, ал оған атсалысу – бәріміздің міндетіміз» деген маңызды да мазмұнды сұхбатында еліміз тәуелсіздік алған алғашқы күннен бастап білім беруді дамыту, адам капиталын жетілдіру бұлжымас басым бағыт болғанын, ол үшін нақты шешім қабылдай алатын және оны жүзеге асыруға қабілет-қарымы жететін, қазіргі заманғы біліммен қаруланған мамандар қажет екенін айта отырып, өз сөзіне Елбасының Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауынан осы мәселеге қатысты мынадай дәйексөз келтіреді: «...педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арқаулық педагогтік білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жобалар оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет. Әр өңірде педагогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс».

«Білім беруді дамытудың 2020 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламасы» – осынау стратегиялық бағытты жүзеге асырудың нақты көрінісі. Еліміздің Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов мырзаның сөзімен айтсақ: «Ол біздің білім беру жүйесінің жұмысын түбірімен өзгертуге тиіс. Міне, сондықтан да соңғы екі жылдан бері педагогтардың дәрежесін айқындау білім берудің сапасын арттыратыны анықтала түсуде. Сөйтіп мұның өзі қазіргі кезеңдегі ең түйінді мәселеге айналды. Біз Елбасымыздың осынау көрегендік нұсқауын басшылыққа алып, іс-қимылымызды бұрынғыдан да батыл жүргізіп, ізденістерге

бойлай білуіміз қажет. Сонда ғана педагогтардың сапасы мен беделін қазіргі заманға сай арттыра алатынымыз анық. Өз басым, шынайы көзқарасымды ашып айтсам, педагог, мұғалім дегеніміз бүкіл білім беру жүйесіндегі ең негізгі, ең басты тұлға болып табылады деп білемін. Өйткені мектептерде, кәсіптік-техникалық білім беру орындарында, жоғары оқу орындарында жастарға сапалы білім, саналы тәрбие дарытатын тұлға мұғалімдер мен педагогтар екені даусыз».

Бұл мәселе елімізде 10 жыл бойы қолданыста болып, айтарлықтай өз нәтижесін берген «Қазақстан Республикасында білім берудің 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» (А., «Білім», 2005) «...экономиканың барлық салалары үшін жоғары білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаудың сапасын арттыру...» және «...кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті әрі кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатын болады...» деп көрсетілген болатын.

Өскелең ұрпаққа қазіргі қоғам талабына сәйкес сапалы білім беру, оларды әлемдік бәсекеге қабілетті етіп оқытып даярлау, жас ұрпақ бойына отаншылдық сана-сезімді терең қалыптастыра отырып тәрбиелеу мәселесі педагогика ғылымы саласында жаңа әдіснамалық негіздегі іс-әрекеттердің көп болуын талап етеді. Кеңестік дәуірден келе жатқан дәстүрлі оқытудың мазмұны мен әдіс-тәсілдері мұндай нәтижеге жетуге толықтай кепілдік бермейтінін күнделікті іс-тәжірибе аңғарта бастады. Оның бірден-бір шешімі – отандық жалпы орта және кәсіби білім беретін білім ордаларының оқу үдерісіне оқу-әдістемелік, педагогика-

психологиялық, ақпараттық-коммуникациялық, т.б. жаңа технологияларды батыл ендіру болып табылады. Қазіргі заманғы жаңа технология білім беру жүйесі қызметкерлеріне оқу үдерісінде қойылған мақсатқа жету үшін кепілдік береді.

«Оқытудың қазіргі заманғы жаңа технологиясы оқу үдерісіне педагогикалық-психологиялық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Бұл технологияны оқу-тәрбие жұмысының бір-бірімен тығыз байланысқан білімгерлерді (оқушы, курсант, студент, т.б.) дамытуға бағытталған әдістері мен түрлерінің кешенді жиынтық жүйесі деп қарайтын болсақ, онда ол білім құрылымы мен мазмұнын жетілдіру ісінің басты бағыты, яғни, оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін біртұтас үдеріс болып табылады. Сондықтан да оқу-танымдық, оқу-тәрбиелік, оқу-әдістемелік, педагогика-психологиялық, ақпараттық-коммуникациялық жаңа технологияға бетбұрыс әлемдік білім кеңістігіне талпынған қазақстандық ғылыми-әдіснамалық жүйені мазмұны жағынан ғана байытып қоймай, құрылымын да өзгертіп, бағыты жағынан да жетілдіре түседі» [С.Пірәлиев. Елбасы және отандық білім жүйесі. А., Абай ат.ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2011, 38-б.]. Еліміздің болашағы болып саналатын жас ұрпақты жан-жақты шығармашылыққа баулуға бағытталған қазіргі жаңа технологиялар осы педагогикалық жаңа ұстанымға әкеледі.

Білім беру саясаты мен оның жүйесі бойынша дүниежүзінің алдыңғы қатарлы дамыған елдерінің, сондай-ақ қазіргі уақытта біздің елдің де ұстанып отырған және отандық білім беру салаларына ендіріле бастаған жаңа технологиялар, ең алдымен, оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру және өткізу үшін қажет. Бұл – шәкіртпен ұстазға қолайлы жағдай туғызудың біріктірілген педагогикалық қарым-қатынасы кезінде қолдануға болатын барлық жағдайы қарастырылған оқытудың жаңа амал-

тәсілі болып саналады. Оның негізгі ұстанымы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытатын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Себебі еліміздің әрбір жас өркені ертеңгі күні дүниенің төрт түкпірінде өзінің қалаған, ұнатқан мамандығы бойынша өзіне және қоғамға пайдалы мақсатта еркін еңбек ете алатындай болуы қажет.

Өркениетке бет бұрған еліміздің жастары – ертеңгі мемлекет тірегі, егемен еліміздің кемел келешегінің жасампаздары. Кез келген мемлекеттің ең басты ұстанымы мен қажеттілігі – барша бұқараның ертеңіне деген сенімі мен үміті, демек, қазақстандық жас ұрпақтың да ертеңге деген оптимизмі болып табылады. Сол сенім мен үміт нық та берік болуы үшін әлемдік бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үдерісі балабақшалардан бастау алып, орта және арнаулы орта мектептерде, кәсіби орта және кәсіби жоғары оқу орындарында жалғасын таппақ. Сондықтан да бұл мәселелер оның нәтижелі болып орындалуының іргетасы және елдігіміздің келешегі болып саналатын жас ұрпақты одан әрі дамытуға сеп болатын педагог кадрларды дайындап, олардың білім-біліктілік, кәсіби шеберлік деңгейінің жоғары болуын қадағалайтын және осы мамандарды қайта даярлап жетілдіретін педагогикалық жоғары оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Қазіргі заманның жалпы орта білім беретін мектебі – жаңа қоғам мектебі, яғни, болашақ мектебі. Ол – әлемдік мәдениетке ықпалдасқан (интеграцияланған), баланың жеке басының дамуына педагогикалық жағдай жасай алатын, рухани жағынан таза, дүниеге тік қарайтын, қоршаған ортамен жүйелі байланыс орната алатын, білімнің заманауи жаңа мазмұнымен қаруланған, әлемдік бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ өсіріп, дамытып жетілдіретін мектеп болуға тиіс.

Сапалы білім беруді қазіргі заманның зор жетістігі болып табылатын электронды құрал-жабдықтарға негізделген жаңа ақпараттық технологиялармен ұштастыра жүргізуді бүгінгі отандық педагогиканың алтын діңгегіне, мектеп жұмысының тірегіне айналдыру баршамыздың міндетіміз екені рас. Біздің ойымызша, білім беруді ақпараттық технологияға негіздеудің екі сипаты бар. Оның біріншісі – білім сапасын арттырады, екіншісі – әлемдік өркениет жетістіктерін игеруге мүмкіндік береді. Осы екеуін бір-бірімен ұштастыра отырып, қазақстандық өскелең ұрпақты өз күш-жігері мен білім-біліктілігін өзінің жеке өмірі мен қоғам игілігіне пайдалануға баулу – егемен еліміздің кемел келешегі үшін тиімді болмақ.



Ұлжан МЫРЗАГЕЛДИЕВА,
№6 Бауыржан Момышұлы атындағы
мектеп-гимназия мұғалімі.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Жетісай ауданы.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа технологияның өзін мұғалім түрліше (орташа дәрежеде, ұқыпты, дәл нұсқау бойынша немесе шығармашылықпен) іске асыруы мүмкін. Бұл жерде технологияны жүзеге асырушының тұлғалық компоненті, белгілі бір ерекшеліктері елеулі түрде әсер етеді, сонымен бірге оқушы әрекеті – оның қабылдауы, ынтасы, құштарлығы негізгі рөл атқарады.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әр түрлі жаңа технологиялар пайдалану тәжірибелерге еніп, нәтижелер беруде.

«Ұжымдық оқыту әдісі», «Дамыта оқыту технологиясы» – мектеп практикасына кең тараған тәсілдер. «Дамыта оқыту» деп баланың білім алуға әрекет етуін ұйымдастыра оқытуды атайды. Дамыта оқыту - сабақтардағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Дамыта оқыту баланың шығармашылығын дамытады. Ойлауға үйрететін сабақтарды дамыта оқыту сабақтары деп білеміз.

Дамыта оқыту жүйесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделеді. Олар – ынтымақтастық, өзара сыйластық, түсіністік сияқты қасиеттер. Бұл технологияның маңызды тағы бір ерекшелігі: сынып оқушыларын жақсы, жаман оқушылар деп бөлмей, барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдайлар туғызуды мақсат етеді. Нашар оқушының да өз шамасы келгенінше, қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылған. Сол арқылы ол да өзін мүмкін дәрежеге дейін дамыта алады. Бұл жолда баланың қателесуі, жаңылуы әбден мүмкін. Тек мұғалім тарапынан көрсетілген сабырлылық, байсалдылық оның өз күшіне деген сенімін арттырып, алға жетелейді деп есептелінеді.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Жауынбай Қараевтың деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру. Балалардың таным қабілеттеріне сай төрт деңгейлік тапсырмалар даярлауда жеке тұлғаны жаңалыққа ұмтылуға итермелейтін жаңа қабілеттерін ашуға болатындығы ескеріледі. Бұл технологияның ерекшелігі: әр тұлға өз бетінше жұмыс жүргізуге дағдыланады. Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес ойлау қабілеті артады, жасқаншақтықтан арылады. Білім берудің жаңа мазмұны тұлғаның білімін, білігін, дағдысын емес, оның білім алу арқылы дамуына ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Деңгейлік тапсырмаларда 1) жаңа өтілген тақырыпты қайталап пысықтау, ереже жаттау, 2) ойлау қабілетін жетілдіру, 3) танымдық іздену (эвристикалық), 4) ұғым, түсінік, қиялын тәжірибеде қолдану талаптарын қояды.

Келесі бір жаңа технология – модульдік оқыту технологиясы. Білім саласында үнемі ізденіс және білім мазмұнын өмір талабына сай өзгерту, жаңашалау, оқытудың тиімді әдістері шығуда. Соның бірі – модульмен оқыту жүйесі. Бұл жүйе 60-жылдардың соңында ағылшын тілді елдерде пайда болды. Қазір дүние жүзінде модульдік оқытудың 4 түрі бар: 1) Американдық модуль; 2) Сковиннің модулі; 3) Неміс модулі; 4) Алексюк пен Фурманың украин модулі.

Осы бағытта көптеген педагог-ғалымдар ізденіс жүргізіп жатыр. Соңғы кездері Қазақстанда мектеп жүйесіне негізделген оқытудың ұжымдық тәсілі Монахов-Қараев, деңгейлік оқыту жүйесі (Ғалиев), берілген материалдарды модульге біріктіріп, бір тақырыпқа бірнеше рет қайта оралу негізінде 3 деңгейдегі тапсырма арқылы жеке тұлғаны жан-жақты дамыту ерекшеліктерін қамтыған Марал Жанпейісованың жүйелеген модулі. Шығармашылық

жұмысындағы басты мақсаты - модульдік оқыту технологиясы негізінде оқушылардың ізденімпаздығын, дамытушылық іс-әрекеттерін арттыру.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың тиімділігін, сапасын арттыруда «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау жобасының стратегиялары» сипатын күшейтудің де маңызы ерекше. Стратегияларды пайдалану арқылы оқушылардың тілін, ойын, еркін сөйлеуін дамытып, топпен жұмыс істеу кезінде бірін-бірі тыңдай білуге, құрметтей білуге үйренеді.

Жаңа технологияны пайдаланған кезде оқушылардың пәнге қызығушылығын, болжау қабілетін арттыруға, жаңалықты тез қабылдауға, өз бетінше шығармашылықпен ізденуге бейімделгендігін байқадым.

Болашақ өмірде қиындықтар мен проблемалардың қандай болатындығы туралы ешкімнің де дерегі жоқ, қазіргі күнде өзгеріп отырған дүниеде олар жайлы болжам жасаудың өзі неғайбыл, қажеті шамалы. Оқыту мен үйрену кезінде оқушы тек белсенді түрде ғана меңгерген білім маңызды әрі тиімді.

Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениетті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану, оқушының жеке басын құрметтей отырып, білім беру – қазіргі оқытудың негізгі талабы, өйткені оқушылардың бәрінің ойлау қабілеті бірдей емес. Сондықтан бұл мәселеге психологиялық тұрғыдан қарап, педагогикалық әрекет, әдістемелік шеберлікпен келу керек.

Халқымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек» дегені маманның жадында болуы тиіс.

Орал МӘМБЕТАЕВ,
Алматы қаласындағы
Абай атындағы Республикалық
мамандандырылған дарынды балаларға
арналған қазақ тілі мен әдебиетін
тереңдете оқытатын орта
мектеп-интернатының мұғалімі.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ҚАЛАЙ АРТТЫРУҒА БОЛАДЫ?

Қазіргі таңда мектеп алдындағы ең басты міндет – оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық игіліктер мен адамзаттың мәдени мұраларының сабақтастығын сақтай отырып оқушылардың дүниетанымы мен шығармашылық қабілетінің қалыптасуына жағдай жасау.

Әдебиет пәнінің жас ұрпақты уақыт талабына сай етіп тәрбиелеу ісіне қосар үлесі үлкен. Оқушы осы пәннің талабын орындау мақсатында түрлі жанрдағы көркем шығармаларды оқиды, ізденеді.

Әдебиет – сөз өнері. Әдебиет – әсемдік әлемі. Адам жанына жалын шашатын да, сәби жүрегіне адамгершілік нұрын шашатын да – әдебиет. Әр оқушы – бір Жұлдыз. Жарқырауына жәрдем беретін – мұғалімдер. Сондықтан әр ұстаз сол жұлдызды сөндіріп алмай, мәңгілік жағатын күдірет иесі болуы керек. Ол үшін оқытудың түрлі тиімді тәсілдерін меңгеріп, оны күнделікті сабақта қолдана білуі тиіс.

Оқушылардың танымдық қабілетін арттыру, оларды білуге ынталандыру, шығармашылық ұмтылдыру, ойлана, іздене білім алуға, өз ойын дәлелдеп, тиянақты айтып беруге дағдылану сияқты сапаларды оқушы бойына дарыту – білім

саласындағы өзекті мәселесі.

Осы тұрғыдан келгенде оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру мақсатында жүргізетін сабақ беру үлгімді ұсынамын (Оқыту барысында сын тұрғысынан ойлау әдіс-тәсілдерінің элементтері қолданылады).

Мақсаты: ұлттық мәдениетті жете меңгерген, зияткерлік өрісі жоғары, қабілеті де белсенді азамат қалыптастыру. Шығармашылық іске жұмылдыру, іздене білім алуға, өз ойын дәлелдеп, тиянақты айтып беруге дағдыландырып дамыту.

тақырып

мақсаты

білімділік ----- дамытушылық ----- тәрбиелік
түрі ---- әдіс- тәсілі ----- көрнекілік ----- ғылымилығы
----- пәнаралық байланыс

Жұмыс барысы:

СЕЗІНУ;

ОЙЛАУ;

ДАМЫТУ;

ҚОРЫТУ;

БАҒАЛАУ;

ҮЙГЕ ТАПСЫРМА.

I. Сезіну бөлімі (таным сатысы): қызығушылығын ояту; мағынаны ажырату; жаңа тақырыпты түсіндіру; еркін жауап стратегиясын қолдану; топпен жұмыс.

II. Ойлау бөлімі (меңгеру сатысы): сынып жұмыстары (дәптер, тақтамен жұмыс), талдау кестелерімен жұмыс (Талдау кестелерінің он түрі бар. Соның бірін қолдану), ой тұжырым (өзіндік ой-пікір, көзқарас қалыптастыру, ой тізбегі (мәтіндегі ойды қозғау, жалғау), толықтыру тапсырмалары, ой қозғау (дәл сұраққа – ұтымды жауап), салыстыру (кубизм әдісі), бес жолды талдау, т.б.

III. Дамыту бөлімі (шығармашылық саты). Әр қалыпта жазу стратегиясы (жазбаша орындалатын жұмыс түрлері): «Дыбыстар сөйлейді» стратегиясы (сөз, сөз тіркесі, сөйлем құрау әдісі), зерттеу жұмысы (оқушы пайымы, жаңалығы), қосалқы тапсырмалар (рефератты қорғау, буклетпен таныстыру), сурет салу (сезіну, ойлау, көру арқылы берілетін өзіндік тапсырмалар), арнау (оқушының төл шығармалары: өлең, әңгіме, ертегі, шығарма т.б.) ребус, сөзжұмбақ, криптограмма, т.б.).

«Оқыту үрдісінің үш түрлі құрамды бөлігі бар, ол – ғылым, шеберлік, өнер» дейді белгілі педагог В.А.Сухомлинский. Осы қасиеттер мұғалім бойынан табылса, сонда ғана ол сабақ үстінде білімділік пен тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асыра алады.

Қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыруда мына жолдарды есте ұстанған жөн:

1. Сабақты халық педагогикасымен ұштастыра отырып оқыту.

Оқыту мен тәрбиенің қайнар көзі – халықтық педагогика. Балаларды халықтық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты қастерлеп құрметтеуге үйреткен, тәрбиелеген абзал. Халық педагогикасының түрлерін сабақта пайдалану арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығын, белсенділігін, шығармашылық қабілетін дамыту да өте тиімді екені мәлім;

2. Өнермен байланыстыра оқыту.

«Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі» (Мұхтар Әуезов).

Көркемөнердің бір саласы болып келетін әдебиет пәнінің басты құралы - сөз өнері. Ендеше «Әдебиет пен өнерді» байланыстыра оқытуды жүйелі түрде сабақ барысында қолдану нәтижесі жоғары жетістіктерге жетелейді;

3. Пікірталас түрлерін пайдалана отырып оқыту (пікір алмасу, ойталқы, ойкөкпар, пікірсайыс, т.б.).

Пікірсайыс сабақтарын өткізу үшін алдымен жақсы жағдайда болуы алатын тақырып таңдалғаны жөн. Тақырып сәтті таңдалған уақытта оқушылардың этикалық-эстетикалық талғамын оятып, сезіміне әсер етіп, білім іскерліктерін, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыта аламыз;

4. Сыныптан тыс шығармашылық жұмыстарды өткізу (Мысалы: «Әдебиет көшбасшысы» зияткерлік сайысы, жыр мүшәйраларын өткізу, Абай, Шәкәрім, Сәкен, Ілияс, Мұқағали оқулары, ақындар айтысы, т.б.).

Осы орайда оқыту үдерісін ұйымдастыру, дәстүрлі, дәстүрлі емес түрлерін қолдану, сыныптан тыс жұмыстардың әсерлігін арттыру – оқушы қабілетін анықтауға негізделген маңызды әрекеттер екені сөзсіз;

5. Ғылыми-зерттеу жұмысына баулу, бағыттау.

Оқушыларды ғылыми жұмысқа баулудың басы олардың өз беттерімен орындалатын зерттеу, іздендіру бағытындағы тапсырмаларға төселдіруден басталады.

Шеберлік – сөздің орнын таба білу. Әрбір сабақ басталар алдында оқушыны қызықтырып әкететіндей кіріспе ойлап табу керек. Бейнелі сөздер, қызықты мәлімет, тартымды үзінді оқу мұғалімнің шеберлігіне байланысты.

Біздің мақсатымыз – мұғалімді тыңдап қана отыратын, сұрасаң ойын емес, бойын көрсететін оқушы емес, керісінше, өз пікірін ашық айтып, тыңдаушысын нандыра алатын, ана тілінің асыл маржандарын өз шығармашылығында қолдана алатын жеке тұлға, азамат даярлау.

Шолпан ҚҰДИЯРОВА,
Нөкіс мемлекеттік педагогикалық
институтының доценті, ф.ғ.к.

РАЙ КАТЕГОРИЯСЫ ТҮРЛЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ МОДУЛЬДІК САБАҚ

Қазіргі таңда оқушыларға сабақтарды инновациялық негізде өту олардың белсенді, материалдарды терең меңгергендігін көрсетеді. Өз шығармаларында қызықты ойларын ұсынады. Мұндағы басты нәрсе – оқушылар өз білімдерін толықтырады, өз бетінше ұжыммен жұмыс істей отырып, білімін одан әрі шыңдай түседі.

Сабақтарымды талдау барысында мына өзгерістерді байқадым. Белсенді қолданған әдістер әр білімгерді жүйесіне тартты. «Ашық сұрақтар» оқушылардың өз ойын жеткізуге көмектесіп қана қойған жоқ, сонымен қатар белсенді ізденуге, табуға, қорытындылауға және түйін шығаруға көмектеседі.

Бұл әдістер оқушылардың ойлау қызметіне бағытталады, зияткерлік ойлауын қалыптастырады. Оқу материалдарын топтастыру мен таңдау, бағалау, талдау түрлерін кеңінен үйренеді.

Рай категориясы түрлерін оқытудың модульдік сабақ үлгісі.

Мақсаты: білімділік – етістік, етістік категориялары және олардың түрлері, жасалу жолдары, ерекшеліктері туралы білім беру; **дамытушылық** – әр түрлі ойын түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың белсенділігін, логикалық ой-өрісін, сөздік қорын, шығармашылық қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – әр түрлі дидактикалық материалдар, мәтіндер

қолдана отырып, оқушыны адамгершілік қасиеттерге баулу.

Оқушы нені білу керек?

1. Етістіктің ережесін білу.
2. Етістіктің категорияларын ажырата білу.
3. Рай категориясының түрлерін орнымен қолдана алу, ажырата білу.
4. Рай категориясының төрт түрінің әрбірін мысалдармен көрсету.

Оқушы нені меңгеру керек?

1. Етістіктің рай категориясының түрлерін меңгеру.
2. Рай категориясының түрлерін мысалдармен ажыратуды меңгеру.

Шығармашылық жұмыстар: сөзжұмбақ, сканвордтар құрастыру, мәтін құрау.

Кіріспе. 1-сабақ мақсаты: рай категориясы туралы оқушылардың білім, білік дағдыларын қалыптастыру.

Жоспары:

1. Модульдің құрамын түсіндіру;
2. Сабақтың мақсатын хабарлау;
3. Оқу материалын тірек сызбалар арқылы түсіндіру;
4. Оқулықпен, дәптермен жұмыс;
5. Жаттығулар орындау;
6. Қорыту, үйге тапсырма беру.

Мақсаты: рай категориясы бойынша білім, түсінігін қалыптастыру.

1. Ашық райлы етістіктерді қатыстырып сөйлем құра.

Айтты, оқыпты, тыңдар, жазып отырмыз, барған, жазған.

2. Ашық райдағы етістіктер қай шақта тұр?

Отанын сүйетін азамат. Әркім өз ойымен отыр. Түнделетіп келе жатты.

Шартты райға байланысты мысалдар келтір.

Жауаптары. Атасы өсиет айтты. Ол ертегіні қызыға

оқыпты. Барлық әңгімеге құлақ сала тыңдар еді. Біз қызықты әңгіме жазып отырмыз. Ол атасының ауылына ерте барған. Абай көп өлеңдер жазған.

1. Отанын сүйетін – ауыспалы өткен шақ. Ойымен отыр – нақ осы шақ. Келе жатты – ауыспалы осы шақ.

2. Ол өлең айтса керек. Оның оқуы ертерек бітсе керек.

3. Үйге тапсырма: рай категориясының ережелерін жаттау, мысалдар жазу.

Сөйлесу бөлімі. 2-сабақ.

1. Ұйымдастыру.

2. «Брейн-ринг» оқыта үйрету ойыны

Ойынның мақсаты: білімділік, іскерлік дағдыны пысықтау.

I деңгей сұрақтарына дайындықсыз жауап беріледі, ортадағы **II деңгей** сұрақтарына 1-2 минут уақыт беріледі, астыңғы **III деңгей** сұрақтары ең күрделі, оларға 3-5 минут уақыт беріледі.

I деңгей.

1. Етістік дегеніміз не? 2. Райдың қанша түрі бар? 3. Ашық рай дегеніміз не? 4. Шартты рай қалай жасалады?

II деңгей.

1. Қазақ тілі – қандай тіл? (Ғ.Мүсірепов) 2. Қандай мінез-құлық – рухани кесел? (Әбу Насыр әл-Фараби) 3. Не малдың патшасы, не малдың қасқасы? (Мақал) 4. Көп сөз – не, аз сөз – не? (Мақал).

III деңгей.

1. Ұстаз – ұлы есім 2. Ардақтайық ананы! 3. Отаным – Өзбекстан 4. Менің сыныбым.

Тақтамен жұмыс

Мақсаты: игерілген білім, білік дағдыларын пысықтау, шыңдау.

Рай категориясын түрлеріне қарай өз шеңберіне енгіз.

отыр

келемін

қайнады

Ашық рай

Бұйрық рай

ойла

барғызба

сөйлетпе

келсем

барсам

көрсем

Қалау рай

Шартты рай

сенгей

ойлағай

көргей

4. Қорыту, үйге тапсырма беру: сөзжұмбақ, сканвордтар құрастыру.

Сөйлесу бөлімі. 3-сабақ.

1. Ұйымдастыру.

2. “Бақытты сәт” ойыны.

Ойынның мақсаты: игерілген білім, дағдыларды, шеберлікті бекіту.

Сынып екі топқа бөлінеді, өз топбасшысы болады.

I гейм: “Сергіту сәті”. Мұғалім немесе жүргізуші әр топқа 7 сұрақтан оқиды. Топ мүшелері бірден жауап беріп отырады. Көп ұпай жинаған топ жеңімпаз болады.

II гейм: “Басқатырмалар”. Топ мүшелері нөмірлері бар шарлар алады. Жүргізуші әр нөмірге жұмбақ немесе сұрақ оқиды. Өз ішінде талқыланған соң топбасшысы жауап береді.

III гейм: “Кім жылдам?”. Мұнда жүргізушінің сұрағына жылдамырақ жауап берген топ ұтады. Егер топ дайын болса, көк жалаушаны көтереді.

IV гейм: “Сен – маған, мен – саған”. Топтар бір-біріне екі сұрақтан қояды (Үй тапсырмасы).

Топ аттары: “Етістік”, “Рай категориясы”

I тапсырма. Сұрақтар:

I топ.

1. Етістіктің райлары дегеніміз не? 2. Етістіктің райларының қандай түрлері бар? 3. Ашық рай нені білдіреді және қалай жасалады? 4. Бұйрық райдың жіктелу ерекшеліктері қандай? 5. Шартты райдың мағыналары қандай және қалай жасалады? 6. Қалау рай дегеніміз не? 7. Қалау рай қандай жолдармен жасалады?

II топ.

1. Етістікті тіл білімінің қай саласы зерттейді? 2. Етістіктің неше категориясы бар? 3. *-са, -се* қайсы райдың жұрнағы? 4. Етістікке *-айын, -ейін, -йық, -йік* жалғаулары жалғанып қай рай жасалады? 5. Райдың неше түрі бар?

II тапсырма. Басқатырма сұрақтары:

I топ.

1) Еліміз рәміздері. 2) Тіл білімінің бастапқы саласы. 3) Қазақта тұңғыш эпопея жазған жазушы. 4) Қасиетті ай. 5) Көне түркі жазуы.

II топ.

1) Қазақстанның бас қаласы. 2) Үш кемеңгер би. 3) Қазақтың бас ақыны. 4) Тілдер мерекесі. 5) Қазақтың тұңғыш шешені.

III тапсырма. “Кім жылдам?”

Мына етістіктерден шартты рай жасаңдар:

Санама, тазарт, жүргіз, көшір, отыр, сана, айттыр.

IV тапсырма. “Сен – маған, мен – саған”.

Үй тапсырмасында топ дайындап келген сұрақтарын қарсы топқа қояды.

Білім беруде инновациялық технологияларды қолдану білімгердің танымдық қабілетінің жоғары дәрежеде дамуына, өз әрекетіне өзгеріс енгізіп, өзін үнемі жетілдіріп отыруына ықпал етеді. Өзіндік өмір тәжірибесі мен өзіндік құндылықтарды ескеру орынды. Өзіндік және өзара ізденіс бірін-бірі дамытуға жол ашады.

ТУЫНДЫ СӨЗДЕР

(12 жылдық мектептің 5-сыныбына арналған)

Сабақтың мақсаты: білімдік – туынды сөздер туралы түсінік беру; тәрбиелік – шығармашылық жұмыстар арқылы оқушыларды мейірімділікке, бауырмалдыққа тәрбиелеу; дамытушылық – өзіндік ой айтуға, пікір қорғауға жетелеу.

Түрі: жаңа сабақты меңгерту. **Әдісі:** сұрақ-жауап.

Көрнекілігі: интерактивті тақта арқылы берілген кестелер, суреттер.

Сабақ жүрісі.

Еске түсіру:

- 1) Біз өтіп жатқан сала қалай аталады?
- 2) Сөзжасам деген не?
- 3) Жаңа сөздер қалай жасалады?(Оқушы төмендегі кестені пайдаланады.

Жаңа сөздердің жасалуы:

- Сөз тудырушы жұрнақтар арқылы;
- Сөздердің бірігуі арқылы;
- Сөздердің қосарлануы арқылы;
- Сөздердің тіркесуі арқылы;
- Басқа тілден енген сөздер арқылы;
- Жаңа мағынаға ие болған сөздер арқылы.

- 4) Төменде берілген сөздер тобын сәйкестендіріп байланыстырыңдар.

Бағыттап байланыстыр:

Күн

Малшы

Жасыл

Он сегіз

Түбір сөз

Ата-ана

Терек

Бір

Он

Балабақша

Сұрақ.

1. Түбір сөз деген не? 2. Лексикалық мағына деген не? 3. Әрбір сөздің неше лексикалық мағынасы болады? 4. Неше грамматикалық мағынасы болады? 5. Берілген сөздердің лексикалық, грамматикалық мағыналарын кім айтады?

Жаңа сабақ.

- Балалар, мына бағандағы сөздер қалай жасалып тұр? (Оқушылардың жауабынан кейін тақырып жазылады).

Туынды сөздер.

Бала+лық	Үлкен-кіші	Алтыбақан	Қара көк
Тау+лы	Жауын-шашын	Ақтөбе	Отыз алты
Кәсіп+кер	Құрт-құмырсқа	Жанартау	Ақ желкен
Сүз+бе	Ою-өрнек	Тасбақа	Бет орамал

- Оқушылар, төмендегі кестені пайдалана отырып туынды сөздердің ережесін кім айтады?

Туынды сөздер

Сөз тудырушы	Сөздердің	Сөздердің	Сөздердің
жұрнақтар	бірігуі	қосарлануы	тіркесуі
арқылы	арқылы	арқылы	арқылы

Талдау.

1-тапсырма. Түбір мен қосымшаға ажыратындар.
(Ауызша) *Дәмхана, айтыс, аялдама, көреген, табыс, жиналыс, әдепті, жастық, балалық.*

2-тапсырма. Қай қатардағы сөздер туынды сөздер?
(Ауызша)

Кел+іп, оқы+п

Айт+қан, көр+ген

Жүр+ді, бар+ды

Қызыл, қызғылт

Сары, сарғыш

Күй+ші, ән+ші

Іс+кер, қалам+гер

Ел+сіз, көл+сіз

Оқыр+ман, көрер+мен

Тақия+лы, сөмке+лі

3-тапсырма. Кім көп құрайды?

Берілген ұяшықтың астында жұрнақтар бар. Кім қай ұяшықты таңдаса, сол ұяшық ашылады. Оған жасырынған жұрнақтарға туынды сөз құралу қажет.

1	2	3	4	5	6	7	8
---	---	---	---	---	---	---	---

ды сыз хана шыл кер ма с и

ді сіз шіл гер ме

4-тапсырма. Толықтырындар.

1. Мағыналас туынды сөздермен толықтыр.

Нұрлан – ..., ..., ... оқушы

2. Бір сыңары белгілі қарсы мағыналас туынды сөздермен толықтыр.

Жақсылық пен ... арасы бір-ақ тұтам.

3. Омоним сөзді тап. Омоним болатын сөз осы сөйлемнің ішінде. *Ақ боз ... адам қасқырды көздеп атты.*

5-тапсырма. Шығармашылық жұмыс. *I топқа:* Сендер мінезі қандай адамдарды білесіңдер? Туынды сөздермен жазындар. Үлгі: *күлегеш, ... II топқа:* Берілген суретке қарап туынды сөз жазындар. Үлгі: *арбалы, ... III топқа:* Берілген суретке қарап әңгіме құраңдар.

Жинақтау. Сонымен, туынды сөздер дегеніміз не болды? Кесте бойынша сөйлеңдер. **Үйге тапсырма:** 4-жаттығу.

ҚАЛАУ РАЙ

(7-сынып)

Сабақтың мақсаты: 1) қалау рай және оның жасалу жолдарымен таныстыру, білімдерін жинақтау; 2) тапсырмаларды орындау арқылы талдау жасау, шығармашылық жұмыс істеуге дағдыландыру; 3) ұйымшылдыққа, ізеттілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: кесте, үлестірмелі деңгейлік тапсырмалар, Абайдың қара сөзі. **Әдісі:** сұрақ-жауап, деңгейлік тапсырмалар, ойтолғау.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

Психологиялық дайындық.

Баба тілін қадірле,

Болашақтан түңілме!

Айналайын боздақтар,

Аралас тілге үңілме! (Қожаберген жырау).

Бүгінгі сабақтың мақсаты-міндетін айтып өту.

Өткен тақырыпты еске түсіру, сұрау, қорытындылау.

Етістіктің райлары мен шақтары туралы не білесіңдер?

Етістіктің шақтары



Осы Келер Өткен

Етістіктің райлары



Ашық Бұйрық Шартты Қалау

«Қалау» сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер?

Жаңа сабақ.

Экрандағы сөзге назар аударту (Абайдың жетінші қара сөзі)

Осы сөйлемдерден етістікті тауып, қалау райлы мән екенін анықтатып, ережесін шығару.

Қалау райы іс-иесінің қимылды, іс-әрекетті қалауын, соған ынтасын, ниетін білдіреді.

Қалау рай мағынасына қарай 2 түрге бөлінеді:

- ерікті қалау рай;
- тілекті қалау рай.

Қалау райдың жасалу үлгісі

Жақ	Жекеше	Көпше
-ғы, -гі, -қы, -кі + кел		
I	келгім кел-ді (-еді...)	келгіміз кел-ді (-еді...)
II	келгің кел-ді (-еді...)	келгілерің кел-ді (-еді...)
	келгіңіз кел-ді (-еді...)	келгіңіз кел-ді (-еді...)
III	келгісі кел-ді (-еді...)	келгілері кел-ді (-еді...)
-са, -се + игі еді		
I	келсем игі еді	келсек игі еді
II	келсең игі еді	келсеңдер игі еді
	келсеңіз игі еді	келсеңіздер игі еді
III	келсе игі еді	келсе игі еді
-ғай, -гей, -қай, -кей		
I	келгеймін, келгей едім	келгейміз, келгей едік
II	келгейсің, келгей едің	келгейсіндер, келгей едіңдер
	келгейсіз, келгей едіңіз	келгейсіздер, келгей едіңіздер
III	келгей -, келгей еді -	келгей -, келгей еді -

Тапсырмалармен жұмыс.

Біз бүгін деңгейлік тапсырмалар арқылы қалау райдың жұрнақтарын ажыратып, қандай мәнде жұмсалып тұрғанын айтамыз.

I деңгей.

1-тапсырма. Енді айнаны қарсы алдыма қойып, өзіме таныс ниеттерімнің жауабын алғым келді (Ғ.М.). Ағып түспегей, жарығым!- деп жылап жіберді (Ж.Мусин). –Ой, тоқта, сен әлгі Тайман айтып жүрген жігіт болмағай едің? (З.Қабд.). – Ойпырмай, қалқам Абай-ай, қиын болмаса игі еді! (М.Ә).

2-тапсырма. Етістіктен қалау рай жасап сөйлем құра. *Біл, айт, ал, бар.*

II деңгей.

1-тапсырма. Берілген етістікті қалау райға айналдыр.

- | | |
|-----------------------|------------------------|
| 1. Би биленді. | Би билесек. |
| 2. Бала оқыды. | Бала оқыса игі еді. |
| 3. Жарыс басталды. | Жарыс басталса. |
| 4. Мақсаты орындалды. | Мақсаты орындалғандай. |
| 5. Мансұр жеңді. | Мансұр жеңсе екен. |

2-тапсырма. Етістіктің қалау райда тұрғанын анықтап, тиісті қатарға жаз.

- | | |
|---------------------------------|--------------|
| Жеті рет піш, бір рет кес. | Шартты рай – |
| Ол бүгін шықпаса игі еді. | Ашық рай – |
| Мен келсем, сен кетіп қалыпсың. | Қалау рай – |
| Оның көзінше Асқарға | |
| бір де сөз айтқым келмеді. | Бұйрық рай – |

3-тапсырма. Берілген етістіктен қалау рай жасап, жіктеп айту.

Орында, көр, оқы, сен.

Орында: орындағысы келді, орындағай еді, орындаса екен, орындағай, орындасам игі еді, орындамағайсың.

Көр: көргісі келді, көрсе екен, көрсем игі еді, көргей, көргей еді, көрмегейсің.

Оқы: оқығысы келді, оқығай еді, оқыса екен, оқысам игі еді, оқығай, оқымағайсың.

Сен: сенгісі келді, сенсе екен, сенсем игі еді, сенгей, сенбегейсің.

III деңгей.

1-тапсырма. Берілген сөйлемнен қалау райдың жұрнағын ажыратып, сөйлем мүшесіне талда.

Абайдың сөзін қатты ықыласпен тыңдағысы келді. Кейде терең ойдан айығу үшін серуендеп кеткім келеді.

2-тапсырма. Тақтадан өлең шумағын есте сақтай отырып, жатқа жаз; қалау райдың жұрнағын тауып, қай жақта тұрғанын айт.

1. Гүлі сұлу орманды

2. Жаңадан көп түрлі

Сусатпағым келеді.

Машина бергейсің.

Жүзі жылы жандарды

Жаңадан көп сырлы

Құшақтағым келеді.

Үйлерге кіргейсің.

Жаңа жыл! (Хамит Ерғалиев).

3-тапсырма. Өз қалауларың бойынша ерікті қалау райды пайдаланып «Мен таңдаған мамандық» тақырыбына шығарма және ойтолғау («... көмектескім келеді») жазыңдар.

Бекіту сұрақтары:

1. Қалау рай жасауға қатысатын көмекші етістіктерді атаңдар. Оларсыз қалау рай жасала ма? Дәлелдендер.

2. *Ойнама, берме* болымсыз етістігімен *ойнаса игі еді* етістігін салыстыр. Не байқадың? Қандай айырмашылық бар?

Бағалау.

Үйге тапсырма: 1-деңгей: «Қалау» мағынасы қазақ салт-дәстүрінде қалай қолданылады, өз пікірлеріңді жазып келіңдер; 2-деңгей: мақал-мәтелден қалау райлы етістіктерді табу; 3-деңгей: 177-жаттығу.

ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

(6-сынып, IV тоқсан)

Мақсаты: білімділік – тіл мәдениетіне ғылыми тұрғыдан жан-жақты түсінік бере отырып оқушы ұғымын кеңейту, оның ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету, тілдің қызметінде тоқталу; **дамытушылық** – оқушылардың ғылыми ойлауын, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, оқуға деген саналы түрдегі ықыласын, қоғаммен байланысын дамыту; **тәрбиелік** – тіл білімінің мәнін, сөз әсерлілігін, тіл байлығын түсінуге, болашақта кәсіби бағдар алуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: 1) сөздік қоры молайып, тіл мәдениеті мен еркін сөйлеу дағдылары қалыптасады, оқушы қызығушылығы оянады; 2) тіл білімін меңгеріп, тәжірибеде дұрыс қолдануды үйренеді, ой-өрісі жан-жақты дамиды.

Түрі: ойын сабағы. **Әдісі:** түсіндіру, сөзді дұрыс қолдану, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

Сабақтың өту барысы.

I. Ұйымдастыру: сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, оқу құралдарын даярлау, сабаққа назарларын аудару.

II. «Ойлан, тап!». Мына сұрақтарға тиісті тұрақты сөз тіркестерімен жауап беріңдер.

- Адамның төбесі аспанға жете ме?
- Сөйлегенде сөз ауыздан түсіп қала ма?

- Бір қазанға сыймайтын қандай бастар?
- Екі аяқ бір етікке сия ма?

Тұрақты тіркестердің мәнін ашыңдар.

Маңдай тер (адал еңбек).

Тепсе темір үзеді (күштілік).

Қолы алтын (шебер).

III. Тіл мәдениеті туралы қысқаша түсініктер беру.

Тілдің екі түрдегі қызметі туралы.

Сөйлеу тілі мен жазба тілдің айырмашылықтары.

Грамматикалық тұлғалардың қолданысы жайында.

Әркімнің сөз қолдану ерекшеліктері.

Оқушылардың қазіргі таңдағы күнделікті ауызекі сөйлеу

тілдеріне тоқталу.

IV. Ойын: «Кім тапқыр?».

Торкөздерді толтыр.

<i>Т</i>	<i>О</i>	<i>Р</i>	<i>Ы</i>	Жылқының түсі
<i>А</i>	<i>С</i>	<i>А</i>	<i>У</i>	Құрық тимеген мал
<i>П</i>	<i>И</i>	<i>Я</i>	<i>З</i>	Тиіссең жылайсың.
<i>Қ</i>	<i>А</i>	<i>З</i>	<i>Ы</i>	Жылқының етінен жасалады?
<i>Ы</i>	<i>Р</i>	<i>Ы</i>	<i>М</i>	... -тыйым. Сыңарын тап.
<i>Ш</i>	<i>Ы</i>	<i>Н</i>	<i>Ы</i>	Әйнек сөзіне мағыналас.
<i>Т</i>	<i>О</i>	<i>Т</i>	<i>Ы</i>	Құс атауы
<i>А</i>	<i>С</i>	<i>Ы</i>	<i>Қ</i> ойнаған азар...
<i>Р</i>	<i>А</i>	<i>З</i>	<i>Ы</i>	Риза сөзіне мағыналас

<i>Б</i>	<i>А</i>	<i>Ғ</i>	<i>А</i>	Білім көрсеткіші не?
<i>А</i>	<i>Н</i>	<i>А</i>	<i>Р</i>	Жемістің аты
<i>Й</i>				Үнді дауыссыз дыбысының бірі.
<i>Қ</i>	<i>О</i>	<i>Р</i>	<i>А</i>-қопсы. Сыңарын тап.
<i>А</i>	<i>Р</i>	<i>Ы</i>	<i>Қ</i>	Семіз сөзіне қарама-қарсы мағыналас
<i>У</i>				Бірде дауысты, бірде дауыссыз дыбыс
<i>Ы</i>	<i>Р</i>	<i>Ы</i>	<i>С</i>	Береке сөзіне мағыналас

Ерекше торкөзден «*Тапқыштар байқауы*» деген сөз шығуы тиіс.

V. Жұмбақтар шешу.

Ж-дан басталса жыл мезгілі,
Қ-дан басталса, онда ол құс белгілі.
Ол қай сөздер? *(жаз, қаз)*

А дыбысымен айтылса, негізгі мүше,
А дыбысы Е-ге алмасса,
Есептік сан есім. Сұрауы: неше.
Бұл қай сөз? *(бас, бес)*

Басы ашық, аяғы қысаң,
Екі-ақ дыбыс, есеп қылсаң.
Саған да ол керек болар,
Өзен-көлге жақын тұрсаң. *(ау)*

VI. Берілген мақалдағы жасырын сөзді тауып жалғастыру.

1. Тіл тас жарады, тас жармаса ... (бас жарады). 2. Бал тамған тілден ... (у тамар). 3. Тауды, тасты жел бұзар, адамзатты ... (сөз бұзар). 4. Жақсы сөз – ... (жарым ырыс). 5. Қаһарлы сөз ... (камал бұзар). 6. Шебердің қолы ортақ, шешеннің ... (тілі ортақ). 7. Жақсы байқап сөйлер, жаман ... (шайқап сөйлер). 8. Бас кеспек болса да, ... (тіл кеспек жоқ). 9. Дәлелсіз сөз ... (желмен тең). 10. сүйексіз, ... тиексіз (тіл).

VII. Үйге тапсырма:

а) «Көктем келді» тақырыптарында (қалаулары біледі) сөзжұмбақ, бейнесөз, шағын мәтін, өлең құрастыру.

Сабаққа атсалысып білім деңгейін дұрыс таныта білген оқушының білімі бағаланады.

Гүлнұр ӘЛДЕНОВА,
Кенбай орта мектебінің
мұғалімі.

Атырау облысы,
Қызылқоға ауданы.

«ТҰТҚЫН БАЛА» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ТҰРАР БЕЙНЕСІ

*(Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе»
романынан үзінді, 6-сынып)*

Сабақтың мақсаты: білімділік – шығарманы толық талдай отырып, рухани мазмұндық сипатын меңгерту; **дамытушылық** – тар жерде тауып айтатын, ғылыми түрде ұтымды сөйлеуге, мәнді пікір айтып, жазушы идеясын, шеберлігін аңғара білуге, шығарманың рухани мазмұндық сипатын өз бетімен саралап, тұшына білуге дағдыландыру; **тәрбиелік** – Тұрар бейнесі арқылы оқушыларға адами биік қасиеттерді үлгі етіп, туған ел алдындағы азаматтық парызын түсінуге, елінің ертеңі үшін аянбай еңбек етуге баулу, рухани, ұлттық тәрбие беру.

Түрі: бекіту сабағы. **Әдіс-тәсілдері:** дамыта оқыту, талдау, қорыту, пікір айту, түсіндіру, іздендіру, сұрақ-жауап, даралық және топтық жұмыстар. **Көрнекілігі:** оқулықтар, газет-журнал, слайдталған материалдар, оқушының шығармашылық, зерттеу жұмыстары. **Пәнаралық байланыс:** тарих, қазақ тілі, география.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.

(Тренинг. Оқушыларды сабаққа психологиялық дайындау).

2. Үй тапсырмасын сұрау.

Шығарма негізінде оқушылармен бірлесіп құрған сауалнама сұрақтары 15-25 жас аралығындағы тілек білдірген ауыл тұрғындарының отыз адамына қойылып, оқушылар тарапынан жауап алынды. Оқушылар сауалнама қорытындысын талдап қорғайды.

Оза оқыту, ғылыми ізденіске бағыттау

Шығармадан үзінді:	Сауалнама сұрақтары:	Жауаптары:
«Аспара. Қызыл жебе. Көке». ...Әкем жазықсыз жазаның небір дөкейлерін көрген. Ал мына жаза ауыр, тым обал болар еді... ...Шынымен қазақ дедіңіз бе?	<i>1. Бүгінгі ұрпақ үшін ұлттық рухының биік болуы қаншалықты қажет?</i>	а) Жаһандану дәуірі, көшке ілесу керек. ә) Ұлтаралық келісім; б) Ұлттық болмысын жоғалтқан ұлт – ұлт емес.
...Мен саналы түрде екі қылмыс істедім. Каторгаға кеткен әкемнің алдында мәңгі қарабет болмас үшін...	<i>2. Бүгінгі күні материалдық қажеттілік-тен гөрі рухани тәрбие беруді қолға алу қажет пе?</i>	а) Ең бірінші күнкөріс қамы; ә) Еш айырмасы жоқ; б) Рухани тәрбие беру – адами қасиеттерді сақтау.
«Әттең, Аркашаның орнында мен оқыр ма едім,- деп армандайды Тұрар,- кітаптан бас алмас едім».	<i>3. ХХІ ғасырда алған білім мен ғылымды атақ пен мансапқа жұмсап, «тек тұрмысты түзеу» үшін пайдалану дұрыс па?</i>	а) Қолдаймын; ә) Жауап беруге қиналамын; б) Дұрыс емес.

...Шоқынуға
Тұрардың дәті
бармады. Үш
саусағын бүрістіріп,
маңдайың мен екі
иығыңа тигізе салу
қиын емес еді.
Бірақ соған қолың
бармайтын бір
күдірет жүректе тұр.
...Сұп-суық сұрғылт
күлдің арасында
жатқан бір түйір
шоқтай болып,
қалың қара бұлттың
арасынан жылт етіп,
анда-санда күн де
көрінер. Жасыма!..
...Туған әкесіне
опасыздық
жасағандай бір
беймаза сезім
жауқазын жүрегін
жаралап, шөңгедей
қадалды да қалды.
Әкенің атын айта
алмай күмілжіген не
корлық!


Ашық сұрақтар
4. Қазіргі таңда
ана тіліміздің
мәртебесін
көтеріп,
дінімізді
біліммен тану
үшін не істеу
керек?

5. «Әке өнегесі,
ата-ана
аманаты,
қиянат,
перзенттік
борыш»
ұғымдарының
мәні неде?

Сауалнамаға
қатысқан өңір
тұрғындары
өз пікірлерін,
көзқарастарын
әр түрлі бағытта
білдірді.

Сауалнама қорытындысының мониторинг көрсеткіші

3-сұрақ	б) Дұрыс емес; ә) Жауап беруге қиналамын; а) Қолдаймын.
2-сұрақ	б) Рухани тәрбие беру - ада- ми қасиеттерді сақтау; ә) Еш айырмасы жоқ; а) Ең бірінші күнкөріс қамы.
1-сұрақ	б) Ұлттық болмысын жоғалтқан ұлт - ұлт емес; ә) Ұлтаралық келісім; а) Жаһандану дәуірі, көшке ілесу керек.



I. Ізденіс кезеңі.

1-тапсырма

Әйтеке бидің аталы сөздерін оқушылар басшылыққа ала отырып Тұрардың іс-әрекетімен дәлелдейді.

Ер жігітке тән қасиеттер:

ТҰРАР

Төзім – тірек → Надзирательдің қорлығы.

Сабыр – қамал → Аркашаның еркелігі.

Ақыл – әл-қуат → Семашконың мырзамен кездескен сәті, куәлік алу,

Жиынға қатыспауы.

Ар-абырой – қазына → Әкесіне опасыздық жасағандай сезім.

Жалғандық – дерт → Әкенің атын айта алмау – қорлық!

Ақиқат – ем → Куәлігін өзінің шын аты-жөнімен толтыруы.

Үміт – көңіл азығы → Гимназияда оқып, білім алғысы келген сәті.

«Айтқандарын орындасам, көкеме тимейді»

II. Жаңа білімді меңгерту.

(Оқулықтан тыс материалдарды слайд арқылы түсіндіру, оқушылардың дайындаған материалдарын талдау)

Бала Тұрардан – Түркістанның ұлы қайраткері Тұрар Рысқұловқа дейін.

Әзиза Рысқұлова: «Болашақ өмірге деген сенімі таңғалдыратын».

Өзін құртқан Сталинмен бірге Кремльде 14 жыл қызмет етті.

Қазақстанды ашаршылықтан құтқаруға көмектескен.

Түркі халықтарының туыс-
кандық бірлігін көксеген.

Кеңес Одағында Тұрар
атсалыспаған сала болмаған.

III. Практикалық дағды кезеңі.

2-тапсырма. «Аспара. Қызыл жебе. Көке». Бұл сөздерді

Тұрар неге жазды деп ойлайсыздар? *Философиялық мәніне*
үңілейікші.

№	Оқушы- лар жауабы	Сөздің мағынасы	Тұрармен байланысы
1	«Аспара»	Биік тау. «Қыран құс тек биікте қалықтайды, Төмен болу – қыранға анық қайғы».	«Адам болар бала алысқа қарайды». Тұрар адамдықтың, адалдықтың, ұлттық рухтың биік шыңын көрсетті (Оқушылар шығармадан үзінді келтіре отырып ойларын дәлелдеді).
2	«Қызыл жебе»	Жылқы малы. Жылқының үсті – жел, сүті – ем, мінсең – тұлпар, ұшсаң – сұңқар, қылы – шылбыр, сүті – дәрі, еті – бал, қазы-қарта, жал, терісі – киім, тұяғы – бұйым.	Жылқы малы – кең далада еркіндікті жақсы көретін жануар. Еркіндікте құстай ұшқан жылқы малын байлап өсіру мүмкін емес. Тұрар да Қызыл жебе секілді бостандықты аңсады, тар қапастан құтылып еркін, ал халқының тәуелсіз, азат болуын армандады.
3	«Көке»	Тұрардың әкесі	Тұрардың адам болып қалыптасуындағы «Әке өнегесі» (Оқушылар шығармадан үзінді келтіреді).

Бекіту. Композициялық құрылысына қысқаша талдау.

Үйге тапсырма: «Биік ойлар аспаны» (эссе жазу).

Шығармадан сөз айшықтарын табу.

Бағалау.

ЫБЫРАЙ – ҚЫСҚА ДА НҰСҚА ӘҢГІМЕ ШЕБЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Ыбырай Алтынсарин шығармашылығын меңгерту, пысықтау, әңгімелерін талдау, жазушы әңгімелерінің мәні мен мазмұнына тоқтала отырып топтау, саралау жұмыстарын жүргізу; **дамытушылық** – оқушыларды өзіндік талдау жасауға, ойлау білуге дағдыландыру, өз ойын толық жеткізе білуге төселдіру; **тәрбиелік** – әңгіме арқылы оқушыларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, достыққа, еңбекқорлыққа, тәртіпті болуға тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Әдісі:** түсіндіру, СТО стратегиясының бағыттары, топтық жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** қазақ тілі, тарих. **Сабақтың жабдықталуы:** Ыбырай Алтынсарин портреті мен шығармалар жинағы, слайд-шоу, мультимедиалық проектор, тірек-сызбалар. **Пайдаланылған әдебиеттер:** С.Қирабаев, Қ.Мырзағалиев. «Қазақ әдебиеті» 10-сыныпқа арналған оқулық. А., 1998; Х.Сүйіншәлиев. «XIX ғасыр әдебиеті». А., «Ана тілі», 1992.

Сабақ барысы.


I. Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу. Оқушылардың назарын сабаққа аудару. Оқушыларды үш топқа бөлемін. Бағалау парақтарын топ басшыларына таратамын.

Оқушылардың ойын бір ортаға топтау үшін мынадай ой тастаймын:

- Біздің бүгінгі және ертеңгі, болашақтағы мақсатымыз не?

Балалар осы сұраққа мына түрде жауап береді:

- Оқу, білім алу. - Тәрбиелі, саналы азамат болу. -
- Өзімізден кейінгі ұрпақтарға үлгі-өнеге көрсету.
- Ол үшін не істеу керек? - Үлкенді тыңдап, кішіге қамқорлық көрсетіп, сабақты зейін қоя тыңдау керек.
- Біз ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін жаңғыртатын, жаңалыққа ұмтылатын ізденімпаз оқушылармыз!



Әрдайым ізденіп оқып, Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерінде айтып кеткен жақсы қасиеттерді бойымызға сіңірсек, келер ұрпақтың белсенді азаматы боламыз.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы. Өлеңдерін жатқа айту. Өлеңдерінің сюжетіне сурет салу.

I топ – «Ойшылдар». Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы айтады.

Слайдта хронологиялық таблица көрсетіліп тұрады.

Жылдар	Оқиғалар
1841 жылы 2 ақпан	Қостанай облысы, Затобол ауданында дүниеге келді.
1850 жылы	Атасы Балқожа би Орынбор қаласындағы қазақ балаларына арналып ашылған мектепке оқуға береді.

1857-1859 жылдар	Балқожа бидің хатшысы болады да, одан кейін Орынбор облысының басқармасында тілмаштық қызмет атқарады.
1860 жылы	Алтынсаринге облыстық басқарма бекінісінде (Торғайда) қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырады. Сонымен бірге оны осы мектепке орыс тілінің мұғалімі етіп белгілейді.
1864 жылы 8 қаңтар	Торғай қаласында қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп салтанатты түрде ашылды. Сол мектепке 14 бала жазылды.
1868-1874 жылдар	Орынбор генерал-губернаторының арнайы тапсыруы бойынша төрт рет Торғайдың уездік судьясы болды.
1879 жылы	Торғай облысы бойынша орыс-қазақ училищелерінің бірінші дәрежелі инспекторы болып тағайындалды. Осы қызметте 10 жыл болды.
1879 жылы	Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» Орынборда басылып шықты.
1880 жылы	Ыбырай идеясымен Орынбор, Торғай қалаларында ер балаларға ағаш ұсталығын, ал қыз балаларға киім тігу үлгілерін үйрететін қолөнер және ауыл шаруашылық мектептері ашылды.
1881 жылы	Орск қаласында тұңғыш оқытушылар мектебін ашты.
1889 жылы 17 шілдеде	Қостанай қаласынан 3 шақырым жердегі Тобыл өзенінің бойында, «Инспектор» көлінің жағасында өз үйінде, 48 жасында өкпесіне суық тиіп қайтыс болды.

II топ – «Білгірлер». «Қазақ хрестоматиясы» туралы айтады.

Слайдта Ыбырай Алтынсариннің суреттері, оқыған мектептері көрсетіледі.

III топ – «Тапқырлар». Ыбырайдың ұстаздығы, аудармалары туралы айтады.

1. Ыбырайдың өлеңдерін жатқа айту. Әр топ – бір-бір өлеңнен.

2. Әр топ Ыбырай өлеңдерінің сюжетіне салған суреттерін талдайды.

3. Үй тапсырмасын «Ойлан, тап» бөлімі бойынша

қорытындылаймыз. Әр топқа алты сұрақ қойылады:

1. Ыбырай қай жылы дүниеге келді? (1841 жыл 20 қазан) 2. Балқожа би кім? (Атасы) 3. Қай жылы мектепке қабылданады? (1850 жылы) 4. Ыбырайдың арман еткен мектебі қай қалада қай жылы ашылды? (Торғай, 1864 ж.) 5. Кімге жолдаған хатында 14 қазақ баласын оқытуға ашқасқырдай кіріскенін баяндайды? (Н.И.Ильминский) 6. Оның қандай шығармалары бар? («Кел, балалар, оқылық», «Өзен», «Өнер-білім бар жұрттар», т.б.)

1. Ыбырай қай жерде дүниеге келген? (Қостанай обл, қазіргі Алтынсарин ауд.) 2. Ыбырай неге әкімшілік қызметтен гөрі мұғалім болуды армандады? 3. Ғалым, профессор В.В.Григорьевпен қай жылы қай жерде танысады? (1859 жылы, Орынборда) 4. Қай жылы Торғай облысы мектептеріне инспектор болып тағайындалады? (1879) 5. «Қазақ хрестоматиясын» жазудағы басты мақсаты не? 6. Ол қазақ балаларына қандай мектептер ашады? Қандай оқулықтардың авторы?

1. Ыбырай мектепті қай жылы аяқтап шығады? (1857 ж.) 2. 1887 жылы қай жерде қыздар мектебін ашты? (Ырғыз) 3. «Қазақ хрестоматиясы» қай жылы қай жерде басылып шықты? (1879 жылы, Орынборда) 4. Қай жылы Омбыда тұңғыш мұғалімдер мектебі ашылды? (1881 ж.) 5. «Қазақ хрестоматиясын» жазуға не себеп болды? Ыбырайдың оны жазудағы мақсаты қандай? 6.«Қазақ хрестоматиясы» деп аталатын оқулығы қай өлеңімен басталады және қай жылы жарық көрді? («Кел, балалар, оқылық»).

III. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Жаңа тақырыпты слайд арқылы түсіндіремін.

Жаңа сабақты бастамас бұрын сабақтың мақсаты мен құрылымын хабарлау.

«Қазақ хрестоматиясына» кірген әңгіме-новеллаларында Ыбырай жастарды еңбекті сүйеге, оқу-өнерге ұмтылуға,

Отанын, елін сүйетін патриоттық сезімге, талапты, жігерлі, кішіпейіл болуға үндейді. Жалқаулықты, қиянат жасауды, надандықты сынап, жас ұрпақты ондай әдеттерден аулақ болуға шақырады. Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Оны жазушы шағын әңгімелерде үгіт, өсиет түрінде берсе, кей шығармаларында халықтың қоғамдық санасын тәрбиелейтін реалистік суреттер арқылы бейнелейді.

Әңгімелеріне қысқаша тоқталып кетемін. Тірек-сызбалар арқылы оқушылармен біріге отырып әңгіме мазмұнына шолу жасап, түсінік қалыптастыру. Кейіпкерлерін ауызша атап көрсету. Үнтаспадан «Әке мен бала» әңгімесін тыңдау.



Белгілі ғалым Қажым Жұмалиев «Ыбырай Алтынсарин қазақ әдебиетінде көркем әңгіменің негізін салушы, атасы болды. Көркем әңгімелердің композициялық құрылысын шебер етіп құруда да оның өзінше еңбегі бар» деп жазды.

IV. Жаңа тақырыпты бекіту.

1. «Әдебиет лотосы». Бұл бөлім бойынша әр топта оқушы-тексеруші сайланады. Әр оқушыға кесте парақшасы таратылады. Бұл кестеде Ыбырай әңгімелеріне талдау жасалады.

Әңгіме тақырыптары	Кейіпкерлер		Әңгіме желісі	Немен аяқталады?	Не суреттеледі?
	жағымды	жағымсыз			
1					
2					
3					
4					

2. «Өнерлінің өрісі кең..». Аталған Ыбырай әңгімелерінің бір эпизодын алып, әрбір топ өзінше кейіпкерлерді бейнелеп көрініс көрсетуге тырысады. Талап етілетін мәселе — әңгіменің негізгі идеясын, көздеген мақсатын жете таныту.


3. Үш топқа үш түрлі тапсырма беріледі.

1-топ. Ойтолғау: «Ыбырай – әңгіме шебері». 2-топ. Арнау: «Ізбасар ұрпағы – мына біз!».

3-топ. Мақала: «Ата тәрбиесі мен ғибраты».

Ойтолғау. 1. Әңгімеден бойларыңызға қандай қасиет жинадыңдар, нені ұғып, нені үйрендіңдер? Әңгіме бізді неге, қандай қасиеттерге тәрбиелейді деп ойлайсыздар? Сол туралы өз ойларыңызды қысқаша жазыңдар. 2. Әңгімедегі нақыл, өсиет сөздердің мағынасын түсіндіріңіздер. Мысалы: «Молалы жерде су болады, сулы жерде ел болады», т.б.

Топтастыру әдісімен сабақты қорытындылау:
Ыбырай Алтынсарин кім?



V. Қорытындылау. Ыбырай – жалаң үміттің емес, өз кезінің ең әсерлі, ықпалды жаңашыл жазушысы. Оқушы жастардан бастап, бүкіл халыққа пайдалы ең жақсы әдет-салттарды, өмірге тиімді кәсіп түрлерін, озат оқу-білімді, адамгершілік қасиеттерді сіңіру үшін күресті. Бұл мәселелер Ыбырай кезінің сол дәуір ұсынған ең келелі де керекті жаңа тілектері еді.

Ыбырай шашқан тәлім-тәрбие ұрығы зая кеткен жоқ. Ыбырай мектебі кейін қазақ ішінде білім ошағының жүздеген жаңа орындарына негіз болды.

Ыбырай Алтынсарин әңгіменің хас шебері екенін дәлелдей келе, сабаққа белсенді қатысқан оқушыларды бағалау парақтарына қарай отырып бағалаймын.

VI. Үйге тапсырма. Әңгімелерін оқу, мазмұндау. Әңгімелерінің сюжеті бойынша сурет салу.

ҚАДЫРДЫҢ «КӘРІ ҚЫРАН» ӨЛЕҢІ

(7-сынып)

Оқыту мен тәрбиелеудің мақсат-міндеттері: 1) Қадыр Мырза Әлидің өмірі мен шығармашылық қызметіне шолу, «Кәрі қыран» өлеңін оқыту, идеясын таныту, рәміз туралы ұғым беру; 2) әдеби шығарманы көркем сезіммен қабылдау, мәтінмен тереңдете жұмыс жүргізу, шәкірттердің сөйлеу дағдысын қалыптастыру, тақырыбы бір-бірімен үндес шығармалардың оқиғаларын салыстыра пайымдай алуға дағдылану; 3) оқушылардың рухани дүниесін байыту, елжанды азаматтың өмірінен үлгі алу.

Түрі: дәріс сабақ, жаңа білімді меңгеру. **Негізгі әдіс-тәсіл:** сұрақ-жауап, ой қозғау, сөздік, салыстыру, талдау, пікірлесу. **Құрал-жабдық, көрнекі құрал:** Қадыр Мырза Әлидің өмірі мен шығармашылығына арналған слайдтар, кестелер, қыран суреті, электронды оқулық.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру. Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Қалихан Ысқақтың туған жылы. 2. Туған жері.
3. Шығармаларын ата. 4. Шығармаларының алтын арқауы.
5. «Қоңыр күз еді» повесінің кейіпкерлерін ата. 6. «Отыздар шамасындағы орта бойлы, арық қара жігіт. Оның мөлдіреген тұнық көзінің тереңінде әлдебір мұң иіріліп жатқандай биік қабаттың астында мәлиетін де тұратын. Алқымында балық желбезегіндей қатпар-қатпар боп сыңсып жататын

ескі жарадан қалған қызылшақа тыртығы бар еді...» Кімнің портреті? 7. Алматый ағай Қасымға қандай қызық кітап берді? 8. Алматый бұл кітапты неге жасырады? 9. «Қоңыр күз еді» повесіндегі оқиға қай кезенді қамтиды?

III. Жаңа сабақтың тақырыбын жариялау.

- Бүгін біз балалық шағы ССРО-Германия соғысының қасіретті жылдарымен, жоқшылықпен тұспа-тұс келген Қалихан Ысқақтың құрдасы Қадыр Ғинаятұлының өмірімен, шығармашылығымен, «Кәрі қыран» атты өлеңімен танысамыз.

Қадыр Ғинаятұлы – ақын, жазушы. Ол 1935 жылы 5 қаңтарда Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданындағы Жымпиты ауылында дүниеге келген. Елуден аса кітаптың авторы. 200-дей өлеңіне ән жазылған: «Қыз Жібек» фильміне арнап жазылған «Ақ Жайық», туған жерге, ата қонысқа деген сүйіспеншілікті білдіретін «Атамекен», асыл әжелерімізге арналған «Әже туралы ән», т.б.


Қадыр Ғинаятұлы – В.Гюго, Г.Гейне, М.Лермонтов, С.Есенин, Р.Ғамзатов, А.Ахматова, О.Сүлейменов өлеңдерін, жыр жинақтарын қазақ тіліне аударған шебер аудармашы. Қадыр Ғинаятұлы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың, Махамбет атындағы сыйлықтың, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері. Талантты ақын 2011 жылы қаңтардың 22-сінде көз жұмды.

Қадыр Мырза Әлидің ойнақы жаңылтпаштары мен жұмбақтары, мысалдары мен санамақтары, ертегілері мен балладалары қазақ балалар әдебиетінің дамуына елеулі үлес қосып келеді.

1. «Қыран жетпеген жерге қиял жетер» демекші, қыран құс туралы шағын эссе жаздыру.

2. Қыран құстар туралы түсінік бере кету.

Қыран құстар табиғи туыстығы, қабілеті, түс өзгешелігі жағынан төрт-төрттен 16-ға бөлінеді екен.



3. Электрондық оқулықтан «Кәрі қыран» өлеңін тыңдау.

4. Өлеңді мәнерлеп, түсініп оқу.

5. Сөздік жұмысы:

Зәбірі артты – азап көрді, жапа шекті. *Албасты басқыр* (қарғыс) – біреуге кейігенде жамандық келсін деген мағынада айтылады. Тәрк ету – дүниеден безу.

6. Мәтінді талдау, идеясын ашу.

1. Ақын кәрі қыранды қалай суреттейді? 2. Қарт қыран қандай халге душар болды? 3. Неге намыстанды? 4. «Найзағайдай жарқылдап ғұмыры өтті» деген жолдың мағынасын қалай түсінесіңдер? Одан қыранның өткен ғұмыры қандай болғаны байқалады? 5. Қыранның соңғы шешіміне не себеп болды? 6. «Кәрі қыран» өлеңінің баллада жанрына жатқызуға болатын белгілерін анықтап, мысалдармен дәлелдеп әңгімелеу. 7. «Қыранша өмір сүргенің – қандай бақыт! Қандай бақыт қыранша өле білген!» деген жолдардағы тұспалды ойды анықтау. Ақынның ойын әңгімелендер.

7. Символ туралы түсінік беру.

Мысалы, гүл – жастықтың, ақ көгершін – бейбітшіліктің, аққу-адалдық, махаббаттың, ал қыран – еркіндіктің, ерліктің рәмізі. Оның дәлелі – туымыздағы қыранның бейнесі. Бұл

біздің халқымыздың бақыт пен молшылыққа, адамзат өркениетінің биіктеріне ұмтылуын айқындайды.

8. Өлеңге поэтикалық талдау. Көркемдегіш құралдарды таптыру.

Теңеулер: қоладай қайырылып, өртенген самолеттей, дөңгелек шарайнадай, т.б. **Эпитеттер:** ақ кебінді, ақ алмас шеңгелі, қырағы көз, қырдың қызыл түлкісі, құрыш тырнақ, т.б. **Кейіптеу:** күрсінді тау ақ қарлы. **Психологиялық параллелизм:** көк аспанын мұң қаптаған кезде. **Синоним:** кәрі – шау, жасын – найзағай, тірлік – өмір-ғұмыр. **Антонимдер:** қарттық – жастық, кәрі – жас, өлім – өмір. **Фразеологизм:** тәрк етіп, зәбірі артты, т.б.

Аллитерация:

Қанатынан қаңтардың қары бүркіп,
Қашатұғын көргенде бәрі де үркіп,
Қырағы көз бүгінде қарауытып,
Қалғып отыр қияда кәрі бүркіт.

9. Өлеңді композициялық құрылымына талдау.

Кіріспе, шығарманың экспозициясы: Қияда қалғып отырған кәрі бүркіт.

Байланыс: Кәрі қыранның халі.

Дамуы: Шау бүркіттің ойы.

Шарықтау шегі: Көк тасқа қойып кеткен кәрі бүркіт.

Шешімі: «Қандай бақыт қыранша өмір сүрген!»

10. Қырандар туралы жазылған қандай шығармаларды білесіңдер?

1. Мұхтар Шаханов «Отырар» өлеңінде алты ай бойы Отырарды құтқарам деп арпалысқан Қайыр атты ханды қыранға теңейді.

2. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романының үзіндісінен Ахметтің лашынының құс алу тәсілдерін оқып білдік.

3. Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде тастан қашқан түз тағысын сегіз найзалы қыранның құтқармауы сөз болады.

4. Тапсырма. Осы шығармалардың «Кәрі қыран» өлеңімен ұқсастығы, айырмашылығы бар ма екен, дәлелдеңдер. Қыранға тән (басты ерекшелік) негізгі қасиетті көрсетіңдер.

IV. Сабақты бекіту.

Сабақты «Не білдік? Не үйрендік?» деген сауалдармен бекіту.

(Ақын Қадыр Мырза Әлидің өмірі, шығармашылығын; қыран құстардың топ-топқа бөлінетінін; қыран хикаясы арқылы ерлікті, өрлікті жырлағанын; қыранның еркіндік пен ерліктің рәмізі екенін, т.б).

V. Үйге: Сәкен Сейфуллиннің «Қара бүркіт» өлеңін, Мағжан Жұмабаевтың «Сұңқарлар жырын» оқу; Қадыр Мырза Әлидің өмірі мен шығармаларын оқу.

VI. Бағалау.



Шолпан МОЛДАНҚЫЗЫ,
Гұбайдолла Ақтаев атындағы
№6 орта мектептің мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

ОҚУШЫ БІЛІМІН НЫҒАЙТУ: ТЕСТ

(5-сынып, бастапқы бөлігі өткен санда)

III тоқсан

1. Абайдың қай өлеңінен алынған?

*Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,
Құр жібер мына ант ұрған кәрі шалды.*

А) «Жаз»; Ә) «Күз»; Б) «Жазғытұрым»; В) «Қыс».

2. «Ғылым таппай мақтанба». Кімнің өлеңі ?

А) Ахмет; Ә) Абай; Б) Ыбырай; В) Сәкен.

3. «Шілде» өлеңін жазған ақынды табыңыз.

А) Сұлтанмахмұт; Ә) Махамбет;

Б) Ыбырай; В) Мағжан.

4. Мағжанның қай өлеңінен алынған?

Қайда барса сыйымды,

Білімі мол – бұйымды.

А) «Қысқы жолда»; Ә) «Сағындым»;

Б) «Балалық шақ»; В) «Сүйемін».

5. Жамбыл дастанындағы кімнің айтқаны?

*Малдың бәріне жақсы, бірақ жылқыға жайы
жоғырақ.*

А) Өтеген; Ә) Сұраншы; Б) Ерсары; В) Байсары.

6. Сәкеннің қай өлеңінен алынған?

Аяныш сезімі жоқ бір қазақ-ау,

Дәл көздеп жүрегіңе атқан мерген.

А) «Көкшетау»; Ә) «Ақсақ киік»;

Б) «Аққудың айырылысуы»; В) «Қызыл ат».

7. Ілияс Жансүгірұлының қай поэмасына тән?

Тасқындап, көңілі өрбіп, күйі буып,

Дейтұғын: «Кәне, балам, әпер қобыз !..»

А) «Күйші»; Ә) «Күйге»; Б) «Күй»; В) «Күйде».

8. «Ақын қонақтар» кімнің шығармасы ?

А) Сәбит Мұқанов; Ә) Мұхтар Әуезов;

Б) Ғабит Мүсірепов; В) Ғабиден Мұстафин.

9. Семейдегі оқудан алып келгенде Абайдың жасы нешеде еді?

А) 11-де; Ә) 12-де; Б) 13-те; В) 14-те.

10. «Қозы Көрпеш - Баян сұлуды» жырлаған жыршы кім?

А) Барлас; Ә) Байкөкше; Б) Жүсіп; В) Еңлік.

11. *«Келген сапарларыңа тыста бір азырақ ырым байлаттым. Ала кетіңдер... Риза, қош боп аттаныңдар!»*

Кімнің айтқаны?

А) Зере; Ә) Құнанбай; Б) Ұлжан; В) Өскенбай.

12. 1900 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген жазушы

А) Абай; Ә) Ыбырай Алтынсарин;

Б) Мұхтар Әуезов; В) Сәбит Мұқанов.

13. *«Лашын» әңгімесі С.Мұқановтың қай романынан алынған?*

А) «Өмір мектебі»; Ә) «Ботагөз»;

Б) «Аққан жұлдыз»; В) «Балуан Шолақ».

14. Денесінің бар көлемі жұдырықтай ғана, бірақ канат, құйрығымен тұтас алғанда сүңгуір қайықтай ұп-ұзын көрінетін құсты табыңыз.

А) дуадақ; Ә) қаз; Б) лашын; В) үйрек.

15. Әңгіме жазудың Бейімбеттен кейінгі асқан шебері кім?

А) Ғабит Мүсірепов; Ә) Мағжан Жұмабаев;

Б) Сәбит Мұқанов; В) Бейімбет Майлин.

16. Ғабит Мүсіреповтің қай шығармасынан алынған?

«Зытып келем, зытып келем. Артыма қарай-қарай зытам...»

А) «Оянған өлке»;

Ә) «Жаңа достар» («Қазақ солдатынан»);

Б) «Амангелді»;

В) «Қыз Жібек».

17. – *Оқимын десең, оқи зой, күнім! Әкеңнің де бір арманы оқу боп өтіп еді. Тентек болма, жақсы оқы!*

Кімнің сөзі?

А) ағасы; Ә) әкесі; Б) апасы; В) әжесі.

18. Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан»

шығармасынан.

- Ей, кәдуілгі түйе? Өй, өзің, қандай шеберсің? Кімнің сөзі?

А) Мысықтың; Ә) Шоқанның;

Б) Жақыптың; В) бәйбішенің.

19. Иса Байзақовтың қай өлеңінен алынған?

Маяқтың жаңа жанған шамындай боп,

Жұлдыздар жаңа шықты сейіл құрған.

А) «Жазғы кеш»; Ә) «Құралай сұлу»;

Б) «Домбыра»; В) «Ән кеші».

20. «Қажымұқан» хикаятының авторы кім?

А) Иса Байзақов; Ә) Қалмақан Әбдіқадыров;

Б) Сапарғали Бегалин; В) Мұхтар Әуезов.

21. Мұқан атын жегіп, қанша шақырымдай

шыққанда қарсы алдынан боран соға бастады?

А) 5-6; Ә) 6-7; Б) 7-8; В) 9-10.

22. Қасым Аманжоловтың қай өлеңінен алынған?

Қарсы алуға дайынмын,

Соқса да дауыл дамылсыз.

А) «Орамал»; Ә) «Дауыл»;

Б) «Дариға»; В) «Өзім туралы».

23. «Ар-ұят туралы» өлеңінің авторы кім?

А) Жұбан Молдағалиев; Ә) Қасым Аманжолов;

Б) Ілияс Жансүгірұлы; В) Сәкен Сейфуллин.

24. Қуандық Шаңғытбаевтың Абылай ханға арнаған

шығармасын табыңыз.

А) «Беу, қыздар-ай»; Ә) «Шілде»;

Б) «Сабалақ»; В) «Жаз».

25. Мұқағали Мақатаевтың қай өлеңінен алынған?

Барлығы да мұра болмақ әманда

Болашақ деп аталатын Адамға.

А) «Фантазия»; Ә) «Барлығы да сендердікі»;

Б) «Мен таулықпын»; В) «Фариза».

IV тоқсан

1. Сәкен Жүнісов Көкшетау өңірінде қай жылы дүниеге келген?

А) 1931; Ә) 1932; Б) 1933; В) 1934.

2. «Ақырғы бәйгедегі» кімнің айтқан сөзі?

- Қанаты бар екен жануардың. Мынауың жай мал емес, пырақ екен!

А) Күреңбай; Ә) Ақан; Б) ақсақал; В) қария.

3. 1935 жылы Алматы облысындағы Жарсу деген ауылда дүниеге келген ақынды табыңыз?

А) Мұқағали Мақатаев; Ә) Тұманбай Молдағалиев;

Б) Қасым Аманжолов; В) Иса Байзақов.

4. «Бауырлар» өлеңі қай жылы Алматыда өткен дүниежүзі қазақтарының Құрылтайына орайлас жазылған?

А) 1990; Ә) 1991; Б) 1992; В) 1993.

5. «Қозыкүрең» әңгімесінің авторы кім?

А) Қуандық Шаңғытбаев; Ә) Қалмақан Әбдіқадыров;

Б) Бейімбет Майлин; В) Қабдеш Жұмаділов.

6. Өзінің ежелгі жұртында, Ұзынбұлақтың басында отырған кім еді?

А) Төрекұл; Ә) Ағыбай; Б) Жұмақан; В) Ералы.

7. 1939 жылы Атырау өңіріндегі Манаш ауылында дүниеге келген ақын

А) Мағжан Жұмабаев; Ә) Сәкен Сейфуллин;

Б) Фариза Оңғарсынова; В) Ілияс Жансүгірұлы.

8. Ф.Оңғарсынованың қай өлеңінен алынған?

Түрін-ай текеметтің ! Асыл қандай!

Үңілдім үнсіз гана басымды алмай.

А) «Текемет»; Ә) «Оюлар»;

Б) «Бұлбұл»; В) «Фантазия».

9. Мұхтар Шаханов Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар өңірінде қай жылы дүниеге келген?
А) 1939; Ә) 1940; Б) 1941; В) 1942.
10. *Алты ай бойы жеңілмеген Отырар
Неше күнде жермен-жермен қирады?*
А) төрт-ақ; Ә) бес-ақ; Б) алты-ақ; В) екі-ақ.
11. Нәсіреддин Серәлиевтің кішкентай Ермекпен оның анасының парасаттылығын суреттеген шығармасын табыңыз
А) «Аңсау»; Ә) «Әңгелек»;
Б) «Ақбөпе»; В) «Ақ қайың».
12. Жүрегі жарылардай қуанып, диван үстіне ырғып шыққан кім еді?
А) ақсақал; Ә) Ермек; Б) мамасы; В) көршісі.
13. Жүмекен Нәжімеденовтің қай өлеңінен алынған?
*Жақсы жанның ұнатқаны – тілегім,
Қауіптенем жамандарға ұнаудан.*
А) «Ақ шағыл»;
Ә) «Кішкентай»;
Б) «Сен ақылды болсаң екен...»;
В) «Даңқ пен дақпырт».
14. «Ақ гүлім менің» кітабының авторын табыңыз.
А) Күләш Ахметова; Ә) Фариза Оңғарсынова;
Б) Жүмекен Нәжімеденов; В) Мұхтар Шаханов.
15. «Сен менің бақытымсың» кітабы үшін Күләш Ахметова Қазақстан Жастар одағы сыйлығына қай жылы ие болды?
А) 1975; Ә) 1976; Б) 1977; В) 1978.
16. 1799 жылы 26 мамырда Мәскеу қаласында дүниеге келген ақын кім?
А) В. Жуковский; Ә) А. Пушкин;
Б) К. Батюшков; В) Д. Дефо.
17. «Балықшы мен балық» ертегісін қазақ тіліне

аударған кім еді?

- А) Мағжан Жұмабаев; Ә) Ахмет Байтұрсынұлы;
Б) Міржақып Дулатов; В) Жүсіпбек Аймауытов.

18. Даниэл Дефо қай елдің жазушысы?

- А) ағылшын; Ә) француз; Б) қытай; В) неміс.

19. Робинзон қанша жыл бойы жалғыздықтың жапасын шеккен?

- А) 27; Ә) 28; Б) 26; В) 25.

20. «Таудың жанында жаңа орынға күрке орнатып, оның ішінде қазықтарға керме төсек ілдім» деп Робинзон күнделік дәптеріне жазған күн мен айды табыңыз?

- А) 1 қараша; Ә) 2 қараша; Б) 3 қараша; В) 4 қараша.

21. Даниэл Дефоның «Робинзон Крузо» романы қай әдебиеттің ең озық үлгілерінің біріне айналды?

- А) ауыз әдебиетінің; Ә) жазба әдебиетінің;
Б) әлем әдебиетінің; В) ел әдебиетінің.

22. Шыңғыс Айтматов қай жылы дүниеге келген?

- А) 1926; Ә) 1925; Б) 1927; В) 1928.

23. Шыңғыс Айтматовтың қай шығармасынан алынған?

«Іңкәмал апай Цейлонды айтып бітіріп, Ява, Борнео, Австралияларға кірісіпті».

- А) «Құс жолы»; Ә) «Ерте келген тырналар»;
Б) «Ақ кеме»; В) «Жан пида».

24. «Ерте келген тырналардан» Ақжал мен Кершолақты ұстаған кім еді?

- А) Бекбай; Ә) Еркінбек;
Б) Сұлтанмұрат; В) Ергеш.

25. «Ерте келген тырналарда» соқашылар ненің қонуға беттеп келе жатқандарын аңғарды?

- А) үйректердің; Ә) қаздардың;
Б) дуадақтардың; В) тырналардың.

КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

(Дулат Исабековтың «Ата үміті» шығармасы бойынша)

Сабақтың мақсаты: білімділік – повесть бойынша оқушылардың білімін тиянақтау, Тоқсанбай, Омаш, Ергеш бейнелеріне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету; **дамытушылық** – өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыстану қабілетін жетілдіру, ой-өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сабаққа қызығушылығын ояту; **тәрбиелік** – жақсы мен жаманды ажырата білуге дағдыландыру, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету, адалдық пен шыншылдыққа тәрбиелеу.

Түрі: жинақтау.

Әдіс-тәсілі: пікірталас, СТО технологиясы.

Көрнекілігі: флипчарт, АКТ, электрондық оқулық, АСТIVote.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру.


1. Амандасу, түгелдеу, оқушылар назарын сабаққа аудару.
2. Психологиялық дайындық.
3. Үй тапсырмасын сұрау: I топ –хронологиялық кесте; II топ – естелік; III топ – шығармашылығы.

Жаңа сабақ.

1. Қызығушылықты ояту сатысы.

Ойқозғау.

- Балалар, кейіпкер дегеніміз кім?
- Мінездеме дегеніміз не?



2. Мағынаны тану сатысы.

Кейіпкер	Іс-әрекеті	Қандай мінездің адамы

I топ – Тоқсанбай қартқа. II топ – Омашқа. III топ – Ергешке.

Топтық жұмыс.

I топ. Шығарманың композициялық құрылысына талдау жасау.

II топ. Омаш портретін тауып оқындар.

III топ. Венн диаграммасы (Омаш пен Тоқсанбай).

Сөздік жұмысы.

Дермене – жусанның түрі, дәрілік шөп. *Шайла* – күрке. *Қада* – күркенің төрт бұрышына қадайтын ағаш. *Пәтір* – бәтер (Бәтер, қаттама, көмбе, бауырсақ, күлше, жаппа, табанан түрлері – қазақтардың ұлттық нан тағамдары. ... Жаппа, күлше нандарды қатты қызған тандырға, пешке пісірген, ол қаттама деген бәтірдің бір түрі). *Жасымық* – ноқат, дақ. *Құлқайыр* – курай. *Сом* – ақша.



Пікірталас. РАФТ стратегиясы.

I топ

II топ

III топ

Рөл – Тоқсанбай

Рөл – Омаш

Аудитория – Омаш

Аудитория – халық

Екі топқа өз пікірлерін айтады.

Форма – хат

Форма – үндеу

Тақырып: «Адалдықтың ақ жібі». Тақырып: «Адамгершілік – асыл қазына».


Концептуалдық кесте (кейіпкерлерге баға беру)

Топ	Кейіпкерлер	Өмірге қызығушылығы	Адамгершілік қасиеті	Кейіпкерлерге баға
I	Тоқсанбай			
II	Омаш			
III	Ергеш			

Сергіту сәті.

«Иесіне қайтар» ойыны

Ергеш



Ойтолғаныс сатысы.

Тест тапсырмасы (ACTIVote пайдалану)

1. *Мені, мені шотпен ұрмақ! Аха-ха-ха... Катюшамен атпаса анау-мынау мылтыққа өле қоймаймын. Кімнің сөзі?*

А) Тоқсанбай; Ә) Ергеш; Б) **Омаш.**

2. *«Жасымық» сөзінің мағынасы*

А) **ноқат;** Ә) шөп атауы; Б) мылтық.

3. *Құдайдың ұрған жері осы болды. Мынау асығатын емес. Кімнің сөзі?*

А) **Тоқсанбай;** Ә) Ергеш; Б) Омаш.

4. заманынан келе жатқан сары самаурын әндете ызылдады.

А) ерте; Ә) атам; Б) **Николай.**

5. Тоқсанбай шал үйіне келген соң не істеді?

А) Ақша санады;

Ә) Немересіне велосипед сатып алды;

Б) **Кісі шақырып, садақа берді.**

6. *Ергешжанның атын атап келіп тұрған соң жеті сомын соларға бердім. Кімнің сөзі?*

А) Тоқсанбай; Ә) **кемпір;** Б) Омаш.

7. Ауыл шалдарын ауызашарға шақырғандағы Тоқсанбайдың ойы не еді?

А) **Жасаған күнәсін құдайы беріп жеңілдету;**

Ә) Қуанышымен бөлісу;

Б) Парызым деп есептеді.

8. *Омаш сол бетімен алдына кеп тізерлеп жығылып, еңкілдеп қоя берді. Омаш неге жылады?*

А) Кешірім сұрады;

Ә) **Өз ұрлығын жабу үшін;**

Б) Шын көңілімен жылады.

9. Тоқсанбай қарт соғыста неше баласын жоғалтты?

А) 6; Ә) **4;** Б) 2.

Бекіту сұрақтары.

- Әңгіменің «Ата үміті» деп аталу себебі неде деп ойлайсындар?

- Әңгіме соңы немен аяқталды? (Дүниеқоңыздық пен қатыгездікті адамгершілік пен адалдық жеңді).

- Омаш әңгіме соңында өзін қалай сезінді? (Тауып оқу)

Электрондық оқулықпен жұмыс. Электрондық оқулықтан «Адалдық пен шыншылдық» тақырыбында бейнеролик тыңдау.

Қорытынды.

– Балалар, біз бүгін әңгімедегі кейіпкерлер, олардың іс-әрекеттері арқылы күнделікті өмірде ұшырасатын түрлі қатыгездік пен дүниеқоңыздық, дөрекілік, ұрлық, ұятсыздық сияқты жаман қасиеттерді адамгершілік, адалдық, еңбекқорлық сияқты асыл қасиеттер жеңіп шығатынына көзіміз жетті. Алып денелі, жас жігіт Омаштың алдында абыройлы, адал адам Тоқсанбай шал әлдеқайда биіктен көрінді.

Әрқашан жақсылық бойымыздан табылсын!

Бағалау.

Үй тапсырмасы: адалдық пен шыншылдық тақырыбында эссе жазу.

Екі жақты күнделік

Әңгімеде саған не әсер етті?	Несімен әсер етті?

МАҒЖАННЫҢ «БАТЫР БАЯН» ПОЭМАСЫ

(8-сынып)

Сабактың мақсаты: білімділік – «Батыр Баян» поэмасының тақырыбын, негізгі идеясын ашып көрсету; дамытушылық – талдау, салыстыру қабілеттерін, танымдылығын, сөздік қорын дамыту; тәрбиелік – отансүйгіштікке, тәуелсіздікті құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: аралас сабақ, іздену, зерттеу. **Әдісі:** проблемалық сұрақтар, мәтінмен жұмыс, СТО стратегиясының элементтерін қолдану. **Көрнекіліктер:** портрет, көрме, презентация.

Сабактың барысы.

Ұйымдастыру.

- Бүгін біз қазақ әдебиетінің бес арысының бірі – Мағжан Жұмабаев туралы білетінімізді ортаға салып, сабағымызды жалғастырамыз.

Үй тапсырмасын тексеру.

Сіздерге үйге топтық жұмыс берілген.


1 топ: Мағжан өміріндегі жылдар үн қатады.

2 топ: Мағжан шығармалары.

3 топ (зерттеушілік топ): Мағжан есімі – ел есінде.

(Әр топтан оқушылар шығып, шығарған газеттерін қорғайды).

Қорытынды.



Өздерің айтып кеткендей, Мағжан эпик ақын екендігінің тағы бір дәлелі – оның «Батыр Баян» поэмасы.

Жаңа сабақ.

Бүгінгі біздің өтетін тақырыбымыз – Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы.

Мағжан бұл поэмасында қазақ халқы үшін азапты кезең болған жоңғар соғысын баяндайды (фильмнен үзінді).

Осы кезеңде халықтың басын қосып, қазақты ауызбірлікке шақырған Абылай хан болатын. Абылай хан қасына батырларды жинаған, солардың ішіндегі қазақ жұртының тәуелсіздігі жолында өмірін күреске арнаған ержүрек батырдың бірі – Баян батыр еді (слайд).

Поэманы сіздерге алдын ала оқуға берген болатынмын, соны еске түсіру мақсатында фильмнен қысқаша үзіндіні көрейік. Поэманың үзіндісі неден басталады? (кітаптан оқу)

Мазмұны мен көркемдік кестесі жағынан эпикалық дастандар сарынына үндес шығарма.

Туындыны құрылысына қарай талдап көрейік.

Оқиға басталуы

Дамып өрбуі

Шиеленісуі

Шарықтау шегі

Шапқыншылық кезінде

қалмақ қызының қолға түсуі.

Баянның оны еліне алып келуі.

Ноянның қалмақ қызына ғашық болуы.

Ноян мен қалмақ қызының

Баян қолынан қаза болуы.

Шешімі

Батыр Баянның жоңғарлардың қолымен шайқасуы.

Сұрақ-жауап жұмысы.

- Осы мағлұматтарға сүйене отырып «Батыр Баян» қандай поэма дер едіңдер?

(Поэма өзінің сюжеттік жағынан эпостық жырларға ұқсас).

- Бұл поэмада қандай мәселелер қозғалған?



Тарихи оқиғалар;

Отанды қорғау;

Халқына, еліне деген сүйіспеншілік;

Махаббат тақырыбы.

- Негізгі кейіпкерлерін атаңдар.

- Баян туралы не айтар едіңдер?

(Батыр, ержүрек, Отанын, жерін сүйетін, Абылайдың құрмет тұтатын батыры)

- Баянның батырлығы қандай әрекеттер үстінде көрінеді? (Кітаптан тауып оқу, слайд)

- Баян образы қалай сомдалған? (Слайд: Баян суреті)

(Оның ішкі жан дүниесіндегі өзгерістер мен сезім арасындағы тартыстарды көрсету арқылы сомдалған).

Ноян мен қалмақ қызының образдарын салыстыру. Венн диаграммасы.

Баян, Ноян, қалмақ қызы образдары арқылы біз нені көреміз?

- Бұл образдар арқылы жастықтың албырттығын, сезімнің соқырлығы мен ақылға бағынбайтын асаулығын, ашу мен ақылдың, сана мен сезімнің таласын әрі көзсіз ерлікті көреміз.

Поэманың көркемдік ерекшелігі, тіл шеберлігіне келсек, мұнда теңеу, эпитет, метафора, кейіптеу де бар.

Мысал келтіріп, тауып көрейік.

1-қатар: теңеу (поэмадан мысал келтір). 2-қатар: метафора. 3-қатар: кейіптеу.

Поэмадағы негізі тартыс: ақыл, сана, сезім, жүрек, ар. Рефлексия. Ойтолғау.

Дастандағы саған ұнаған, қызықтырған сөйлем	Жеке ойым, мақал келтіру

Қорытынды. «Батыр Баян» – терең психологиялық, адам жанының қалтарысын көрсете білген күрделі тарихи-эпикалық поэма. Тәуелсіздігіміздің 21 жылдығын алдағы күнде атап өтуіміз де – тарихта болған елін, жерін жаудан қорғаған батырларымыздың арқасы. Сондықтан да поэмадағы мына өлең жолдарымен сабағымды аяқтаймын:

Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,

Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.

Ел үшін жанын кешіп, жауды қуған

Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.

Арқаның селі, желі, шөлі, белі

Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

Үй тапсырмасы: өзіңе ұнаған үзіндіні жатта.

ҚАШАҒАННЫҢ «ЖАҚСЫЛАР, КЕЛДІҢ ЖИНАЛЫП» ӨЛЕҢІ

(10-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік – ақынның өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат бере отырып, «Жақсылар, келдің жиналып» өлеңінің идеясы мен поэтикалық тілін талдау; **дамытушылық** – өзіндік ой-пікірлерін тиянақты жеткізе алу дағдыларын, сөйлеу мәдениетін дамыту, шығармашылық жұмысқа баулу, поэтикалық талдау жасай алуға төселдіру; **тәрбиелік** – оқушылардың бойына адамгершіліктің ізгі қасиеттерін сіңдіру, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге тәрбиелеу.

Типі: дәстүрлі сабақ. **Түрі:** жаңа тақырыпты меңгерту сабағы. **Әдіс-тәсіл:** сұрақ-жауап, түсіндіру, әңгімелеу, талдау. **Пайдаланылған әдебиеттер:** 1) «Маңғыстау» энциклопедиясы. А., 1997; 2) Қазақ әдебиеті (энциклопедиялық анықтамалық). А., «Аруна Ltd»; 3) Бес ғасыр жырлайды. 2-т. А., 1989); 4) Қашаған. А., «Жалын», 1991.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезеңінде оқушылардың назарын сабақты бастауға аудару, сабақтың тақырыбы, өтілу ретімен таныстыру.

Үй тапсырмасына Қашаған ақынның өмірі мен шығармашылығына шолу және шығармаларының негізгі тақырыптары мен идеяларын анықтау тапсырылған

болатын.

Топтық тапсырмалар (оқушылар интерактивті тақтадан көрсетеді):

1-топ. Қашаған өмір сүрген уақыттағы тарихи жағдай.

Қашағанды ақын еткен басына түскен тағдыр тауқыметі мен соған шыдас берген өзінің қайсар мінезі деуге де болады. Кіші жүз қазақтарының табын, адай, шекті сияқты бірқатар руларының сауда айырбасы, қоныс жағдайымен XVIII ғасырдың аяқ шенінен XIX ғасырдың 50-жылдарына дейін Хиуа хандығымен байланыс жасағаны тарихтан мәлім. Мал шаруашылығымен айналысқан қыр елі табиғат сұрапылы – алапат жұттан кейін күнкөріс малынан айырылып, кентті, кәсіпті, егінді аймаққа үдере көшетін. Маңғыстау қазақтарының біразы осындай себептермен өткен ғасырда Хожелі, Хорезм жеріне қоныс аударған. Олардың бір бөлігі Ташауыз (Түрікменстан) қаласының маңын мекендеген.

2-топ. Жүйрік ақынның жастық өмірі.

Қашаған осы Ташауыз қаласына шектес қазақ ауылында 1841 жылы қаңтардың 7-сінде дүниеге келген. Әкесі Күржіман кедейлікпен күн кешкен. (Қашаған. Алматы, «Жалын», 1991). Әкеден бес жасында жетім қалған Қашаған қабырғасы қатпай жатып кедейлік, жетімдік тауқыметін тартады. Кейін сол кезді ақын «Анам көрді жесірлік, Өзім көрдім жетімдік, Сөйтіп басым қаңғырды» деп еске алады. Әкесі Күржіман өлген соң ауыл ақсақалдары ескілікті салт-дәстүр бойынша анасы Ырыстыны қайнағасы Сәрсенбайға атастырады да, Қашаған жастай соның тәрбиесінде болады. Хиуа хандығының жергілікті әкімдерінен қысым көріп, күнелтісі қиындаған қазақ ауылдарымен бірге Сәрсенбайлар да Жем өзенінің Каспийге құяр саласындағы Қараөзекке көшеді. Бұл кезде он төрт-он бес жастағы Қашағанды батағадан (ватага – балықшылар қосы) балық аулап талғажау

еткен шиеттей бала-шағалы Сәрсенбайдың халі қатты толғандырады. Көп ұзамай анасы дүние салады. Енді әкеге салмақ болудың жөні жоқ деген оймен бала Қашаған Көкжар жәрмеңкесіне барады. Сергей деген саудагерге жалданып, Текеге мал айдайды. Бұғанасы қатпаған жас бала үйсіз, күйсіз көп азап шегеді.

3-топ. Ақындық өнердің қонуы.

Қашағанға ақындықтың қонуы туралы оның немере інісі, жыршы Шәдіман Үсембаев былай дейді: «... Жаз. Шілде. Өкшесі ойылып, табаны сойылып, мал соңында азап шегіп, арып-ашқан Қашаған бала таяғын жерге шаншып, шапанын күрке етіп жата қалса, көзі ілініп кетеді. Түс көреді. Түсінде бір қара кісі келіп, баланы қолынан тартып тұрғызып: «Дорбалап аласың ба, қапшықтап аласың ба?» деп сұрайды. «Бергеніңді аламын» дейді Қашаған. Қара кісі қолын жайып бата береді: «Өнер бердім, елге шаш» дейді. Қашаған бұдан былай суырып салма ақын болады». (Қашаған. Алматы, «Жалын», 1991). Баласының азамат болып, жалшылық сапардан табысты оралғанына қуанған Сәрсенбай той жасайды. Қашаған осы тойда елден кеткен күнінен бастап оралғанына дейінгі басынан кешкенін өлеңмен айтып шығады. Содан бастап Қашағанның ақындық атағы елге танылады.

4-топ. Қашағанның жыршылық-жыраулық өнері.

Қашаған ақын Абыл, Ақтан, Махамбет, Мұрат, Нұрым, Қалнияз, Марабай, Шернияз сынды сұңқар дауысты саңлақтардың үздік дәстүрлерін мықтап көкірегіне тоқып, жетілдіре, көркейте сабақтастырған. «Адайдың жеті қайқысы», сондай-ақ Балаораз, Қоспақ, Қашқынбай, Ізімшайыр, Мұрын, Нұрпейіс, Өмір, Ығылмандармен өнер көгінде, елдің төрінде жарқырап, салтанатты жиын-мәслихаттарда, қызықтарда жыр дүкенін қыздырған.

Қашаған шығармаларының тақырыптары:

1-топ. Дастандары.

Ақынның «Адай тегі» дастаны аңыз-хикая түрінде жырланса, «Топан» шығармасында халықтың мұңы сөз болады. «Атамекенде» жоңғар басқыншылығы кезіндегі халық өмірінің бір кезеңі жырланады. «Атамекен», «Топан» атты дастандарына тарихилық пен деректілік тән. Қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы күресі және XIX ғасырдың 90-жылдарында Каспий теңізінің ғаламат тасқынына душар болған елдің трагедиясы тегеурінді жырланған.

2-топ. Арнау өлеңдері.

Қашаған Күржіманұлы өз өлеңдерінде сарандық, екіжүзділік сияқты жағымсыз мінездерді өлтіре сынап, дүниеқоңыз байлардың жиынтық образын да шебер сомдайды. «Бекес байға», «Көптілеу байға айтқаны», «Оразалыға» деген өлеңдер ащы кекесін мен астарлы ойға толы. Адамгершілік, ізгілік қасиеттерді «Берекет ақынға», «Сақыпқа айтқаны» деген өлеңдерінде дәріптесе, елдік пен ерлікті, халық мұратын «Ізбасқа айтқаны» сияқты өлеңдерінде жырлайды.

3-топ. Айтыстары.

Қашағанның айтыс жанрында да қолтаңбасы мол. Бізге белгілісі – оның Ізбаспен, Нұрыммен, Ізім шайырмен айтыстары. Қашекеңнің Нұрыммен айтысы білім сынасу ретіндегі айтыс болса, Ізбаспен айтысы – адамгершілік пен ізгілікті дәріптеудің үлгісі.

4-топ. Өмір, заман жайлы шығармалары.

Қашаған ақынның жыр-толғауларында адамның тіршілігіне, іс-әрекеттеріне, рухани болмысының кәміл жетілуіне қатысты тағдыр анықтағыштық ой-тұжырымдары, өзіндік ой-пікірі, өмірден түйгендерін ашық көрсетеді.

«Бұл өмірдің мысалы», «Бесікте жылап мазалап», «Бұл дүниеде не жетім?», «Осы күні жолдас болдым сексенменен», «Замана халі» – соның жарқын дәлелі.

Жаңа сабақ.

Ақынның «Жақсылар, келдің жиналып» өлеңінің мәтінімен жұмыс.

Қашағанға өз халқының басындағы жағдай, елдегі ауыртпалық жақсы таныс. Сондықтан ол бұқара халықтың ақыны болды, халыққа арқа сүйеді. Қанағатсыз бай мен биді, жебір болыс пен дүмше молданы өткір тілмен өлтіре сынап отырды. Оның ел арасына кең тараған өлеңдерінің бірі – «Есқали сұпыға айтқаны». «Жақсылар, келдің жиналып» шығармасы осы «Есқали сұпыға айтқаны» өлеңінен алынған.

Топтық жұмыс.

1. Өлеңді оқушылар мәнерлеп оқиды.

2. Сөздікпен жұмыс (Тақтаға мәтіндегі түсінуге қиын сөздерді жазады, одан соң мағыналарын слайдтан оқып түсінеді).

1-топ. Шығармадағы ақынның өз бейнесі, Есқали сұпының бейнесі.

Өлеңде Қашаған ақынның ақындық-азаматтық тұлғасы, діни-мұсылмандық дүниетаным тереңдігі, жаратылыс құпиясына зеректігі жарқын көрініс тапқан. Даланың жыры, дананың сыры, сөздің сиқыры болмысына дарыған, халықтың жан-жүрегін, арман-тілегін толқындата толғаған, «өнерден дәулет жинаған» азу тісі балғадай, тілі мірдің оғындай айтқыштардың айтулысы Қашаған ақынның Есқали сұпының дүниеқұмарлығын, надандығын, шектен шыққан сараңдығын, менмендігін сынаған сөздері түгелдей рухани жағынан айшықтанып, терең білімділікті танытады..

2-топ. Өлеңдегі троптың және айшықтаудың түрлері:

Теңеу. Жақсының сөзі майдадай, Жаманның сөзі найзадай.

Антоним. Жақсы-жаман.

Эпифора. Қашаған ақын келді деп, Кеудесі мұның кеңді деп, Кеңес берер енді деп.

Эпитет. Мауыт шекпен, милы адам, қу ағаш, ту ағаш, надан сұпы.

Синекдоха. Қырма сақал, түйте мұрт, Сайрап отыр бұл ағаш...

Тұрақты тіркес. Жүрек жалғау

Метонимия. Қорыққанда жалғызға Қорған болған бұл ағаш

3-топ. Өлеңдегі ақыл-нақыл сөздерді табу және өлеңнің бір шумағын құрылысына талдау.

4-топ. Өлеңдегі домбыра жайында айтқан ақын сөздерін өлеңнен тауып жазу және домбыраның шығу тарихымен, құрылысымен таныстыру.

Домбыраны күнә десеңіз –

Жиын менен тойдікі.

Ішегін күнә десеңіз –

Жұмақтан келген қойдікі.

Пернесін күнә десеңіз –

Есебі ол пәннің он екі.

Атамыз Адам пайғамбар

Жеті сазбен жерге кеп ,

Күй шертінті деген бар.

Үй тапсырмасы. Ақын Қашаған Күржіманұлының «Бұл өмірдің мысалы» өлеңін оқу , мәтінін талдау.

АКАДЕМИК РЫМҒАЛИ НҰРҒАЛИ МҰРАСЫ

(Жоғары білім мен кемел ғылым мәселелері)

Академик Рымғали Нұрғалидың әдеби-ғылыми және шығармашылық мұрасында жоғары білім мен кемел ғылымның байланыс-сабақтастығын кең көлемде көрсететін тұстар да, келелі ойлардан бастау алған өзекті мәселелер де жетерлік. Мұның, әсіресе, орта және жоғары мектепке қатысты ұнамды тұстары, үлгілі үрдістері көп-ақ. Оқулық және оқу құралдарында, зерттеу мен зерделеу бағытындағы еңбектерінде әр қилы көзқарас, алуан мәселелер, ойлар мен толғаныстар кең орын алады. Басты тақырыптар қатарында ұлттық әдебиет тарихы мен теориясы, танымал тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы, әдеби-мәдени мұраларды зерттеу мен зерделеу, әдеби дәстүр мен байланыс, туынды табиғаты мен тұлға мәселесі, Алаш идеясы мен алыптар әлемі, қысқасы, толғауы тоқсан қызыл тілдің мәнді де нәрлі, сырлы сипаттары кеңінен көрініс береді. Жазушы еңбегі мен көркемдік құпиясы кең орын алады.

Академик Рымғали Нұрғали мұрасын орта және жоғары мектеп және білім-ғылым жүйесінен бейтарап, бөлек қарау мүмкін емесі анық, өйткені ұстаз-ғалымның еңбектерінен («Қазақ әдебиеті» (оқулық), «Трагедия табиғаты», «Өнердің эстетикалық нысанасы», «Арқау», «Айғақ», «Сырлы сөз», «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры», «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Казахская литература: концепции и жанры», т.т.) ұлт пен ұрпақ мұраты, дәстүр тағылымы мен руханият мәселелері, тарих пен таным арналары, тұлға мен тағдыр

табиғаты, ақыл-парасат өрісі, білім-ғылым жүйесі, әдеби байланыс, жанр сипаты, көркемдік құпиясы, тіл-стиль құбылысы, тәлім-тәрбие иірімдері терең танылады.

Орта мектепте әдебиет пәні ұлттық сөз өнерінің бастау арналарын құрайды. Адам өмірі мен еңбегінің жарқын көріністерін, арман-аңсарларының алтын арқауын, арғы-бергі кезеңдердегі тарих пен танымның тоғысын, ұлт руханиятының көркем шежіресін кең көлемде көрсетеді. Ұлттық сөз өнері тарихындағы танымал тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы да тиісінше сөз етіліп, маңызды мәселелерге назар аударылады. Басты тақырыптар айқындалып, негізгі туындылар талдау өзегі етіледі. Осы реттен алғанда Рымғали Нұрғали Х.Әдібаев, М.Базарбаев, З.Қабдоловтармен бірге орта мектептің 11-сыныбына арналған оқулық авторларының бірі болды (А., «Рауан», 1994).

Ол аталған оқулықтың «20-30 жылдардағы әдебиет», «Ахмет Байтұрсынұлы», «Жүсіпбек Аймауытов», «Ілияс Жансүгіров», «Сәкен Сейфуллин» атты бөлімдерін жазды.

«20-30 жылдардағы әдебиет» бөлімінде төңкеріс кезеңі, саяси толқындар, экономикалық дағдарыс, әлеуметтік тартыстар сыры ашылады.

Қоғамдағы жолсыз жаза, қуғын-сүргін, зорлық-зомбылық ақиқаты сөз етіледі. Осы кезең әдебиеті төңкерісшіл поэзиядан, классикалық дәстүр мен фольклордан тағылым алғаны атап өтіледі. Қазақ баспасөзі, әдеби-мәдени өмір, әр алуан бағыт-ізденістер, жаңашылдық формалар, тақырып пен идея, мазмұнға қатысты көзқарастар жүйесі айқындалады. Қазақ әдебиетінің идеялық мұраттары, көркемдік-эстетикалық нысаналары, ұлттық ерекшеліктер, халықтық сипаттар жіті сараланады. Шағын, орта және үлкен көлемді жанрлар жүйесі өзара сабақтастықта сараланады. Сондай-ақ, халық поэзиясына, «алыптар тобының» шығармашылық

мұраларына кең орын беріледі.

Әдебиет алыптарын сөз еткен тұста өмірі мен шығармашылығын, кезеңі мен қызметін қысқа тақырып,шағын бөліктерге бөледі. Оқушы ерекшелігі, танымы мен талғамы негізгі назарда тұрады. Мысалы, А.Байтұрсынұлына қатысты «Төлбасы», «Тау сілеміндей мол мұра», «Мысалмен айтқан көп ойлар», «Қаламгердің көсемсөзі», «Тіл тағылымы», «Көп қырлы ғалым», «Ұрпақпен жалғасып», Жүсіпбек Аймауытов туралы «Сегіз қырлы бір сырлы», «Көркем проза», «Реалистік драма», Илияс Жансүгірұлы жөнінде «Мен өзім тауда туып,тасында өстім», «Үмітке мініп жүр көңіл», «Жер таппан жерге жетер Жетісуым», «Уақыт пен кеңістік», «Тарих пен халық», «Күй күшті тауды-тасты бұзатұғын», «Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай», Сәкен Сейфуллин хақында «Туған жерім – Сарарқа», «Өткен күндер суреті», «Әділдік,теңдік іздеген», «Революциялық поэзия», «Сұлулық, тазалық идеалы», «Ақынның эстетикалық нысанасы», «Драманың эстетикалық байлығы», т.т. деп өзіндік өзгешеліктерін,шығармашылық ерекшеліктерін кеңінен көрсетеді.Тақырыпты терең деркін,жан-жақты меңгеру,басты мәселелерге ден қою,ақын-жазушылар ерекшелігін тап басып көрсету,жанрлық-көркемдік Һәм стильдік ізденістерге,реалистік белгі-ерекшеліктерге маңыз беру айқын аңғарылады.

Алаш идеясын ту еткен, қайраткерлігі мен қаламгерлігі қатар көрінген Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы, т.б. өмірі мен кезеңі, қоғамдық қызметі мен шығармашылық мұрасы алуан дерек көзі,мың сан салыстыру, әр түрлі зерттеу мен зерделеу бағытындағы соны көзқарас, айқын қолтаңбалар арқылы кең өріс алады. Жас ұрпақ ерекшелігі, зейін-зердесі,тану мен қабылдау мүмкіндіктері жан-жақты ескеріліп,жеңіл де түсінікті, нанымды сипатта баяндалады. Басты тақырыптар

әр қырынан ашылады. Әдеби туынды табиғаты мен тағылымы, жанрлық-стильдік ізденістер, көркемдік-эстетикалық құндылықтар баяндау мен бағалаудың, тану мен талдаудың өзекті тұстарын құрайды. Асыл сөздің арналары айқындалады. Әдеби туынды мен тұлғалар табиғаты жан-жақты ашылады. Айталық, оқулықтың Ахмет Байтұрсынұлына қатысты тұстарында қазақша-орысша толтырылған өмірбаян беттеріне зор маңыз береді («Жизньописание» - 1929, 8 наурыз; «Биография» - 1929, 21 тамыз).

«Әдебиет танытқыш» (1926), «Ер Сайын» жыры, «23 жоқтау», т.т. ұлттық сөз өнері нұсқаларына ден қояды. Халық әдебиетінің қайнарларынан, руханият ісінің тамырлы тарихынан тағылымды сырлар қозғалады.

Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ», «Азамат» жинақтарына тоқталған тұста ұлт пен ұрпақ қамын, тарих пен таным арналарын, тәлім-тәрбие иірімдерін кеңінен сөз етеді. Әр жылдардағы поэзиялық туындылары («Қазақ жерлері», «Жастарға», «Жігіттер», «Наурыз», «Зар заман», «Елім-ай»), айтыс пен баллада, мысалдары («Жұмбақ», «Қара құс һәм адам», «Бүркіт кегі»), прозалық еңбектері («Бақытсыз Жамал», «Балхия», «Жаз», мақала-зерттеулері («Біздің мақсатымыз», «Жер мәселесі», «Жазу тәртібі», «Қазақ ақыны», «Абай», «Баспасөз үлесі», «Қазақ тілінің мұңы»), аудармалары («Айтыс», «Гүл», «Мерезден құтқарды») талдауға негіз етіледі. Тақырыптық ерекшеліктері, көркемдік қырлары ашылады. Ұлт пен ұрпаққа қатысты тұстары кеңінен көрсетіледі. Кеше мен бүгін байланысына мән беріледі. Тарих пен таным табиғаты, тағылымдық тұстары ашылады. Бастысы, әрине, Міржақып Дулатұлы мұрасы елдік мүдде, азаттық-теңдік мәселелерімен байланысты арна алады. Тәуелсіздік табиғаты ашылады.

Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгірұлы, Әбілда Тәжібаев,

т.б. өмірі мен шығармашылығын сөз еткен тұстарда ақындық өнер арналарына, тақырыптық ерекшеліктерге, жанрлық-стильдік сипаттарға, көркемдік-эстетикалық мұраттарға тереңдеп енеді. Әрбір қаламгердің өзіндік өзгешеліктері, ізденіс арналары, көзқарас пен қолтаңба мұраттары алуанмысал, деректер негізінде байыпты сараланады. Әдеби үрдіс пен шығармашылық мұрат, ізденіс пен зерделеу сипаттары, көзқарас пен қолтаңба мәнері негізгі назарға алынады. Бағалау мен байыптау, салыстыру сипаттары, тану мен талдау тұстары да осы бағыттардан айқын аңғарылады.

Ілияс Жансүгірұлы ерекшелігінің бір қырын, көркемдік құпиясының мың сан сырларын былай көрсетеді: «Ілияс поэзиясындағы мөлдір арнаның бірі – табиғат лирикасы. Туған жерін, елінің тау-тасын, өзен-көлін беріле сүйген патриот ақын қоршаған ортаның ғажап сұлулығынан өз шабытына нәр алып, сан алуан бояулары буырқанған ғажап суреттер салды. Бұлардың ішінде нақты географиялық адресі танылатын («Ағынды менің Ақсуым»), табиғаттың бір сәттегі көрінісін бейнелейтін («Ақшам», «Бұлт», «Желді күн», «Жазғы таң»), құбылысты көз алдына әкелетін («Жауында», «Жел», «Тас») сан алуан үлгілері бар. Натюрморт, этюд, эскиз сипатындағы туындылардағы ойлар, символдық бейнелер, нишарат, философиялық идеяларға жетелейді, көп мағыналы сарын-әуездерді тудырады». Ілиястың пейзаж лирикасының ішіндегі еуропалық үлгілерге ұқсамайтын, ұлтық бояуы айырықша қанық, қазақ тілінің бейнелеу қуатының керемет қуатын көрсеткен, ерекше бітімді, стильдік-көркемдік тұрғыдан бірегей туындысы – «Жетісу суреттері» (1925). «Жалпы сын», «Тау суреті», «Жетісуда су суреті», «Жетісу жәндігі», «Жер түгі» деп аталатын тараулардан тұратын бұл шығарма асқан шебердің қолынан шыққан, құлпырып жайнаған мың сан майлы бояумен салынған картиналар сериясынан тұратын кескін өнерінің кемел полотносындай

өсер етеді. Қазақ халқының мыңдаған жылдар мекен еткен алтын ұя, құт мекені – Жетісудың ақбас асқар, ну тоғай, қоғалы көл, қоңыр құмдарын мадақтаған ақын аттарының өзі бейне боп сөйлеп тұрған биік тұғыр, көкке шаншылған шың, қатпар-қатпар жартастар тұрпатын келісті суреттеп береді. Тарбағатай, Алтай, Алатау сілеміндегі белгілі-белгілі таулардан сөз суреті түспеген бірде-бірі қалмайды. Тау кескінінен ақын бірде адам мінезін көрсе, бірде тұрмыс суретін аңғартады. Кейде сұсты, қаһарлы, кейде күлкілі, сәулелі бейнелер туады. Дәл эпитет, оқыс теңеу, келісті метафора көз тұндырады» [Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Астана, «Күлтегін», 2002, 214, 216-беттер].

Жүсіпбек Аймауытұлының талант табиғаты – «Күнікейдің жазығы», «Қартқожа», «Ақбілек» сынды повесть, романдары мен драмалық туындылары арқылы көрсетіледі («Ел қорғаны», «Мансапқорлар», «Қанапия-Шәрбану», «Шернияз»). Қазақ әдебиетіндегі жанрлар жүйесін байытқаны, көркемдік деңгейін арттырғаны, шеберлікпен шешендік сипаттарға толы белгі- ерекшеліктері жүйелі жеткізіледі. Әсіресе, жазушы еңбегі мен шығармашылық мәселесі, көркемдік-эстетикалық арналар мен тілдік-стильдік сипаттар жеке талдау жүйесін құрайды. Қаламгер мұраты, шығармашылық үдеріс жайы да осы тұстан танылады. Көркемдікті тану мен талдаулары мәнді. Көзқарас мұраттары айқын. Ой-сөз жүйелі өріс алады. Әсіресе, жазушы еңбегі жөніндегі ой-пікірлері қазіргі кезеңде де мәнді: «Қазақ әдебиетінде реалистік роман ұстанымдарын алғаш меңгерген қаламгерлердің бірі – Жүсіпбек. Ол стиль, композиция тәрізді көркемдік құралдарға ерекше көңіл бөлді, әсіресе, халық тілінің сан алуан байлығын еркін қолдана отырып, Еуропа, орыс әдебиетіндегі бейне жасау, мінездерді даралау, сезім бұрқағын, ой-толғауларды көрсету дәстүрлерін еркін пайдаланады. Жазушының талант мүмкіндіктері, қабілет

ерекшеліктері, әсіресе, оның «Ақбілек» романында айқын көрінеді.

Қаламгер әлеуметтік тартыстар, тарихи оқиғалар, тап күресі ерекше шиеленісіп тоғысқан, ел мойнына салмақ түсіп, жеке адамдар тағдырының ширыққан буынын дәл басады, бұрын айтылған, сарыжұртқа айналған тақырып емес, соны, мүлде тың, тіпті, сирек оқиғаларды романға арқау еткен». «Қаламгердің проза жанрында шебер, ықшам, көркем жазылған шығармаларының бірі – «Күнікейдің жазығы» хикаяты. Төңкерістен бұрынғы қазақ ауылының тұрмыс-салт суреттері, көш рәсімінің ерекшеліктері, қыз-бозбаланың, жігіт-желеңнің сауық кештері, алтыбақан, ақсүйек ойындары, той қызықтары, құдаларды қарсы алу, күту, бәйге қызығы ерекше ілтипатпен, зор суреткерлік шабытпен, көркем, кестелі тілмен өрнектелген. Баянауыл атырабының Айдабол, Күлік, Ақбура, Тұлпар, Қозған, Қақсал секілді әйгілі руларының Шідерті, Өлеңті өзендерінің бойына қарай қаздай қалқыған көшу салтанаты, үлкендер мінезі, балалар ойыны, жастар қылығы, ер-азамат әрекеті көз алдыңнан тірі, жанды сурет болып өтіп жатады.

Қараша үйде күн кешкен қойшының қызы, табиғат сұлу жаратқан Күнікей кедейшілікті кемдік санамай, нұрлы тіршілік рахатына батады. Шешесі Шекер бай қызынан кем қалдырмаймын деп арнап кебіс тіккізбек. Бойдақ етікші Тұяқты күйеу бала етіп алу дәмесі де жоқ емес. Ордабай байдың қызы Шәмшіні ұзату хикаясының аясында жазушы жастық, серілік күндер, рахат, тәтті түндер, сахарадағы еркіндік қақында көп сырлар шертеді. Шешесі бермекші Тұяқ та емес, артына түскен бай баласы Қасым да емес, Күнікей әрі батыр, әрі палуан Байманмен жұлдызы аспанда табысады. Бұл хикаятты қазақтың көшпелі ауылының бұрынғы тіршілігін қаз қалпында бейнелеген асыл, реалистік туынды деп бағалау керек» [Қазақ әдебиеті. 11-сыныпқа арналған оқулық. А., «Рауан», 1998. 58, 61-беттер].

«Қазақ әдебиеті» оқулығына енген ақын-жазушылар шығармашылығы баяндау әдіс-тәсілдері, тану мен талдау жүйелері тұрғысынан ерекшеленіп, көркемдік-стильдік сипаттарын тарата сөз етіп, маңызды тұстарына ден қоюмен мәнді болып табылады. Академик Рымғали Нұрғали орта мектеп бағдарламасын, жас ұрпақтың рухани талап-тілектерін жіті зерделеп, оқулыққа енетін ақын-жазушылар шығармашылығын әр қырынан қарастырып, оның өзін-өзі ұлттық мұрат, ортақ құндылықтарға сай саралағаны, талап-деңгейіне көтергені аңғарылады. Айқын көзқарас, өзекті ойлар жүйесінен талдау тереңдігі, салыстыру сырлары жіті көрінеді. Көркемдік құпиясы бар қырынан көрініс беріп, реалистік арналар, тіл-стиль сипаттары танып-талдау жүйесінің өзекті тұстарына айналады. Зерттеу мен талдау жүйелерінен айқын көзқарас, бедерлі қолтаңба мәнері еркін көрініс береді.

«Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» атты көлемді хәм көрнекті кітап оқулық міндетін де, монографиялық зерттеу үлгісін де танытады.

Кітап «Алаш ұранды әдебиет», «Теңдік ұранды әдебиет» деген қос желіден, монографиялық сипаты басым этюдтерден тұрады. Бұл еңбектер негізінен ағымдағы баспасөзде, жинақпен кітаптарда, оқулықтарда орын алды. Бұдан басқа — «Қазақ революциялық поэзиясы» монографиясында, «Қазақ әдебиеті» оқулығында (1989) да басылды.

Кітаптағы қос желінің өн бойынан танымал тұлғалардың (Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгірұлы) өмірі мен шығармашылығы кең орын алады. Алаш қозғалысы, Алаш партиясы, Алашорда өкіметі ұстанған бағыттар, Абай дәстүрі, ұлттық сөз өнерінің даму үрдістері жүйелі жеткізіледі.

(Жалғасы бар).

«ЖЫЛҚЫ» КОНЦЕПТИСІНІҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК МАЗМҰНЫ

(Илияс Жансүгірұлы поэзиясы бойынша)

Көшпенді түркі халқы «кеңістік – дала», «тіршілік – мал» жүйесінде өзара сабақтастық, тұтастық негізінде өмір сүрген. Күллі ғұмыры төрт түлікпен байланысты қазақ халқының да дүниетанымдық жүйесі, ең алдымен, оның тілінде көрініс тауып, оның таным-түсінігінде маңызды орынға ие болды.

«Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деп ұғынған қазақ халқы үшін қозғалыс көзі, өмір сүру, тіршілік ету формасы болып табылатын жылқы – ең қадірлі түлік. Оны жылқыға қатысты паремиологиялық бірліктер дәлелдейді: «*Арғымақ аттың белгісі – аз оттар да, көп жусар*», «*Атты қамшымен айдама, жеммен айда*», «*Ат сатсаң ауылыңмен ақылдас*», «*Атының сыры иесіне мәлім*», «*Тұлпар түрленбей мал күрленбейді*», «*Арғымақ ат жабы болмайды, жалы кетіп арыса да*», «*Жылқы айдаса – жаудікі, ысқырса – желдікі*», «*Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы*», «*Жылқылы елде жау көп, жатақ елде дау көп*», «*Жылқының мінсең үсті – жел, ішсең қымызы – бал, жесең еті – бал*», т.б. Тілімізде жылқыға қатысты мұндай тілдік бірліктер жетерлік. Жылқының тұқымы мен тегіне, жасы мен жынысына байланысты, тіпті, түр-түсі мен ауру атауларына байланысты түрлі тілдік бірліктер «жылқы» концептісіне шоғырланып, халқымыздың жылқы туралы

дүниетанымының ерекшеліктерін көрсететін, болмысын танытатын мол мәліметтер береді. Сондықтан «...біз үшін **«жылқы»** сөзі – **концепт**. Өйткені ол жылқыға қатысты үлкенді-кішілі ұғымдардың бәрін қамтиды». [Н.Айтбаева. Қазақ тіліндегі жылқыға қатысты атаулардың лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. А., 2007, 15-б.]. Сол себепті **«жылқыны»** концепт ретінде қарастырып, оның тілдік бейнесіне тоқталу керектігі туындайды. Біз қарастырып отырған Ілияс Жансүгірұлы поэзиясындағы **«жылқы»** концептісі ұлттық санадағы жылқыға қатысты ақпараттардың барлығын қамтуымен қоса, халқымыздың ұлттық құндылықтарын, дүниетанымындағы ерекшеліктерін де танытады.

Ілияс Жансүгірұлы поэзиясынан орын алған **«жылқы»** концептісін мынадай когнитивтік құрылымдардан көруге болады (Келтірілген өлеңдер мына жинақтан алынды: Ілияс Жансүгіров. Кұлагер. А., «Атамұра», 2003).

«Жылқы – тіршілік тірегі» когнитивтік құрылымы.

Жанына еліміздің жылқы жаққан,

Жылқыға жетпеген көз жаутаң қаққан.

Мінсең – ат, ішсең – қымыз, жесең – қазы,

Қашаннан қазақ халқы жылқы баққан («Кұлагер» поэмасынан).

Қазақ халқының дүниетанымында, рухани болмысы мен тіршілігінде, оның «ғалам бейнесінде» *ат, қымыз, қазы, жайлау*, т.б. ұғымдарды іргелі концептілер мен олардың өрісіне енетін культуремалар жүйесі ретінде «жылқы» атты тұтас концептосфера аясында қарастыруға болады. Себебі қазақ түсінігіндегі «жылқы» – көшпелі өмірдің әр кезеңімен тығыз байланыстағы ұғым, тұрмыс-тіршіліктің тірегі.

«Жылқы – ердің қанаты» когнитивтік құрылымы.

«Ер қанаты – ат, сөз қанаты – хат», «Жақсы ат – көлік, жаман ат – өлік», «Атың жақсы болса, бұл дүниенің пырағы; әйелің

қақсы болса, үй-ішіңнің шырағы», т.б.

Ат шіркін елге дәулет, ерге санат,

Ат шіркін елге қайрат, ерге қанат.

Жарлының жалғыз аты жазым болса,

Қалмай ма жарымжан боп жерге қаран? («Құлагер» поэмасынан).

Жығылып шаршаған ел ұйықтап жатқан,

Азамат ат міне алмай қапы қатқан.

Жасанған жау қырмандап енжар елді,

Бауыздап, қырып-жойып қырғындатқан («Рүстем қырғыны» поэмасынан).

Қазақ «аты барда жер таныды», ен даланы иеленді. «Жылқы қазақтың қанына сіңіп, сана-сезімін жаулап, керісінше, халыққа да өз тарапынан жауап берді: кең байтақ далаға алып шықты, оның тылсым сырын ашты, даланың әдемілігін, кеңдігін көруіне көмектесті. Қазақ үшін жер бетінде жылқыдан таза, киелі, қасиетті жануар жоқ, оның иісінің өзі – аса қымбат» [С.Қанапина. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов еңбектері негізінде) ф.ғ.к. дисс. автореф. А., 2006, 23-б.].

«Жылқы – байлық, сый-құрмет» когнитивтік құрылымы. Жылқы дәулет, баршылық белгісі ретінде ұғынылады. «Жылқы – малдың патшасы, түйе – малдың қасқасы», «Көлдің көркі – құрақ, ердің көркі – пырақ», «Мінсең үсті – жел, ішсең қымызы – бал», т.б.

Кісіге шыпылдады ақ ордалар,

Қалың ат ер-тұрманы етіп жалт-жұлт («Құлагер» поэмасынан).

Топ-топ боп амандасып, құрттай қайнап,

Ат сыйлап, аруағына атан байлап.

Кенені «алдиярлап» хан көтеріп,

Ат-тұрман сарбаздарға, сойыс сайлап («Күйші» поэмасынан).

Әр елдің дәріптеген батырынан,
Ақсақал ат әкелген ата ұлынан («Құлагер» поэмасынан).
Жылқы – қазақтың кәделі, бағалы, орыны бөлек
қымбат қазынасы. Сый-сыяпат, кәделі жерлерде халық ер-
азаматтарға ат мінгізіп, шапан жапқан. Демек, ол құрмет
белгісі ретінде де ұсынылатын үлкен сый орнына жүреді.
Осы тұрғыдан алғанда жылқы материалдық байлықтың көзі
ғана емес, ол, сонымен бірге, рухани байлықтың да көзі.

«Жылқы – соғыс» когнитивтік құрылымы. Жылқы
сәндік үшін жаралған мал болуы себепті, ол – көздің жауы.
«Жылқы – айдаса жаудікі, ысқырса желдікі», «Жүзден –
жүйрік, мыңнан – тұлпар», «Аттың бәрі тұлпар болмас,
құстың бәрі сұңқар болмас», т.б. Осыған орай, «Жылқылы
елде – жау көп, жатақ елде – дау көп».

Аял болмас айқай-сүрен салыспай,
Қашқан жауды ат баурына алыспай.
Қан сусаған болат сүңгім ашылмас,
Шұрқылтайдан шұрылдата шанышпай («Арыным»
өлеңінен).

Су бүркіп, «Уһ!» дегенге келгеннен соң
Баяғы ат артына тағы таңды («Рүстем қырғыны»
поэмасынан).

Бір жерде алып жатыр төре талап,
Кісендеп қол-аяғын қорашалап.
Аруын ат артына салып келіп,
Жігіттер алдық десіп жүр тамашалап. («Исатай»
поэмасынан).

Бұл мысалдардан жылқы ердің қанаты, оның серігі, сәні,
көркі болса, сондай-ақ ол ерге қайғы әкелуші болатындығын
байқауға болады. Демек, **жылқы** – әрі бақ, әрі – сор. Ақын
шығармаларында **«жылқы – соғыс»** когнитивтік моделі ат
көтінде жылау, ат бауырына алу, өлік үстінен ат жүргізу,
т.б. арқылы көрініс тапқан.

Ақын поэзиясы тілінде «**жылқы**» концептісі түрлі жылқы атауларымен де толығады: *ат, арғымақ, тұлпар, сәйгүлік, күлік, жүйрік, көк бедеу, қазанат, құла ат*, т.б. Мысалы:

*Бұл тұлпар келіп тұрған әбден бабы,
Салбырап тұрғанына деме «жабы».
Маңдайы жарқырап тұр жануардың,
Ашылып тұр осы аста мұның бағы («Құлагер» поэмасынан).*

*Арыстан ашуланса арс ұрады,
Сескеніп жан-жануар жаншылады.
Желді аяқ, шауып тұлпар топты жарса,
Саусақтар үсті-үстіне қамшылады («Күйші» поэмасынан).*

Концепт бойынша: *Тұлпар* – батырлардың қуса жетіп, қашса құтылатын ең жүйрік аты. Қазақ тілінде тұлпар аттарға қатысты қолданылатын «пырақ», «дүлдүл» сөздері жиі айтылады. Қазақ поэзиясында тұлпар бейнесі кеңінен тараған. Қазақ танымында арғымақ – дене бітімі сұлу келген, жүйрік жылқы тұқымы. Сондықтан да арғымақ сұлулықпен жүйріктіктің рәмізі ретінде есептелінеді. Зерттеуші тіл маманы Ш.Жанәбілов өзінің зерттеуінде арғымақ биеге былай деп анықтама береді: «Арғымақ бие – дене бітісі сұлу, көрікті, майда жалды, құйрығы орта қалыңдықта болып, сирақтары ұзын, жіңішке, асыл сүйекті, қаз мойынды, қамыс құлақты, шоқтықты келген бие» [Қазақша мал атаулары. А., «Қайнар», 1982, 23-б.]. Мысалы:

*Жиынға ояз мінген бір арғымақ,
Тыншымай мама ағашта тұр қарғылап.
Тұқымы тобылғыдай тор қасқаның,
Алынған француздан англо-арап («Құлагер» поэмасынан).
Естемес екі аяқтың арғымағы,
Қызыққан сымбатына әркім-дағы
Қылықты, қыз мінезді, сұлу, шешен
Бұл енді арғымақтан арғырағы («Рүстем қырғыны»*

поэзмасынан).

Өлең жолдарындағы ақын танымында көрініс тапқан **жылқы** концептісінің үстеме мағыналары «қасиетті», «сымбатты», «жүйрік», «шыдамды» ретінде танылып тұр. Сонымен қатар белгілі бір образ жасау, тыңдаушыға ерекше бір әсер ету, өз көзқарасын білдіру мақсатымен қолданылған «екі аяқтың арғымағы» тіркесіндегі арғымақ атауы метафоралы түрде беріліп, үстеме мағына мазмұнын танытып тұрады. Олар ұлттың дүниетанымын, халықтың ассоциативті-образды ойлау ерекшелігін көрсететін тілдік таңбалар болып табылады.

Жылқыға қатысты осы ұғымдардың ішінде *ат* сөзі жиі қолданылады. Тілімізде бұл сөз «жылқы» деген жалпы ұғымның бір атауы ретінде танылады. Қытай жылнамаларында кездесетін деректерде Азия ғұндарының қолға үйретілген жануарға берген «*ат*» атауының мағынасының әрдайым бар күшпен алға ұмтылуды қалайтын жануарлығы негізге алынғандығы, сондықтан аттың динамикалық құрылымымен түбірден тараған сөздер арасында мағыналық жағынан жалпылама қасиеттің барлығы айтылады [А.Шынар. Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі (ауд. Кенан Коч). Шымкент, «Әлия», 2001, 45-б.]. Бір қарағанда тілдегі «жылқы» мен «ат» атаулары мағыналары бірдей жалпылауыш мән сияқты көрінгенмен, шындығында, олай емес. *Ат* сөзімен салыстырғанда *жылқы* атауы жыныстық ерекшелікті білдірмейді.

Ат сөзінің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бірнеше мағынасы берілген. Соның ішінде жылқы малына тиісті мағынасы 1) *Үйірге түспейтін, піштірілген, ақталған жылқы*; 2) *Көлік ретінде салт мінілетін, арба-шанаға жегілетін және әр түрлі шаруашылық жұмыстарға пайдаланылатын еркек жылқы* [1-том. А., «Ғылым», 1974, 404-б.]. Кейде піштірілген, піштірілмегені белгісіз

(тосыннан көрінген) жылқы малын *ат* деп айта беретініміз бар. Ақын поэзиясындағы «*Ат шапса ішімізде, сыртымызда, Көктұйғын жеткізбей тұр жылқымызға*» деген жолдардан «ат» лексемасының бір ғана жануарды атайтыны, ал «жылқы» сөзі көп жылқы, мал ұғымын танытатыны байқалады.

Барлық адамзат баласы үшін стереотиптік танымдағы аттың сипаты аяқты мал, мініс жылқысы, арба тарту, жер жырту, еркек мал, жұмыс көлігі, ер қанаты, т.б. берілсе, **ақын танымы бойынша поэтикалық құрылымда:** *Көгенде Естеместі көп тұрғызды, Үстінен өліктердің ат жүргізді; Қыз-келіншек сұлуым, Ат көтінде жылады; Аруын ат артына салып келіп; Көліне бетін жуып, ат суарған; Жүйрік ат, сонар саят, қыз-қырқынмен, Өмірді өткізген жан өз ырқымен; Құс салып, ит жүгірткен бай баласы, Ойнатқан бәйге сұр ат тақымында; Ат сайлап, қылыш қайрап сарбаз ерлер, Зеңбірек атанға артқан, найзагерлер,* т.б. сипатта келіп, «жылқы» концептісінің когнитивтік мазмұнын толықтыра түседі.

Ақын поэзиясы бойынша «Жылқы» концептісін сипаттайтын тезаурус өрен жүйрік, қазақы жүйрік, сүмбе саңлақ, қыл құйрық, үркек мал, желді аяқ, бәйге, жарыс, аламан, дода, көкпар, т.б. сөздерінің семантикасы арқылы айқындалады.

«Ат – түріктің қанаты» (*М.Қашғари*) деген қағиданы берік ұстанған халқымыз қашанда шын тұлпарды жазбай таныған. Жылқыны күтіп-баптау да, оны сынау да қазақ баласы үшін өнердің ең үлкені саналған. Халқымыз жылқы малының тұқымы мен түрлі табиғи ерекшеліктеріне қарай *арғымақ, текежаумыт, жабы, қазанат, екітүгей дәрбіт, тұғыр, қашыр, тарпаң, тұлпар, талау, мәстек, ақалтеке, тобышақ, қарабайыр, жорға, жүйрік, асау, шабан* деп айыра білген. Бұған «*алдынан ұмтылғанда аң құтылмас, артынан жөнелгенде жетпес жылқы*» Құлагердей қас

тұлпарды мыңдаған бәйге атының ішінен

Сүйегі жануардың жылқыдан жат,

Бұл емес текежаумыт не қазанат.

Бұл тұлпар келіп тұрған әбден бабы,

Салбырап тұрғанына деме «жабы» деп Күреңбай
сыншының жазбай танығанын айтуға болады.

Күреңбай көріп тұрып арты, алдын:

Жануар жүйрігі екен жылқы малдың,

Жері ұзақ, күші алдында, өрен жүйрік,

Бітімі өзі айтып тұр жануардың.

Келіскен кескін мынау, омыраудың

Өзі айтар қаратам деп қазақ қауымын.

Сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ

Тасындай шұбар ала Көкшетаудың... («Құлагер»
поэмасынан) деп келетін жолдарда Құлагердің бітіміндегі тек

жүйрік аттарға тән белгілер асқан шеберлікпен санамаланып
берілген. Қас тұлпардың мінсіз мүсінін толыққанды
сипаттаудағы Абай салған дәстүрді ақиық ақын Ілияс шебер
меңгерген әрі оны поэзия тілінде әсерлі жеткізген.

Абайдың портрет жасау шеберлігі жөнінде айта келе ғалым
Рәбиға Сыздық оның «Аттың сыны» өлеңіндегі бірыңғай
мүшелерді (1. шоқпардай кекілі бар; 2. қамыс құлақ; 3. қой
мойынды; 4. қоян жақ; 5. бөкен қабақ; 6. ауыз омыртқа(сы)
шығыңқы; 7. майда жалды; 8. ой желке, үңірейген болса
сағақ») санамалай көрсетеді де: «Осы бірыңғай мүшелердің
барлығы – **ат** деген айтылмаған сөздің анықтауыштары»
деген пікір айтады [Ғылыми таным үзіктері. 1-том. А.,
«Кие», 2009, 88-б.]. Ілияс Жансүгірұлының Абай үлгісімен
жырлауда қолданысқа түскен *сом аяқ, быртық бақай, болат
тұяқ, тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ, құлан жал,
бұлан мойын, қой жұтқыншақ, қоян жон, жазық жая,
құс топшы, түлкі төс, тазы тізе, ит жілік, қуыс қолтық,
серке сан, талыс танау, қақпан бел, үңгір сағақ* тәрізді

тілдік бірліктер – «жылқы» концептісі құрылымындағы «жүйрік» ұғымын танытатын бейнелі фреймдер. Тіл арқылы жүзеге асатын қалыпты жағдайлар мен оқиғалар туралы білімдер тізбегі ретінде фреймдер адамдардың қарым-қатынас нормаларын, қажет білімдер мен тәжірибелер қорын сұрыптауға көмектеседі. Демек, фрейм – концептінің ең жақын семаларынан құралып, ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады. Мәселен, «*ат*», «*тұлпар*», т.б. жылқы атаулар төңірегіне жинақталатын ассоциативтік, стереотиптік ұғым-түсініктер «жылқы» концептісінің ұғымдық-семантикалық өрісін белгілейді.

Өрен жүйрікке тән қасиет-белгілерін, сынын бейнелеуде ақын Ілияс қолданылған сөз тіркестері – сан ғасырлар бойы біртіндеп қалыптасып, тілдік санамыздан берік орын алған тілдік бірліктер. Олар тілдің кумулятивтік қызметінің нәтижесінде сақталып қалған халықтың қазынасы болып табылады.

Ақын Ілияс Жансүгірұлы туындыларының сөздік қорында аса ауқымды семантикалық өріс құрайтын «жылқы» концептісі лингвокогнитивтік зерттеуде де айырықша көңіл бөлуді қажет етеді, өйткені көшпелі халықтың тұрмысында маңызды рөл атқарған жылқының ақын танымындағы орны да ерекше. «Құлагер» поэмасында ақынның көшпенді халықтың сан ғасырлық тәжірибесінің нәтижесінде жинақталған бәйге атын баптау, сынау, күтіп-баптау жөніндегі білімдерін талғам-талабына сай екшеп, саралап қолданылуы поэманың танымдық мәнін арттыра түскен.

РАЙ КАТЕГОРИЯСЫ

«XII-XIV ғасыр әдеби жазба ескерткіштеріндегі рай категориясы» тақырыбында диссертация қорғаған Н.Сманова рай категориясы мен шақ категориясының байланыстылығы туралы мынадай тұжырымдар жасайды:

«1. Рай қосымшалары да, шақ қосымшалары да модальдылық мағынаны білдіріп, сол грамматиканың модальдылық категориясының құрамына енеді; 2. Шақтық мағынасы да, райлық мағынасы да сөйлем құрамында өмір сүреді, демек, етістіктің сөйлемдегі қызметімен байланысты; 3. Шақ қосымшалары да, рай категориясының қосымшалары да тарихи тамыры жағынан бір негізден жасалынған; 4. Түркі тілдерінде шақ қосымшалары да, рай қосымшалары да жіктік жалғауын қабылдайды, өздері етіс қосымшаларынан кейін етістік түбіріне қосылады» (А., 2002, 25-б.).

Сонымен қатар зерттеуші бұл екі категорияның айырмашылықтарын да атап көрсетеді.

Зерттеушінің райды шақ категориясымен байланысты қарастырып отырғандығы бұл екі морфологиялық категорияның таза грамматикалық сипатының ұқсастығында емес, ол осы категориялардың көрсеткіштері арқылы берілетін функционалды-семантикалық категориялардың өзара байланыстылығында. Функционалды тұрғыдан алғанда бұл жердегі модальдылық мағына «формадан мазмұнға қарайғы» бағытта емес, алдымен мағынадан туындайтын «мағынадан формаға қарайғы» функционалды грамматика бағытында өзара астасып жатыр. Морфологиялық тұрғыдан шақ көрсеткіштері модальдылық мағына беретін тұрақты

тілдік құрал емес, модальдылық мағынаны білдіру олардың негізгі қызметі емес, бұл жағынан олар жанама қызметте жұмсала келе модальдылық мағына білдіре алады. Ал бұл мағыналардың басын біріктіріп тұрған модальдылық және темпоралдылық функционалды-семантикалық категориялардың байланысы.

Темпоралдылық – функционалды-семантикалық категория. Ол белгілі бір категориялық жағдаяттарда сөйлеу актісінде функционалды-семантикалық өрістерден көрінеді, яғни, функционалды-семантикалық категория мен функционалды-семантикалық өріс бір нәрсенің екі жағы сияқты, бірі – потенциалдық жағы, екіншісі – соның сөйлеу актісіндегі берілуі (реализациясы), олар өздерінің сөйлемдегі атқаратын қызметімен байланысты. А.В.Бондарко осы екі ұғымды функцияның потенциалдық және нәтижелік аспектілерімен байланысты қарастырады / Принципы функциональной грамматики и аспектологии. Л., 1983, 208-б./, яғни, функция әлі қолданысқа түспей, сол тілдік құралдардың мүмкіндіктері қалпында (статикалық) жинақтық күйде тұрғанда функционалды-семантикалық категория болса, динамикалық сипатта категориялық жағдаятта сөйлеу актісіне түсіп функционалды-семантикалық өріс құрайды.

Семантикалық функциялардың актуалдануының бірнеше жолдары бар. Олар: 1) таза грамматикалық тәсіл арқылы; 2) лексикалық құралдар немесе сөзжасамдық құралдар арқылы; 3) грамматикалық және грамматикалық емес тілдік құралдардың кешені арқылы. Осы аталғандарға қоса семантикалық функциялар морфологиялық категориялардың өз қызметінен ауытқып *жанама қызмет атқаруы* арқылы да жүзеге асады.

Семантикалық функцияларды жүзеге асыруда, яғни, қандай да бір функционалды-семантикалық мағыналарды беруде белгілі бір мағыналық категорияларға тиесілі тілдік

құралдардың мағына беру мүмкіндігі әрқашан жете бермейді. Кейбір жағдайларда семантикалық функцияны атқару мүмкіндігі аз категорияларға екінші бір функционалды-семантикалық категорияларға тиесілі тілдік құралдар көмекке келеді. Сөйтіп олар екінші бір категорияның семантикалық функциясын атқарып, функционалды-семантикалық мағынаның толық, жеткілікті берілуіне жағдай жасайды. Осындай өз қызметіне қосымша екінші бір функционалды-семантикалық категориялардың семантикалық функциясын орындайтын тілдік құралдарды сол тілдік құралдың жанама қызметі деп атауға болады. Мұндай құбылыс құрылымдық грамматикада да бар. Мысалы: *Ол – жақсы оқушы* дегендегі «жақсы» сын есім де, анықтауыш қызметінде тұр. Бұл оның негізгі қызметі. Ал *Ол жақсы оқиды* дегенде «жақсы» үстеу емес, ол қызметін өзгертіп пысықтауыш болғанымен, сөз табына қатысын өзгертпейді. Сондықтан «жақсы» сөзі жанама қызмет атқарып тұр.

Морфологиялық категориялардың жанама қызметте жұмсалуды екі түрлі болады. Бірінде морфологиялық категориялардың негізгі қызметінен туындап, оның жалғасы, қосымша қызметі ретінде көрінеді. Мәселен, модальдылық мағынаны беру үшін қолданылған бұйрық рай формасының жұмсалуда модальдылық мағынаға қосымша іс-әрекеттің келер шаққа қатысы қоса беріледі.

Рай категориясы мен шақ категориясы – функционалды жағынан ғана емес, құрылымдық тұрғыдан да өзара байланысты категориялар. Олай болатын себебі, бұл категориялардың түр-түрге бөлініп көрсетілетін жіктемесінде де шақ түрлері ашық райдың құрамында беріледі. «Ашық рай – қимыл, іс-әрекет үш шақтың (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) бірінде болу-болмауын білдіретін рай түрі. Демек, ашық райдың басты семантикалық ерекшелігі қимыл, іс-әрекеттің объективті шындыққа қатысты болу-болмауының сөйлеп тұрған сәтпен (шақпен) байланысты

(өтіп кеткенін, өтіп жатқанын, әлі өтпегенін, бірақ өтетінін) сипатын білдіру, сөйтіп ашық рай, бір жағынан, бір өзі етістіктің шақ категориясын құрайды. Осыған байланысты райдың басқа түрлерінен айырмашылығы тікелей ашық рай жасайтын арнайы қосымшалары жоқ болып келеді. Демек, шақ категориясы дегеніміз екінші жағынан ашық рай екенде, енді ашық райдың сипаты шақ категориясы мен оның түрлері шеңберінде қарастырылады» / С.Исаев. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. А., «Рауан», 1998, 303-б./.

Рай түрлеріне байланысты тағы бір тоқталатын мәселе – бұйрық райдың II жақ жекеше түрі. Біздің түсінуімізше, бұйрық райдың жекеше анайы түрі – етістіктің түбір тұлғасы емес, нөлдік форма. Етістіктің түбірі түбір күйіндегі формасы да, бұйрық райдың II жақ анайы түрі – парадигмадағы формасы, екеуі омоформа. Бірінде түбір мағынасын, яғни, лексикалық мағынаны білдіретін тұлға да, екіншісінде – бұйрықтық мағынаны білдіретін грамматикалық мағына.

Рай категориясына байланысты өзге де еңбектерді қарастырғанымызда, мағыналық жағынан төртке (ашық, шартты, бұйрық, қалау) бөлініп көрсетіледі. Ал морфологиялық қосымшалары мен райдың білдіретін мағыналары да осыған байланысты еңбектерде өз ұқсастығын сақтаған.

Ыбырайым Маманов рай категориясын мағынасына қарай алты топқа бөледі. Олар: ашық рай, бұйрық рай, шартты рай, қалау рай, өкініш рай, шарттылық рай. «Ғалым шарттылық рай мен өкініш райларын неліктен қосты екен?» деген сұрақ туындайды. Оған жауап беру үшін ғалымның келтірген мысалдары мен райларды мағынасына қарай бөлу себебін, критерийлерін келтірейік. «Шарттылық рай формасы дағдылы есімше және болжалды келер шақ есімше формаларының «еді» көмекші етістігімен тіркесуі арқылы жасалып, бір істің, қимылдың болу-болмауы екінші бір іске,

қимылға байланысты екенін білдіреді» / Қазіргі қазақ тілі. Етістік. А., «Мектеп», 1966, 156-б./. Дағдылы есімше *-атын еді*, болжалды келер шақ есімше *-ар еді* формаларының шақтық мағынасы күңгірттеніп, жойылу дәрежесіне жеткен. Өйткені олар бірінің орнына бірі қолданыла береді. Сонымен қатар бұл формалар өткен шақ және келер шақ мезгіл үстеулерімен де тіркесіп айтыла береді. Мысалы: *Мен кеше айтатын едім, ертең айтатын едім; кеше айтар едім, ертең айтар едім*. Кейінгі еңбектерде бұлардың ауыспалы мәні ескеріліп, ауыспалы өткен шақ деп аталады.

Рай категориясы мен модальдылық категориясының қатыстылығы орыс зерттеушісі В.В.Виноградовтың есімімен тығыз байланысты. Модальдылық мағыналар функционалды грамматикада модаль сөздер, модаль мағынасындағы сөз тіркестері (қыстырма сөздер), етістіктер, предикативтілік, модаль мәнді есімдер, интонация, рай түрлері арқылы беріледі / А.В.Бондарко. Грамматическая категория и аспект. Л., 1971/.

Ы.Маманов модальдылықтың объектілі және субъектілі болып бөлінуіне қарай топтастырады: «...ашық рай сөйлеушінің қимылдың болу-болмауы туралы объективті шындықты баяндауын көрсететін етістіктің арнайы формасы».

Рай құрылымдық тұрғыдан морфологиялық категория болса, функционалдық тұрғыдан осы категорияға негізделген функционалды-семантикалық модальдылық категориясының ядросы болып табылады.

Ашық райдың негізгі қызметі шақтық мағына білдіру болса, ал қосалқы райлардың (шартты рай, бұйрық рай, қалау рай) негізгі қызметі – модальдылық мағына білдіру, қосалқы райлар шақтық мағынаны жанама түрде білдіреді. Бұл семантикалық функциялар модальдылық және темпоралдылық категорияларының тығыз байланысты екендігін көрсетеді.

ЖАЗБАША АЙТЫС

Қазақ әдебиетінде айтыс жанры екіге бөлінеді: бірі- ауызша айтыс, екіншісі – жазбаша айтыс. Ауызша айтыста айтыскер ақындар табан астында бір-біріне арнап өлеңдер шығарып айтысса, жазбаша айтыста айтыс ақындары қолдарына қалам алып, қағазға жазып айтысады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Кәкішұлы Сыр бойы ақындарының жазбаша айтысы туралы «...Қазақтың ақындар айтысындағы сыншыл ой-пікірлер мен көзқарастың жаңа бір соны сілемдері Сыр бойы ақындарының айтысынан көрінеді. Олар көбіне жазып айтысатындықтан және екеу ара емес, бірнеше адам сөз сайысына түскендіктен жазба поэзияның сілемдері, эстетикалық сынның элементтері байқалады. Шығыс дәстүрінің ықпалдары, көбіне, сюжетті әңгіме-аңыздары, жұмбақтары араласып, оның шешуін іздеу де, сондай-ақ өздерінің өмірін сынауы да, айтысушыларға төрелік айту да айтыстың жаңа бір түрі ғана емес, халықтық эстетиканың бір парасы болып көрінеді. Ол айтыстар тарихта аты қалған Шораяқтың Омары, Ізтілеудің Тұрмағанбеті, Кете Жүсіп, Таубай Жүсіп, Қаңлы Жүсіптердің өзара сөз жарыстыруынан тұтанып, әлеуметтік эстетикалық мәселелерді қозғап отырған...

... Кете, Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Нақып Қожаның жазбаша айтысы бірнеше жылға, яғни, 1908 жылдан 1915 жылға дейін созылып, айтысушы үш ақынға кейде жарастыру, кейде от беріп тұтату, кейде билік айту мақсатымен Кеңесбай Сүйінішбайұлы, Аппаз Жарасбайұлы, ақын Тұрмағанбет, Керейіт Даңмұрын, Мықан Балтекейұлы, Мансұр Бегежанұлы араласқандай екі Жүсіпті Тұрмағанбет татуластырып, айтысты тоқтатқан екен. Мәселе олардың ұзақ айтысуында, көп ақынның араласуында ғана емес. Осы айтыста бір-бірінің өлеңін сынау тенденциясының айқындығында... (Қазақ әдебиеті сынының тарихы (Оқу құралы). А., “Санат”, 1994, 14-17-беттер).

Белгілі ғалым Нысанбек Төрекұлов айтыс туралы зерттеу еңбегінде былай деп жазды: ”Жазба айтыста халық ақындары бір-бірімен хат арқылы айтысқан. Жазбаша айтысу көбінесе хат білетін сауатты ақындар арасында жүрген. Бірлі-жарым хат танымайтын ақындар, ақын емес қыз бен жігіттер сауаты бар ақындарға жүгініп, өлең хат жаздырып алатын да болған. Сонымен қазақ халық поэзиясында, оның ішінде айтыс жанрында жазба айтыс ертеден өріс алып келген...” (Қазақ совет халық поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. А., «Ғылым», 1979).

Ал айтыс ақыны Бекарыс Шойбеков Н.Төрекұловтың мұндай пікіріне былай деп ой өрбітеді: «Бұдан аңғаратынымыз – жазба айтысты дамытушылар негізінен ақындар. Бірақ оған ақын емес адамдар да қатысып отырған. Демек, жазба айтыстың ішкі құрылымының қалыптасуына жеке ақынның тигізген ықпалы өте күшті. Өйткені ол жазба айтысқа тікелей өз атынан және қосалқы есімдер арқылы қатысып келген. Бұлай болуына ықпал еткен – қолынан өлең жазу келмейтін бір-біріне ғашық қыз бен жігіттердің іс-әрекеттері. Жазба айтыс дамуының ең кең тараған

тәсілінің бірі – осы. Әйтсе де, кейбір зерттеушілердің айтуына қарағанда, жазба айтыстың жасалу жолдары он-он беске жуықтайды...» (Жазба айтыстың жасалу тәсілдері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Ұлттық Ғылым Академиясының “Хабарлары” журналы, №4, 2002, 99-бет).

Арал теңізінің Оңтүстік Шығыс өңіріндегі “Дәуқара” елді мекенінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген белгілі ақын әрі жырау Өтім Балтуғанұлының бір-біріне ғашық болған Айша мен Ақжігітке жазып берген хат-өлеңдері Бекарыс Шойбековтың жоғарыдағы пікіріне дәлел бола алады. Айша мен Ақжігіттің жазбаша айтысын жатқа білетін Қанышбек жырау хатпен жазылған айтыс өлеңді Өтім жырау жазып бергенін тілге тиек етеді. Өтім жырау діни медреседе оқыған, діни-ағартушылық бағытта діни өлеңдер жазған.

Технологиялық ақпараттар ағыны топан судай қаптап келе жатқан мынау заманда жастарды рухани жақтан тәрбиелеуде айтыс жанрының ықпалы, әсер етуші қуаты ерекше. “Медиамес” заманда жазбаша айтысты қайта түлетудің рөлі ерекше екенін атап айтуымыз қажет. Онсыз да ұмытылып, әлсіреп бара жатқан қазақ халқының ұлттық дәстүрі, рухани азығы – жазбаша айтысын мектеп қабырғасынан бастап, жоғары оқу орындарында жалғастырудың танымдық-тәрбиелік мәні зор. Әйтпесе, техногендік өркениет бәрін де тұншықтыруы мүмкін. Мұндай қауіптің ана тілімізге де жақындап қалғанын ескерсек, өскелең ұрпақтарды ұлттық рухта тәрбиелеуде аса маңызды ізгілікті іске көз жұмып қарауға болмайды.

Жазбаша айтысты мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарындағы білімгерлер арасында, жалпы ойы терең көркем сөз бен көрікті ойдың жүйрігін мініп жүрген ақындар арасында ұйымдастыру – зиялы қауымдар мен рухани дүниесі бай азаматтардың арлы ісі.

Жазбаша айтыстың төмендегідей түрлері қазіргі кезеңде айтарлықтай дамымай отырғаны қынжылтады: а) жазба айтысының хат арқылы жүргізілуі; ә) жазба айтысының газеттерде жариялануы арқылы жүргізілуі (Ерімбет пен Кете Шораяқтың Омарының айтысы); б) жазба айтысының журналдарда жариялануы арқылы жүргізілуі (Әзірбай мен Садықтың айтысы. “Өркен” журналы, №2, 1999, 27-31-беттер).

Қазақ әдебиетінің тарихына көз жүгіртсек, жазбаша айтысты қалыптастыруда көптеген ақындардың болғанын білеміз. Ерімбеттің Шораяқтың Омарымен жазбаша айтысын, Қаңлы Жүсіп пен Кете Жүсіптің, Қаңлы Жүсіптің Нақып Қожамен, Қарасақал Ерімбеттің Аппазға жазғанын, Қарасақал Ерімбеттің Аппазға жазған хатына Қаңлы Жүсіптің қайтарған жауабын, Қаңлы Жүсіптің Ермұхан Құсайынұлына Қарасақал Ерімбеттің екінші жұмбағы туралы жазғанын, Қаңлы Жүсіп пен Қаражанның Төлегені арасындағы жазба айтысын, Керейт Даңмұрын мен Қаңлы Жүсіп арасындағы жазба жұмбақ айтысын, Шәкей сал мен алты ақын арасындағы жазба жұмбақ айтысын, Қаңлы Жүсіптің Таубайдың Жүсібіне жазғанын, Кете Жүсіп Ешниязұлының Қаңлы Жүсіпке бірінші жазғанын, Қаңлы Жүсіптің Бермағамбет Жанғабыловтың жұмбағын шешуін, Тұрмағанбеттің екі Жүсіпке айтқан аралық сөзін, Керейт Даңмұрынның екі Жүсіпке айтқан аралық сөзін, Мықан Балтекейұлының екі Жүсіпке айтқан аралық сөзін, Мансұр Бекежанұлының екі Жүсіпке айтқан аралық сөзін, Төлеу

мен Мұқыштың жазбаша айтысын, т.б. атап айтуға болады.

Қазіргі кезеңде жазбаша айтысты дамыту шаралары ойдағыдай жүргізіліп жатыр деп айта алмаймыз. Осы ұмытылып кеткен әдеби жанрды қайта түлетуде ұмтылыс жоқ деп те айта алмаймыз. Оған дәлел – 2003 жылы Тараз қаласындағы «Қайнар» университеті баспасынан осы жолдар туындыгерінің «Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы білімгерлерді шығармашылыққа баулу» атты оқу-әдістемелік құралының кітап болып жарыққа шығуы. 2006 жылы осы кітап толықтырылып Алматыдағы «Полиграфия сервис и К» атты баспадан «Жазба айтысын ұйымдастыру арқылы білімгерлер мен мектеп оқушыларын шығармашылыққа баулу» деген атпен екінші рет баспадан кітап болып шықты. Ал Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институты жанындағы Жүсіп Баласағұн атындағы әдеби шығармашылық бірлестік мүшелері білімгерлер мен мектеп оқушылары арасында жазбаша айтыс ұйымдастырды.

Әдеби жанрлардың бірі болған жазбаша айтыс туралы, оның ауызша айтыстан ерекшелігі туралы мектеп оқулықтарын, оқу-әдістемелік құралдар жазу уақыттың талабы екенін ұмытпауға тиіспіз.

Аракідік республикалық басылымдарда «Ақындардың жазбаша айтысы» деген сөз тіркестері «Жазба ақындардың айтысы» деп жазылып жүр.

Жазбаша айтыстың ауызша айтыстан өз ерекшелігі болғандықтан, оны әдеби жанр ретінде «Жазбаша айтыс» деп бөліп атаған дұрыс деп ойлаймын.

Жанар ӨМІРЖАНОВА,
Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университетінің
доцент міндетін атқарушысы, ф.ғ.к.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ, ДАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕГІ

Рахманқұл Бердібай! Белгілі түрколог-ғалым, сыншы, фольклортанушы, Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Рахманқұл Бердібайды білмейтін қазақ зиялы оқырманы аз болар, себебі қазақ әдебиетінің тарихында ғұлама ғалымның қалдырған ізі мол. Қазақстандағы қабырғалы білім ордаларында ұстаздық еткен жылдары мен Халық университетінде ұзақ жылдар бойы оқыған ғибратты дәрістері, ғылым жолында тәрбиелеп, бағыт-бағдар берген шәкірттері білімі мен иманы домбыраның қос шегіндей жарасты дала абызын ел есіне ұдайы салып тұрары сөзсіз.

Рахманқұл Бердібай 1927 жылдың 2 желтоқсанында Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданындағы Көкіш ауылында өмірге келген. Ащысай кентіндегі орта мектепте оқып, 1943-1944 оқу жылында Түркістан педагогтік училищесін бітіріп, 1949-1953 жылдары Оңтүстік Қазақстанның Ильич, Мақтарал, Фрунзе аудандарының қазақ орта мектептерінде мұғалім, директор, аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істейді. Ғалымның ғылыми жолы 1953 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінің аспирантурасына қабылданған кезеңнен басталады.

Белгілі қоғам қайраткері Әди Шәріповтың соңғы еңбегі – естеліктерінде Рахаңның аты «Қазақ әдебиеті» газетіндегі ұлт мүддесін көздейтін ана тіліне қатысты мақалаларына байланысты ілтипатпен аталып өтілген. Жалындаған жас кезінен-ақ тілін тірегі ете білген ұлтжанды азаматтың бар ғұмырын саналы ұрпақ тәрбиелеуге, әдебиеттің тегі мен түрін, тарихын зерделеуге, зерттеуге арнауы азаматтық позициясына адалдығы мен ұлттық мүдде жаршысы болғандығына кепіл.

«Қазақ әдебиеті» газетінің сын бөлімінде қызмет істеген жылдары Р.Бердібай сыншы-публицист ретінде қаламы ұшталып, «Ең үлкен мәдени байлық», «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері», «Қазақша энциклопедия қажет», «Музыка мұқтажы», «Әдебиет пәні және оқулық», «Шығыс қазынасы», т.б. мақалалары арқылы қордаланған ойларға қозғау салып, Қазақстан үкіметінің ұлт мәдениетін көркейтуге бағытталған қаулыларының алынуына себеп болды. Өзекті ойларына өріс берген газеттегі қызметінен соң ол 1960-1972 жылдар арасында әдебиеттің тарихы және теориясы мәселелерімен тереңірек айналысады. Ізденіске толы он жылдың нәтижесі «Әдебиет және өмір», «Роман және заман», «Қазақ прозасындағы замандас бейнесі», «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы», «Дәстүр тағлымы», «Қазақ романы», «Қазақ тарихи романы» сияқты кітаптарға айналып, ғылыми көпшілікке жол тартты. Р.Бердібай 1961 жылы филология ғылымдары бойынша кандидаттық («Қазіргі қазақ романындағы сюжет проблемасы»), 1971 жылы докторлық («Қазақ романдарының теориялық мәселелері») диссертация қорғап, ғылымда өзіндік жолы бар, ойы бар ғалым ретінде танылады.

Ғалым теорияға да, тарихқа да белсене атсалысуымен қатар кей себептермен ұмытыла бастаған әдеби-музыкалық дәстүрлерді де жаңғырту үшін тер төкті, тіпті, албан Көдек ақын сияқты санада болғанмен, қағазға түспеген ақындар мұрасына қайыра жан берді, айтысты, жыраулық-жыршылық

өнерді көркейтуге қомақты үлес қосты. 1968-1970 жылдарда ол жаңадан ашылған Қазақ совет энциклопедиясы Бас редакциясының жауапты секретары болып, 13 томдық әмбебап энциклопедияның сөз түзілімін саралауға басшылық етті. Ғалым Мұхтар Әуезов басшылық еткен алты томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1960-1967 ж.) толағай еңбегінің, «Көпұлтты совет әдебиеті тарихы» (1970-1974 ж.), мектеп бағдарламасына арналған «Қазақ совет әдебиеті» оқулықтарының авторларының бірі болды.

Р.Бердібай 1973-1995 жылдарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында фольклор бөлімінің меңгерушісі болған жылдары ауыз әдебиеті саласында өнімді еңбек етіп, «От легенды к роману», «Гүлстан бұлбұлдары», «Сарқылмас қазына», «Эпос мұраты», «Мұхтар шыңы», т.б. ғылыми еңбектерін дүниеге әкелді. Бір ғана Мұхтар Әуезов шығармашылығы жайлы жиырма жылдай үздіксіз қалам тартуы ғалымның қай тақырыпты болса да жетік біліп, жетелі талдау жасайтын сұңғылалығын танытады.

Ғалымның көркем әдебиетте де біраз із тастағандығын «Солдат сыры», «Фарида», «Жастық кешуі» сияқты әңгіме, повестері айғақтайды.

Өз уақытында әдебиет пен мәдениет саласына сіңірген еңбектері жоғары бағаланып, «Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер» (1983), «Қазақстанның еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» (1992) атағы беріліп, Түрік тілі қоғамының (Түркия), Халықаралық Шыңғыс Айтматов қоғамдық академиясының, Ресейдің халықаралық психология академиясының мүшесі, Шоқан Уәлиханов атындағы, «Түрік дүниесіне қызмет сыйлықтарының» иегері болды. Ғұлама ұстаз «Парасат» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін», «Еңбек ардагері», «Тәуелсіз Қазақстанның 10 жылдығы», «Ана тілі», Қырғызстан Республикасының «Даңқ» медальдарымен марапатталып, Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасының иегері болды.

Кеңестер Одағы билігі құлаған соң ғалымның көп зиялының алды болып, қажылыққа барып, иман мен әділет жолын насихаттар рухани ұстазға айналғанын көпшілік біледі, өз ортасынан тағы бір айырмасы өз ұрпақтарына ана тілінің мәйегімен сусындата білуі еді, тәрбие басы бесіктен емес пе, Айжан да, Азамат та, Қанағат та тұнық тұмадан қанып ішті, тіпті, кішкентай немересі – Айзаданың өзі бес жасында Мағжан өлеңдерін жатқа айтты. Академик денсаулығы сыр бергенге дейін Түркістан өлкесінің қалауы бойынша Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жемісті еңбек етіп, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатты.

Көне грек ғұламаларының айтуынша, адамның үш беті болады екен, бірі жаратушының берген сипаты, екіншісі өзінің елге көрсететін беті, үшіншісі елдің оған берген бағасы. Рахаң дархан жаратылыстың сомдап құя салған «самородный сары алтыны» еді, даланың дана шежіресі жасты жассынбай, талабын ұштап, талай таланттың көзін ашты, мейір-шапағын шашқан күн сияқты қанша ақынның жырына арқау болды, қиналғанда демеу, жығылғанға сүйеу болған абыз жұбайы Зада апай екеуі қаншама қиналған жанға үй мен күй болғандығын біреу білсе, біреу білмес. 1998-99 жылдар аралығында ол кісінің аспиранты бола жүріп мен ғалымның үйінде бір айдай жаттым, сондағы көргендерім: әр күн сайын алыс-жақыннан азаматтар қазағы бар, түрігі бар, басқасы бар сәлем беруге, ақыл-кеңес сұрауға үздіксіз келіп жатты, оларға ұстаздың уақыты да жетіп жатты, Зада апайдың жомарт дастарханы да кеңінен жайылып тұрды.

Айта берсе, рахман нұрындай барлық қыры ашыла берер асыл ұстаз қазір арамызда жоқ, бірақ түбірлі де түйінді ойлары жадымызда, эпостың тарихын зерделегені сияқты ғалым бізге өз ұлтының мәдениетінің тонын айналдырып киген жаулары – көзқамандардың нақты белгілерін аурудың диагнозы сияқты айқындап кетті: **«Ал көзқамандар ақыл-есі ауысқандар емес. Бұлар мектеп, университет бітірген,**

жоғары лауазымды қызмет атқарғандар болуы да әбден мүмкін. Кейбіреулері талай елдердің тарихы мен философиясын жатқа айтып, жаңғақша шағып беретіндер, әділдік, адам құқы, өркениет, достық, ынтымақ, бейбітшілік секілді сөздерді судай сапыратындар. Сырттай қарағанда, мінсіз шешен, сәуегейден бетер білгір, әлем тағдырын өз алақанындағыдай кесіп-пішіп, сынап-мінеп отыратын да тәрізденеді. Бірақ бұлардың жазылмайтын немесе ұзақ емдеуді керек ететін ауруы – туған халқының дәстүрін танып-білуге салғырттығы, сөз жүзінде отаншыл болып көрініп, былай шыға бере елдің қас жауларымен тіл тауып, халықтың түпкілікті мүддесін сатып жіберетіндігі, ең жаманы – жұртының қадір тұтқан қымбаттарын, тәуелсіздігімізді тәрк етуді көздеп отырғандармен ауыз жаласып, соларға арқа тіреп, намысымызды таптап кететіндігі. Мәңгірттер есінен айырылған міскіндер болса, көзқамандар – елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер...». Дала мәдениетінің мәуелі бәйтерегінің бір ұстанымы – осы.

Күрес.

12 шілде күні ағайдың рухына тағзым ету үшін киелі шаһар Түркістанға жол тарттым. Купедегі сапарласым Гәуһар Мақаш болса, ағайдың шарапатын көп көрген шәкірттерінің бірі болып шықты, көзіне жас ала отырып, Рахманқұл ағайдың тамаша қасиеттерін санамалап: «Туған жерінің мерейін, ғылыми деңгейін көтеруге көп үлес қосқан ұстазымыздың орны жүректен өшпейді, ағаймен қоштасу кезінде өткізілген шара осыны дәлелдейді, әрбір облыстан, әр қаладан қоштасуға жоғары оқу орындарынан делегациялар келді, әрбір сөз сөйлеу мүмкіндігіне ие болушы телегей теңіз білім иесі, фольклоршы ғалым Рахманқұл Бердібайдың тірліктегі адами тұлғасы, ғылыми еңбектері жайлы тебірене сыр шертті, профессор Тұрсынбек Кәкішевтің қоштасу сөзіне егілмеген жан болмады, ақырында ағайдың өмірлік серігі Зада апайдың сөзіне қосылып, барлық шәкірттері жыладық»

деді. Иә, ағайдың кісілігінің бір көрінісі ретінде өзім куә болған 1999 жылғы бір оқиғаны айта кетейін. Рахманқұл ағайдың үйіне жайғасқан соң, ертерек авторефератыма пікір алмақ болып, Түркістандағы университеттің қазақ әдебиеті кафедрасына бас сұқтым. Сәлемдесіп болған соң кабинеттің төріне жуық отырған қара торы ағайға өзімнің не себепті келгенімді түсіндірдім, ол кісі менің Алматы облысынан екендігімді білді де: «Албан мұнда неге адасып жүр, аулақ, саған пікір бере алмаймын» деп есікті жауып қоюымды сұрады. Рушылдық туралы білсем де, зиялы ортаның өкілінен мұндай тасыр сөзді күтпеп едім, ойыма Бердібек Соқпақбаевты албандығы үшін қабылдамай қойған топас оқу мекемесінің бастығы оралды. Уақыт өзгерсе де, сананың өзгермегеніне таң қалып, енді бірінші оппонентім профессор Құлбек Ергөбекті іздеп Шымкент қаласына жол тарттым. Ағай менің салым суға кеткен түрімді көріп, қайдан келгенімді, не жұмыспен жүргенімді сұрады да: «Мен асығыс едім, бірақ алыстан іздеп келіпсің, үйге барып, жұмысыңды оқып, талдайық» деп, кешке дейін диссертациямды оқып, қолыма пікірін жазып ұстатты да, шай беріп, «Сырт жақтың адамдары бірден білінеді, бірнәрсеге ұшырап қалма» деп, қолымнан жетелеп автостанцияға әкеліп, маршрутқаға отырғызып жіберді. Ол адамға деген ренішімді Құлбек ағайға деген ризалығым басып кетті. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме, осы оқиғаны мен Құлбек ағайға қатысты сөз қозғала қалғанда үнемі айтып жүремін. Барлық адам баласы бірдей еместігіне мерейім өсіп, қатты толқып, ағайдың үйіне келдім. Рахманқұл ағай бір күннің ішінде ісімді бітіргеніме қуанып, «Өзің өз жұмысыңа тайбурылша шабады екенсің» деп мақтап қойды. Сонымен кеш бата Зада апайдың берекелі дастарханына бас қойдық. Астан кейін біраз үзіліс жасаған ағай менің жұмысымды тыңдауға кірісті, осылайша он бес күн уақыт өтіп кетті. Ғұлама ғалым маған төрінен орын беріп, басымнан сипағанында, Алла жолымды ашып, нағыз зиялы адам, асылдың сынығына жолыққаным

тәубе еттім. Рахманқұл ағайға жан-жақтан келуші жандар көп еді, университеттегі дәрісінен кейін айтысқа, жиналысқа, кеңеске деп, кезекке тұрып, ұстаздың өзінің үйінде бел шешіп демалуына мұрса бермейтін. Ағай шаршаса да бәрінің көңілін қимайтын, бірақ білімін емес, байлығын бәйгеге салатын жандарды беттетпейтін де бармайтын. текті тұлғаның бір белгісі осында еді, адамды танып, бағалай білуші еді, ал балақтан кіріп басқа шабушыларды тез тоқтатып, «Сен ғылым адамы емессің, мүмкін, жақсы сатушы, хатшы, инженер шығарсың, өз жолыңды адаспай тап, шырағым» дедім деп айта отыратын.

Ағай Алматыдан Түркістанға ауысарда академиядағы фольклор бөліміне іздеп барғанда көргенім: кіре берісте ақын Б.Айболатұлы не істерін білмей күбірлеуде; ф.ғ.к. Б.Қанарбайқызы жылап отыр; Дүйсенкүл кабинет ішінде ары-бері сенделуде. Бұның себебі ағайдың Түркістанға орын ауыстыруы болып шықты. Қайран, Рахманқұл ағай, Сіздің далаға тартқан дана болмысыңыз ерекше еді ғой!..

Дәл сол күні, 12 шілдеде, қазақы салт бойынша Рахманқұл ағайдың өмірден өткеніне бағышталған 100 күндігі өткізілді, алыс-жақыннан келген ағайындар, Қожа Ахмет Иассауи атындағы қазақ-түрік университеті ұстаздары кең жайылған дастархан басына жайғасып, ағайдың жақсы қасиеттері жайлы кеңінен әңгіме шертті. Зада апай бастаған Айжан, Асыл, Айзадалар, құдағилар тобы кіріп-шығып жатқан көпшілікке тізе бүкпестен зыр жүгіріп қызмет етті. Астан дәм татқан ағайын ғалымның үй ішімен қоштасып, құран бағыштау үшін жасалып жатқан ескерткішке бет түзеді.

Тірлігінде талай көзқаманның қазақ тілінің мемлекеттік мүддесіне тосқауыл болуына жол бермеген кемел қайрат иесі бүгінде жаратқанның кең дүниесіне сапар шегіп кетсе де артта қалған сарқылмас қазынасы – ұлт мүддесі үшін кемел ойлардың бұлағы болып қала бермек. Алла ісіңізді ғұмырлы етсін, дана ұстаз!

Рыскелді БРҒАЙТЫ,
Білім беру ісінің құрметті
қызметкері.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ. ОНЫ БІЛ...

Алматы қаласы әкімдігіндегі Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен 11-14 қыркүйек аралығында ересектерге қазақ тілін оқыту ісінің сапасын арттыру мақсатында «Қазақ тілінің үздік оқытушысы» атты қалалық байқау өтті. Оған Алматы қаласы бойынша 12 оқытушы қатысты: аты аталған басқармаға қарасты «Тіл» оқу-әдістемелік орталығынан бес оқытушы (Ғалия Байтілеуова, Алтынай Қалқаева, Самал Іргебаева, Светлана Әзербаева, Меңдіғаным Маданова), «Қазақтелеком» акционерлік қоғамынан екі оқытушы (Әсел Демешова, Гүлжанар Әуезова), «LevelUP education» ЖК-дан да екі оқытушы (Ханзада Ахметова, Мәлике Ғарифуллина), Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтынан (Нүргүл Исмағұлова), Ішкі істер оқу орталығынан (Нүргүл Әлімбекова), «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік комитеттен (Оралжан Масатбаев).

Сабақ өту уақыты жарты сағат көлеміне лайықталды. Байқауда қазылар алқасының төрағасы, Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасының бастығы Мамай Ахетов, төраға хатшысы – осы басқарманың бас маманы Айнұр Сыпатаева болса, қазылар алқасының мүшелері – Зәуреш Ерназарова («КИМЭП» тілдер орталығының координаторы, ф.ғ.д.), Анар Фазылжанова

(Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты директорының орынбасары, ф.ғ.к.), Сәуле Малтақбаева («Алматыинжстрой» акционерлік қоғамының мемлекеттік тіл жөніндегі бас маманы), Райхан Дүйсенбаева (Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы) және осыны жазып келтіруші – мен.

Қалай болғанмен де, бұл байқаудың өтуінің өзі – оқыту тіршілігінің бар екендігінің белгісі. Оқыту саласындағы мұндай байқау нәтижесінде оқу ісіміз алға басып өркендеп жатса – нұр үстіне нұр демеске лажың болмас. Егер ол, мысалы, Алматыдағы «Қазақ тілінің үздік оқытушысын» таңдап анықтай алса ше, онда байқау өткізілуіне неге аса зор мән бермеске?!

Білім мен ғылым ордасы атанып отырған қаламызда ересектерге қазақ тілін оқыту үдерісінде неше оқытушы жұмыс атқаруда? Сонда осы 11 (Бір кісіміз тіліміздің мәртебесін көтеруге қатысты өткен-кеткен жұмысын қазыларға ауызша айтып берді) оқытушы қаладағы мыңдаған оқытушылардан оза шауып, осы байқауға қатысқандары ма? Өзгелер неге енжар? Естуімізше, байқау туралы мәлімет алдын ала БАҚ-та жарияланғаннан кейін құлшына өзі өтініш беріп келгені – тек біреуі ғана екен, ал басқа қатысушылар басқарманың талап етуімен, сондай-ақ өтініш етуінен кейін барып қатысыпты. Осы жәйттің өзінен-ақ іс-шараның жалпылама бір сипаты көз алдына келеді... Енжарлық, бәлкім, «... қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік...» (Абай) дегенге байланысты туындауда ма?! «Басы артық қажетсіз шаруа» деп ойлай ма? «Сен тимесең мен тимен, бадырақ көз» бе?

Міне, сондықтан толық қатысуын оқытушылардан талап ете алмау болып тұрған кезде бұл оқытушылардың аталмыш іс-шара барысынан табылуына алдымен зор рахмет айтуды

ұмытпағанымыз жөн.

Ересектерге арналған, болып өткен қазақ тілін оқытулар маңыздылығына қатысты қарағанда екі түрлі сипатта екендігі аңғарылады. Оның бірі – арнайы маман, мемлекеттік қызметкерлерге қазақ тілін оқыту да, екіншісі – зейнеткерге, жұмыссызға қазақ тілін оқыту. Мәселен, «Тіл оқы-әдістемелік орталығы мамандарының екеуі қалалық және аудандық әкімдіктегі мемлекеттік қызметкерлерге, үшеуі зейнеткерге, жұмыссызға, диаспора өкілдеріне қазақ тілін оқытқандығын айтуымызға болады.

Егер үлкен ұлық, мемлекеттік қызметкерлер, мемлекеттік іске қатысы бар тұлғалар мемлекеттік тілде сөйлемесе, жазбаса бұқара халықтың осыны көріп тауы шағылады, еңсесі түседі. Демек, қазақ тілінің тағдыр-талайы көп жағдайда аталмыш қауымның сөйлеу-сөйлемуіне, жазу-жазбауына тікелей байланысты.

Біз мемлекеттік қызметкерлерді мемлекеттік тілде іс жүргізе, ауызекі сөйлесе алатындай бірыңғай деңгейге келтіре алған жоқпыз ғой. Әйтеуір кім-кімді де оқытып жатырмыз деген жалпылама жауапсыз есеп кімге керек? Сол себепті, әкімдік қызметкерлері үшін, «Қазақтелеком», Қорғаныс министрлігіне қарасты Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының, Ішкі істер министрлігінің оқу орталығында өткен сабақтар, яғни, жалпы 11 оқытушының бесеуінің қызметінің мемлекеттік маңызы бар іс болғандығын ерекшелеп айтып өткен артық болмас.

Сабақтар екі тақырыбы (лексикалық және грамматикалық) белгіленіп оқытылып жүрген біз білетін «Қазақ тілі орыс мектебінде» үлгісімен құрылған: «Лексикалық тақырып: Денсаулық сақтау және спорт. Грамматикалық тақырып: Ортақ етіс», «Лексикалық тақырып: Дүкенде.

Грамматикалық тақырып: Салыстырмалы шырай формасы», т.б.с.с. Қазақ мектебіндегі «Қазақ тілі» пәні мұндай жүйені ұстанбайтындығы белгілі.

Тіл үйрету «Бастауыш», «Жалғастырушы», «Тереңдетілген» деген үш сатыдан тұрса, өтілген сабақ-тардың бәрі «Бастаушы» екендігімен бір арнада тоқайлас-ты. Елімізде қазақ тілін оқытуда бүкіл күш, қаржы өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін, онда да тек бастауыш деңгейін оқытуға жұмылатындай болып көрінеді. Қорқыныштысы сол: ширек ғасырдай еңбек тек осы бастауыш деңгейден аса алды ма?!

Сірә, қарсы алып, шығарып салуға оқытушының «Бастаушы» сатыдағы жұмысы қолайлы болса керек. Егер ол «Тереңдетілген» сатыдағы болса, оқып үйренуші жеме-жемге келгенде мемлекеттік, тіпті, мемлекеттік емес қызметіндегі мемлекеттік тілге қатысты өз ісінен хабардар ете білуі керек қой.

Мемлекеттік тілді оқытуды бастап, жеріне жеткізбей тастап, қайта айналып кеп қайтадан бастап жүрген жоқпыз ба? Егер 1 курс 100 сағатқа лайықталса, әр сабақ курстың жүзден бір бөлігі ғой. Әлде арқа сүйейтін, бағыт-бағдар көрсетер бағдарламамыз тиянақты теориялық бағыт-бағдарсыз болғандығы ма? Бағдарлама демекші, қазылар алқасының бір мүшесі ретінде бағдарламаларының көшірмесін сұрауын сұрадық, ұсынған ешкім болмады, кейбірі өзі басшылыққа алып отырған кітабын көрсетті.

«Қазақтелеком» АҚ-тан екі оқытушы екендігін жоғарыда айттық. «Қазақтелекомның» мемлекеттік тілге деген көзқарасының дұрыстығын әр тараптан келіп қазылық еткендер бірауыздан мақұлдады (қазылардың бірауызды болуы тек осы арада ғана көрінді): арнайы көңілге қонымды кабинет жасақталуы, жұмыстың жүйелі түрде болуы,

басшылықтың оқытушыларға, жалпы мемлекеттік тілге қатысты істерге көңіл бөлуі, т.б.

Оқып үйренушінің қанша екендігіне де назар аудару керек сияқты. Мәселен, Әсел Дәмешованың «Лексикалық тақырыбы: Лауазым иелері. Грамматикалық тақырыбы: Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі» сабағында он екі ересек болды. Біраз сабақтарда оқып үйренуші екеуден аспады.

«Кем дегенде бесеу» деген талап болса. Сан мен сапа арақатынасы болуы керек қой.

Он екі кісі қатысқан сабақта оқытушы «Женя, Олеся, Адрина, Паша», т.б. деп оларды есімдерімен атады. Егде кісіні «Ольга Николаевна» деді. Бұл да орынды. Ал тіпті «Ольга апай» десе қалай болар еді? Онда тіл үйренуіміз дәстүр ұстанумен ұштасады.

Қазақстандағы диаспоралардан кәріс ұлты өкілдерінің, сондай-ақ татар ұлты өкілдерінің қазақ тілін оқып үйренуге деген ынта-ықыласы сезіліп-ақ тұрды.

Оқытушы күні бұрын «қойылым» дайындауға уақытын жұмсап, қазыларға тек соны қайталап көрсете қоймаса екен дейміз, бұл өзін де, өзгелерді де алдаудың бір түрі ғой. Мұның қауіптілігі сонда: оны көп кісі ажырата алмайды. Жұлделі орынға осылайша ие болмаса екен.

Бәрін егжей-тегжейлі жазып келтіру шарт емес, сондықтан журнал талабына сай талдап талқылау, ой салу тұрғысында жазғанымыздың бір ыңғайы осы болды. «Мемлекеттік тіл. Оны біл. Біле алмасаң мемлекеттік қызметтен аулақ жүр» деген сөз де тіліміздің ұшына орала берді.

Алматы қаласы Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасы қазақ тілінің іздеушісі, сұраушысы бар екендігін оны оқытуға байқау жүргізу арқылы да назарда ұстап жүргендігін анық аңғартты. Біз осыған разымыз.

Елік Хасихан,
Ақмола облысының
Бұланды ауданындағы
«Макинск №5 орта мектебі»
мемлекеттік мекемесінің
мұғалімі.

«ЖАС ТІЛШІ» ТАҢДАУ КУРСЫ

(8-9-сынып)

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес жас ұрпаққа білім беру ісінде оның жеке-даралық ерекшеліктеріне мейлінше мән бере отырып бейіндік оқыту жүйесі іске асырылуда.

Бейін алды дайындық негізінде құрастырылған бұл таңдау курсы 8-9-сынып оқушыларына арналған.

Бүгінгі қоғам – ақпараттық құралдар қоғамы. Мектеп оқушылары қазір заманауи құралдармен жабдықталған, қаншама ақпараттық ортамен байланыс жасап отыр: түрлі телеарналар, ғаламтор желісі, мерзімдік басылымдар, т.б.

Ақпараттық құралдар және олардан алынатын сансыз мәліметтермен жұмыс істеуге деген оқушы бойындағы аса үлкен қызығушылықты шығармашылық жұмыспен ұштастырып, нақты мақсатқа жұмылдыруға мүмкіндік беретін курс бағдарламасы осы бағытта жұмыс істеймін деген жас ұстаздарға әдістемелік көмекші құрал бола алады.

Сөз өнері, қызықты ақпараттар жинау, материалдардың құрылымы, алғашқы нұсқасы және өңдеу, жазу үдерісі, жауапкершілік пен этика, журналистика жанрлары туралы мағлұмат алумен қатар шығармашылық жұмыс түрлеріне машықтанады.

Ең бастысы, оқушы өзінің бейіндік бағдарын анықтай алады, шығармашылық жұмыс түрлеріне төселеді, коммуникативтік құзырлылығы дамиды.

Бағдарламаның мақсаты: білімділік – тіл стильдерінің ерекшеліктері мен құрылымдары туралы білім жүйелілігі, оқушының қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына, кәсіби бейімделуіне жағдай жасау, өз жұмысына өзіндік баға беруге үйрету; **дамытушылық** – оқушылардың коммуникативтік құзырлылығын дамыту, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісінің дамуына мүмкіндік тудыру; **тәрбиелік** – жауапкершілік, қарым-қатынастық, мәдениеттілік.

Мектептің басты міндеті – оқушыларға ғылым жүйесінің базистік негіздерін меңгерту, қоғамға әлеуметтік-психологиялық жағынан орынды бейімделулерін және ондағы өз орнын дұрыс анықтауларын қамтамасыз ету, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, сондықтан **курстың негізгі міндеті** – оқушының танымдық және бейіндік, шығармашылық қабілеттерін дамыту; өзіндік жұмыс түрлерін тиімді, дұрыс ұйымдастыра білуіне көмектесу; кәсіби қызметінің бағытын саналы түрде жетілдіруге бағыттау; ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру.

Қолданылатын технология: жобалау, ақпараттық-компьютерлік технология, шығармашылық шеберлік, тұлғалық бағдар. **Іске асырылу көзі:** мультимедиа, ғаламтор, БАҚ, теле және видео хабарлар, жүйелі түзету жұмыстары. **Мұғалімнің қызмет түрі:** сабаққа тиімді микроклимат туғызу; әрбір оқушының даму траекториясын анықтау. **Оқушының қызмет түрі:** зерттеушілік-жобалық; коммуникативтілік; талдау, салыстыру, өңдеу, шешім шығара білу; газет материалдарының жанрлық ерекшеліктерін, құрылымын, тілдік қызметін ажырата білу; әңгіме, сұхбат жүргізе білу; көпшілік алдында сөйлей білу.

Оқушылардың мектепшілік газет шығаруы, үздік мақалаларды жариялауы, аудандық газетке мақала беруі курс жұмысының қорытындысы болады.

Өз тәжірибемдегі курс жұмысы бойынша мектепте «Жауқазын» газеті айына бір рет шығарылады. Әр сыныптағы оқушылардан жас тілшілер тобы құрылған. Олар мектепте өткізіліп жатқан оқу-тәрбие жұмысы бойынша түрлі іс-шаралар туралы материалдар жинастырып, мақала жазады. Газетте түрлі айдарлар бар. Мысалы: жас ақындар шығармашылығына арналған «Жас қалам», салауатты өмір салтына арналған «Дені саудың жаны – сау», білімдегі жаңалықтар мен жетістіктерге байланысты «Оқу – білім бұлағы», т.б.

Ауданда өткізілетін дәстүрлі «Жас тілшілер слеты 2012» конкурсында шығармашылық топ жүлделі 2-орынды иеленді.

Оқу-тақырыптық жоспар

Аптасына – 1 сағат. Жылына – 34 сағат.

Курс бөлімдері.

Кіріспе (1 сағат). Журналистік қызмет (6 сағат).

Журналистік мәтін (20 сағат). Баспа жұмысы (6 сағат).

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны		Өткізілу түрі	Шығармашылық жұмыстар
1	Кіріспе сабақ	1		Интерактивті дәріс	
1-бөлім. Журналистік қызмет					
2	Журналистика негіздері	1	1	Дәріс, шағын топтармен жұмыс	«Ассоциативті қатар» әдісі
3					
4	Тілші мен аудитория (аудиторияның ықыласын аудару тәсілдері)		2	Газет мақалаларымен жұмыс	Іскерлік ойын «Пресс-конференция»
5					
6	Тілшінің сөйлеу мәдениеті	1	1	Тренинг ойын	Көпшілік алдында сөйлеу
7					
2-бөлім. Журналистік мәтін					
8	Мәліметтермен жұмыс	1	1	Дәріс	«Араның ұясы» әдісі
9					

10	Материалдың құрылымы, алғашқы нұсқасы және өңдеу		1	Дәріс	«Араның ұясы» әдісі
11	Жазу үдерісі		1	Дәріс	Газетпен жұмыс
12	Жауапкершілік және этика	1		Дәріс	«Өз-өзіме хат»
13	Журналистиканың негізгі жанрлары. Ақпараттық жанр, әңгіме, сұхбат, репортаж, түсініктеме, корреспонденция, деректеме есеп, баспасөз, мақала, түсіндірме	1		Дәріс	Мектеп өміріндегі ақпараттық жанр түрлері (сұхбат, түсініктеме, мақала)
14 15	Репортаж және оның түрлері		2	Дәріс	
16 17	Сұхбат. Ақпарат жинау әдістері		1	Шығармашылық шеберлік	Рецензия жазу
18	Талдамалы жанр, есеп, корреспонденция, журналистік шолу, рецензия, баспасөз конференциясы	1		Дәріс	
19 20	Рецензия		2	Шығармашылық шеберлік	Рецензия жазу
21	Көркем публицистика жанры, Очерк, эссе, суреттеме	1		Дәріс.	
22 23	Очерк		2	Шығармашылық шеберлік	М.Әуезов «Индия очерктері». Талдау жазу
24 25	Эссе		2	Шығармашылық шеберлік	Эссе жазу
26 27	Сатиралық жанрлар: фельетон, памфлет, пародия	1	1	Дәріс.	
28	Стильдік және тілдік қателер		1	Машықтану	Мақала жазу
3-бөлім. Баспа жұмысы					
29 30	Газет құрылымы: беттердің қатталуы		2		Аудандық «Бұланды таңы» газеті тілшілерімен кездесу, экскурсия
31 - 34	Мектеп газетін дайындау, шығару	1	3		Мектеп газетіне түрлі жанрда материалдар дайындау, газет шығару

Рашида САЛАМАТОВА,
Харькин жалпы орта білім
беретін мектебінің мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
«Шабдар жол» ауылы.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖҰБАНЫ

Мақсаты: оқушыларға Жұбан Молдағалиевтің өмірі мен шығармашылығынан жалпы мәлімет бере отырып, тарихи фактілерге көңіл аудару, поэманың тақырыбын түсіндіру, өткен тарихымызға деген қызығушылығын ояту, өз ұлтын, туған жерін сүйеге тәрбиелеу, ақын шығармаларын қадірлеуге үндеу.

Көрнекілігі: ақынның портреті, кітаптары, дәйексөз жазылған қағаздар. **Өту әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, мәнерлеп оқу.

Өту барысы.

Кіріспе.

*Жайласып жатыр ақырын
Зал толы жырдың достары.
Тыңдамақ абзал ақынын
Ардақты отандастары.*

*Ақын ше? Ақын келмеді,
Бос күтті төрде бір орын.
Күмбірлеп залды кернеді
Сөз алып сонда жырғы оның.*

Бұл ақынның ақын туралы толғанысы еді. Арамызда ақын жоқ, бірақ жыры, шығармалары қалды, өлмес өлеңдері

қалды, жырсүйер ұрпақтары қалды. Енді сөз кезегі – өздеріңде.

Негізгі бөлім.

Жұбан Молдағалиевтың өміріне қысқаша шолу (Әли Мұхамедияров)

Тұңғыш жинағы – 1949 ж. «Жеңіс жырлары»

Ең соңғы жинағы – 1990 ж. «Қыран дала»

Жұбан ақын «Мен қазақпын» деп жырлап өтті. Ақын өмір сүрген кезең кешегі Кеңес дәуірі еді, яғни «Біз – совет халқы» деген ұранның кезі еді. Міне, сол кезде қазақты бөліп алып, «Мен қазақпын» деп жырлады. Мұндай ерлік кез келген ақынның қолынан келмес еді. Бұған дейін Дағыстанның көрнекті ақыны Расул Ғамзатов қана «Менің Дағыстаным» деп жырлаған еді.

«Мен қазақпын» поэмасынан үзінді оқу (әдеби-монтаж)

Поэmanın негізгі тақырыбы:

Еліңе, жеріңе, өз ұлтыңа деген сүйіспеншілік.

Өз ұлтын сүйу – ұлтшылдық емес, ұлтжандылық. Біз бәріміз де – өз елімізді сүйеміз, өз ұлтымыздың перзентіміз. Перзенттік парыз әр түрлі жолмен өтеледі. Ал ақынның елі алдындағы борышы – халқын, ұлтын таныта білу.

«Мен қазақпын» поэмасы 1964 ж. жазылған. 10 тараудан тұрады. Оқиға лирикалық кейіпкер атынан баяндалады.

Поэмада халқымыздың басынан өткен тарихы сонау «Ақтабан шұбырынды,

Алқакөл сұламадан» бастап, бүгінге дейінгі тарихқа шолу жасалады.

Менен, тақсыр, жерің аз жат сыр алған,

Қызметіңде қалбаңдап, қат сыналғам.

Сен білмесең – біледі Наполеон,

Солдат болып Сенадан ат суарғам.

Бұл арада ақын **1812 жылы** Ресей армиясының құрамында соғысып **Наполеон Бонапартты** жеңгеннен кейінгі Францияға барған **Нарынбай Жанжігітов** сияқты қазақ жауынгерін жырға қосып отыр. Ақын тарихи оқиғаларға нақты фактімен келеді. Мына шумаққа назар аударайық:

Дүбірлес ем, дауылмен мен бірлес ем.

Пушкин білді, қазақты сен білмесең.

Даланы да түрмеге айналдырдың,

Арылмаған аяқтан сен бір кісен.

Бұл жерде орыстың ұлы ақыны **А.С.Пушкин мен отаршыл Ресейді** салыстыра жырлап отыр. **1832 ж. А.С.Пушкин Орал қаласына келіп Е.Пугачев көтерілісі** туралы деректер жинады. Осы сапарда **«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»** жырын ел аузынан жазып алды.

Ақын атамыз көзі тірісінде туған жерге, туған ауылына үнемі келіп тұратын. Әр келгенде жыр сүйер оқырмандарымен жүздесіп, өкшесін басып келе жатқан ақын іні-қарындастармен ой бөлісетін. Ең соңғы туған елге табан тірегені – 1984 жылы еді. Тайпаққа келген ақынды жұртшылық қуана қарсы алды. Ақын атамыз туралы небір әңгімелер, өлеңдер жазылды. Соның бірі осы ауылдың, осы мектептің түлегі **Бұлбұл Төлеуқызының** ақынға арнаған балғын жыры еді.

«Жұбан ағаға» (*Назгүл Төлеуова оқыды*).

- 1986 жылы желтоқсан айында Қазақ тарихында қандай оқиға болып еді?

Жауап: Қазақ жастарының бастауымен болған алғашқы демократиялық қозғалыс болды. Бұл қозғалыс адам құқығымен ұлттық намысты жоғары ұстауды талап еткен қозғалыс еді. Жастардың бейбіт ереуілі қанды қысыммен басылды. «Бұзақы», «нашақор», «ұлтшылдар» деген айып тағылды. Міне, осы кезде **Жұбан** атамыз тағы да тайсалмай жауап

берді.

- Жоқ! Мен мұндай әділетсіздікке төзе алмаймын! Мен соғыста қан кешкенде болашақ ұрпағым солдат етігінің өкшесімен тапталсын дегенім жоқ! Менің ұрпағым нашақор, бұзақы, ұлтшыл емес.

Осылайша ол үлкен азаматтық жүрекпен жауап берді.

Көп ұзамай 1988 жылы азамат ақынның жүрегі соғуын тоқтатты. Ақынның нәзік жүрегіне жалған жала әсер етті ме, кім білсін?!

Міне, еліміз егемендігін алды. Ақынның армандап жырға қосқан Елтаңбасы, Заңы, Әнұраны жаңаланды. Қазірде жерлес ақындарымыз өз ақынын сағына еске алып, жыр кештерін өткізіп, өлеңдерін арнап отырады.

Ақұштап Бақтыгереева. «Ерлікті көзбен көрген күн».

СБейсенғалиев. «Поэмалар керуені».

Викториналық сұрақтар:

1. Жұбан Молдағалиев қай жылы қай жерде дүниеге келді? /**1920 ж.Тайпақ ауд. Сайқұдықтағы Жыланды деген жерде**/ 2. Ақынның поэмаларын ата / **«Сел», «Кісен ашқан», «Қыран дала», т.б**/ 3. «Мен қазақпын» поэмасының тақырыбы /**Еліңе, туған жеріңе, өз ұлтыңа деген сүйіспеншілік**/ 4. «Мен қазақпын» поэмасы қашан жазылды, неше тараудан тұрады? /**1964 ж. 10 тарау**/ 5.Тұңғыш өлеңдер жинағы қашан шықты? /**1949 ж. «Жеңіс жырлары»**/ 6. Туған жерге соңғы рет қашан келді? / **1984 ж.**/ 7. «Мен қазақпын» поэмасында қандай тарихи оқиғаларды көрсетеді? 8. 1986 ж.қандай оқиға болды? 9. Жұбан сөзіне жазылған қандай әнді білеміз?

«Еділ мен Жайық» (хор).

Дәметкен ЖАНБАЙҚЫЗЫ,
№7 Есқайыр Халықов атындағы
орта мектептің мұғалімі.

Атырау облысы,
Жылыой ауданы,
Құлсары қаласы.

МІРЖАҚЫПТЫҢ «ОЯН, ҚАЗАҚ!» ЖИНАҒЫ

(11-сынып, жаратылыстану бағыты)

Сабақтың мақсаты: білімділік – қаламгер өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін кеңейту, ұлы тұлға өмір сүрген дәуір, тарихи, әлеуметтік жағдай, ақын өлеңдерінің идеясы туралы түсінік беру; **дамытушылық** – шығармашылықпен жұмыс істеуін, сөйлеу мәдениетін, ойлау шеберлігін, оқушылардың қоғамға деген өзіндік көзқарастарын дамыту; **тәрбиелік** – өз елінің тарихи тұлғаларын мақтаныш етуге, елін сүйуге, ұлтжандылыққа тәрбиелеу, ұлттық сана мен намысын қалыптастыру.

Көрнекілігі: ақын портреті, бүктемелер, интерактивті тақта, кесте, семантикалық карта. **Әдісі:** сұрақ-жауап, баяндау, талдау, салыстыру, топтық жұмыс. **Түрі:** жаңа оқу материалын меңгерту сабағы. **Пәнаралық байланыс:** тарих.

Сабақтың жүрісі.

Ұйымдастыру.

Оқушылардың сабаққа қатысын тексеру, оқушылардың зейінін сабаққа аудару.

Үй тапсырмасын сұрау және бекіту.

Өмірі және шығармашылығы (1, 2-кесте арқылы оқушы білімдерін толықтыру).

Талантты қаламгер М.Дулатовтың өмірдерек кестесі

Мерзімі	Өмірінен мәлімет
1838 жыл 25 қараша	Қостанай облысы, қазіргі Жангелдин ауданында дүниеге келген.
1897 жылы	Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесінде оқыды.
1902 жылы	Ауылда мұғалімдік қызмет атқарды.
1904 жылы	Омбы қаласында Ахмет Байтұрсынұлымен кездесті.
1906 жылы	Саяси күрескер, шабытты ақын ретінде Петербургке барды.
1907 жылы	«Серке» газетінде «Жастарға» өлеңі жарияланды.
1909 жылы	Алғашқы өлеңдер жинағы шықты.
1910 жылы	Қазан қаласында «Бақытсыз Жамал» романы басылып шықты.
1911 жылы	«Оян, қазақтың» екінші басылымы тәркіленіп, авторы түрмеге қамалды.
1913 жылы	Ахмет Байтұрсынұлымен бірге «Қазақ» газетін шығарды.
1914 жылы	«Азамат» жинағы қайта басылып шықты.
1915 жылы	«Терме» жинағы шықты.
1920 жылы	Ташкенттегі «Ақ жол» газетінде қызмет атқарды.
1922 жылы	Екі бөлімнен тұратын «Есеп құралы» оқулығы шықты, «Балқия» пьесасын жазды.
1926 жылы	Орынбордағы ағарту институтында оқытушы болды.
1928 жылы	Қазақ зиялыларымен бірге қамауға алынып, он жылға сотталды.
1935 жылы	Карелия түрмесінде қаза тапты.

Жаңа сабақ. Кіріспе сөз. XXғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Міржақып Дулатов – артына өлшеусіз зор рухани қазына қалдырған қаламгер. Оның шығармашылық мұрасы сан қырлы екенін 1-кестенің соңғы тапсырмасын орындау барысында көз жеткіземіз. Біз бүгінгі және келесі сабағымызда қаламгердің екі қырына ерекше тоқталып, білгендерімізді ортаға салмақпыз:

1. Ақындығы. «Оян, қазақ!» жинағы;
2. Прозасы. «Бақытсыз Жамал» романы.

Міржақыптың әдеби мұрасының қомақты бөлігін поэзиялық шығармалары құрайды. Тұңғыш жинағы

«Оян, қазақ!» 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрді. Жинақтың әлеуметтік маңызы зор, өз уақытында үлкен мәдени құбылыс ретінде отаршылдық езгіге қарсы батыр үн қосқан, халықты азаттыққа шақырған кітап болды. Жинаққа ақынның 1905-1908 жылдары жазылған өлеңдері енген. Бұл жинақтың Міржақыптың ақындық қалыптасуы мен халыққа танылуында айырықша рөлі бар.

«Оян, қазақ!» жинағына енген өлеңдерді тақырып бойынша топтастыру.

Халқын сүйген, оның халіне күйген азамат ақын	Дәстүрлі ағартушылық сарыннан өзгеше, қоғамдық шындықты жырлаған реалист ақын	Отаршылдық саясатты айыптаған, әлеуметтік-саяси себептер жайлы толғаған қайраткер ақын	Халықты өнер-білімге, мәдениетті ел болуға шақырған идеяшыл ақын	Шыншылдық сарындағы сатирик ақын
		«Қазақ халқының бұрынғы мағишаты», «Қазақ жерлері» «Таршылық халіміз хақында аз мүнәжат», «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі»	«Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта», «Қазақ халқына діни бір уағыз», «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға», «Насихат Гумумия»	«Қазақ рубасыларына», «Пасық байларға», «Атқамінер сұмдарға», «Сайлаулар хақында»

Тапсырма. 1,2-бөліктерді өз зерттеулері бойынша дәптерлеріне орындау.

Бекіту (Бүктемелерді пайдалана отырып орындалатын топтық тапсырмалар).

1. Жинақтағы беташар өлеңді мәнерлеп оқу (өлең идеясына, құрылысына талдау). 2. «Қазақ жерлері» өлеңін бүгінгі өмірмен байланыстыра түсіндіру, ақынның әлеуметтік-саяси себептері жайлы толғанысы. 3. Семантикалық картамен

жұмыс. 4. Абай мен Міржақып шығармаларының үндестігі.
Үйге тапсырма. 1. «Азамат», «Терме» жинақтарындағы табиғат көріністерін сипаттаған өлеңдері. 2. «Мұң», «Сырым», «Арманым» өлеңдерінің лирикалық кейіпкері. 3. Арнау үлгісіндегі өлеңі. 4. «Міржақып – азаттық жолындағы күрескер» (ойтолғау).



Айжан ДУЛАТОВА,
Алматы облысының
Сарқан ауданындағы
Шатырбай орта мектебінің
мұғалімі.

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ. БУЫН ҮНДЕСТІГІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: **білімділік** – оқушылардың тасымал, тасымалданбайтын сөздер туралы алған білімдерін пысықтай отырып, үндестік заңы, буын үндестігі туралы түсінік беру; **дамытушылық** – оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын, ой шақыра білуге, шығармашылық қабілетін дамытуға дағдыландыру; **тәрбиелік** – оқушыларды ізденімпаздыққа, шығармашылыққа, өз ойын айта білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: аралас. **Типі:** дәстүрлі. **Әдісі:** сын тұрғысынан ойлау, сатылай кешенді талдау, топтастыру. **Көрнекілігі:** кестелер, сызбалар, плакат. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, сызу.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру

- Сәлеметсіздер ме...

- Сабағымызды бастамас бұрын бір-бірімізге жылы тілектер айталық...

- Жақсы, күнделіктердің 4 пен 5-ке толсын! “Күнделік” сөзі қандай дыбыстан басталады? Олай болса, көркем, әдемі етіп жазайық !

II. Қызығушылығын ояту сатысы. Көркем жазу минуты.

“Адам – өз өмірінің суретшісі. Ол өмірді сырлап бояуға, оған ажар, түр беруге, оны әшекейлеп өрнектеуге еңбек етеді”. (Баубек Бұлқышұлы).

1. Ал, балалар, Баубек Бұлқышұлының бұл сөзін қалай түсінесіңдер? (Оқушыларды сөйлету)

2. Ал еңбек ету үшін, адамның ажарлы өмір сүруі үшін не керек деп ойлайсыңдар? (Ой)

Ендеше, бүгінгі сабағымызды ойлау сатыларынан бастаймыз.

III. Өткенді пысықтау:

1. Тасымал дегеніміз не?

2. Қандай сөздерді тасымалдауға болмайды?

IV. Жаңа сабақ.

Оқулықтың 131, 132-бетіндегі теориялық мәліметтер айтылады.

Буын үндестігі (сингармонизм)



Жуан буындар:

Бала-лар

Қала-лар

Қызыл-дау

Жіңішке буындар:

Әже-лер

Іні-лер

Тәлім-гер

V. Түсінігін тексеру. “Кітап – білім бұлағы”.

314-жаттығу.

VII. Серігу сәті.

1. Қолда буын көп пе, аяқта буын көп пе? (*аяқта*)

2. Шалға қарағанда балада не көп? (*а дыбысы*)

3. Аурудың жаманы не? (*жалқаулық*)

4. Қар жана ма? (*Қалауын тапса қар жанар*).

“Талдау – табыс кілті”.

Адам ақылды, қарапайым, әділетті, қайратты және мейірімді болуы керек. (*К.Паустовский*).

Асты сызылған сөздерге сатылай кешенді талдау жасау.

Ақылды

1. Жуан буынды сөз.

2. 3 буынды сөз: *а-қыл-ды*

V V V

А.б б.б а.б

3. *Ақыл-ды* болып бір жағдайда тасымалданады.

VII. Сабақты бекіту. Сөздерге қосымшалардың тиістісін жалғау.

Әділ (-дык/-дік; -ы/-і); тарих (-тың/-тің; -ы/-і); кінә (-лы/-лі; -ла/-ле); дәреже (-ға/-ге; -сы/-сі); мәжіліс (-та/-те; -тан/-тен); әдеп (-ті/-ты; -сыз/-сіз); адал (-дык/-дік); жазық (-ты/-ті); жиналыс (-та/-та; -тан/-тен).

VIII. Үйге тапсырма: 316-жаттығу.

Қарлығаш МҰСТАФИНА,
«Талшық» орта мектебінің мұғалімі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Ақжар ауданы,
«Талшық» ауылы.

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Шәкәрім бай мұрасының басым көпшілігі – поэзиялық шығармалар.

Көз жұмып «Көппен көрген – ұлы той» деп,
Береді бұл надандық кімге пайда?
(«Жастарға» өлеңінен)

Жылы-жылы сөз айтса,
Жылан інінен шығады.

Қатты сөзбен бет қайтса,
Надан дінінен шығады.
(«Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына сөз жазушыларға).

Еңбекке шыда, ебін тап та,
«Сабыр түбі – сары алтын».
«Өзімшіл болма, көпті ардақта, бәрі – өз халқың».
(«Анадан алғаш туғанымда»).

Бұл мақал-мәтелдерді Шәкәрім өз қалпында, тұлғасын өзгертпей қолданған. Ал кейбіреулерін өзінше өңдеп өзгерткен.

«Байдың малы бір жұттық» деген мақалды:

«Байдың малы болады бір торандық»,

Бәрінен адал еңбек еткен озар.

(«Жиырма үй менің көршім – Қарабатыр»).

«Ауруын жасырған ауырмай өледі» дегенді:

«Дерт жасырған ажалсыз өледі» деген.

«Өлімнен ұят күшті» дегенді:

Орынсызды істеуге өлгенше ұял,

«Ұят күшті өлімнен» дегендей-ақ.

«Еңлік-Кебек» поэмасында мақал-мәтелдер мынадай

қолданыста көрінеді:

«Сақтықта қорлық жүрмес» деген бар ғой,

«Сақтанбасаң артқыға сөз боларсың».

«Пәледен машайық та қашқан жоқ па?»

Қайтіп разы болайын берген уға?

«Иесімен ас тәтті» деп Еңлікті

Шақырып ап екеуі отырды жеп.

Матай да соқтыққан жоқ тіпті неге,

Мақал бар «Ел құлағы – елу» деген.

«Нартайлақ-Айсұлу» поэмасында:

«Болса да аузы қисық байдың ұлы»

Бақаның көп мал беріп қызын алған.

«Періште алтын көрсе жолдан таяр»,

Қу нәпсі мал көрген соң жеңді бойды.

«Тойындай жетім қыздың» деген бар ғой,
Зарлатып ертеңіне алып кеткен.

Кезінде өзі жинап баспаға әзірлеген, кейін баласы Ахаттың көшірмелерінде қалған оның 137 (жүз отыз жеті) мақал-мәтелі бар. Бұлар Ұлттық Ғылым Академиясының қолжазбалар қорында сақталған. Бірнеше мысалдар келтірейік.

Көп ойламаған дана болмас, көпті қорғамаған пана болмас. Адам ойға тоймас, бөрі қойға тоймас. Көнені керек етпесең, жаңа табылмайды. Байлауды керек етпесең, жара жазылмайды. Есептескен ел болмас, Аңдысқан ауыл болмас, Арбасқан дос болмас. Үлкеннің тілін кіші алып көрдің бе, жаман болғанын? Жаманның тілін жақсы алып көрдің бе, сірә, оңғанын? Кең болсаң, кем болмайсың, т.б.

Бұлардың ішінде халық мақалдары да, Шәкәрімнің өзі шығарған сөздері де бар.



Құттығыз ЖӘНІБЕКОВА,
№247 орта мектептің
мұғалімі.

Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы,
Бесарық бекеті.

«ЕҢЛІК-КЕБЕК» ПОЭМАСЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – Шәкәрім өмірі мен шығармашылығы бойынша алған білімдерін бекіту,

поэmanın эстетикалық, идеялық мәнін түсіне білуге дағдыландыру; **дамытушылық** – өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге төселдіру, әдеби-теориялық білімдерін дамыту; **тәрбиелік** – махаббат атты ұлы сезімді бағалауға, құрметтеуге үйрету, ата-ананы сыйлауға баулу.

Түрі: аралас, қорытынды сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, талдау, салыстыру, пікірлесу. **Көрнекілігі:** фишкі, топтың атауы, қима қағаздар, оқулық, кестелер.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру. Сыныпты 4 топқа бөліп алу. «Еңлік-Кебек» жайында не білеміз?

Сабақтың 2 сағаты болғандықтан жинақтаудан бастаймыз.

1-тапсырма.

1. Шығарманың басталуы. А тобына.
2. Шығарманың шиеленісуі. Ә тобына.
3. Шарықтау шегіне жетуі. Б тобына.
4. Қорытынды. В тобына.

2-тапсырма.

Топтың мүшелері шығарманың мазмұнын ашатын А өрпіне сәйкес сөздерді айтып шығады. Барлық топ мүшелері өз тобының аттарын осылай қорғайды.

3-тапсырма.

Дәптермен жұмыс.

А тобына. Кейіпкерлерге бес жолды өлеңмен талдау.

Ә тобына. Венн диаграммасын сызу. Қалқаман мен Кебекті, Еңлік пен Мамырды салыстыру.

Б тобына. Сөзжұмбақ құрастыру.

В тобына. «Махаббат трагедиясы» атты мәтінді әңгімелеу.

4-тапсырма.

Мәтінді баянда.

1-шумақтан беріледі, соның төңірегінде баяндайды.

*Еңлік, Кебек кеткен соң таң тағзы атты,
Күн шыққанша кемпір-шал тұрмай жатты.
Қойшы Еңлікті таба алмай іздеп-іздеп,
«Қызың қашып кетті» деп шалды оятты.*

*Жігіттер! Бұл өлеңді жазған мәнім,
Емес қой жастықпенен салған әнім.
Қас қайсы, қаза қайсы, таза қайсы,
Аларсың көп гибрат байқазаның.
Кебекпен мені аз гана арыздастыр,
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр.
Мына бала Тобықты баласы зой,
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр.*

*Нысан абыз қысылып батқан жерге,
Қарады да сөйледі Кебек ерге.*

*Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан,
Батырым ондай жанға көңіл бөлме.*

5-тапсырма.

Жылдар, сөз тіркестер сыр ашады. Шығармада кездесетін жылдар туралы айтып шығады.

А тобына. *Он бесінде аты шықты.*

1858 жыл. 1886 жылы әкесі Құдайберді дүние салады.

Ә тобына. *Бораннан байқай алмай.*

1905-1906 жылдары.

Б тобына.

Кебектен көз айырмады.

1909-1910 жылдары Шыңғыстау өңіріндегі Шақпақ деген жерден сая табады. Көптеген шығармаларын ақын осы кезде жазады.

В тобына.

Бүлдірмелік Матай мен Тобықтыны.

1917 жылы Шәкәрім әділет жолы деп ұғып, ел ішіне оралып, халқымен бірге болуға бекінеді. 1931 жылы 2 қазан күні үйінен ауданға бара жатқан бетінде жол үстінде 73 жасында қайтыс болды.

6-тапсырма.

«Мен – саған, сен – маған».

Төрт топ бір-біріне қарама-қарсы сұрақтар қойып шығады.

7-тапсырма.

«Болжау» жасау. Оқушының ой-пікірі. Еңлік-Кебек тірі, аман жүрсе олардың өмірі қандай болады деп ойлайсындар...

Сабакты қорытындылау. Поэмаға қатысты тест сұрақтарын беру.

Үйге тапсырма. «Шәкәрім – шебер суреткер» атты тақырыпқа шығарма жазу.

Топтың ортақ бағалау парағында жазылған ұпай саны ескеріліп, сол бойынша бағалары қойылады.

Бас редакторы – Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

Қазақ тілі мен әдебиеті» –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.

Корректоры – Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.

Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 06.11.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4160.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Бас редактордың қабылдау
бөлмесі және бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru.

Басылатын жері – «Хай Текнолоджи» полиграфиялық
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №11, 2012 ж., 144 бет, Алматы.